Технологический процесс делится на функциональные процессы выемки, транспортирования и первичной технологической переработки. В свою очередь функциональные процессы делятся на операции или функционально определенные элементы. Обозначив функциональные процессы и элементы операций технологического процесса добычи полезного ископаемого в качестве символов для машин, их механизмирующих, и установив условные обозначения видов связей между структурными элементами, можно составить структурные формулы средств механизации выемки, транспортирования и первичной технологической переработки ископаемого при различном сочетании функциональных машин, а также структурные формулы систем механизации [2].

Полученная подобным образом структурная систематизация, несомненно, упорядочивает и классифицирует все многообразие конструктивных решений средств механизации технологического процесса добычи полезного ископаемого.

Рассмотрим классификацию конвейерного транспорта с точки зрения функционального предназначения и конструктивного исполнения.

Анализ предназначения и конструктивного исполнения конвейеров позволяет выделить основной классификационный признак - функциональный, благодаря которому технологический процесс доставки груза конвейером можно разделить на части или операции, в каждой из которых действия практически однородны и являются, по существу, законченным этапом [3]. Соответственно, в работе конвейера можно

выделить следующие основные функциональные процессы: прием груза на погрузочном или перегрузочном пункте, его транспортирование на определенное расстояние и разгрузка / перегрузка в аккумулирующую емкость.

Каждый функциональный процесс выполняется обособленными конструктивными элементами конвейера комплексом обособленных конструктивных элементов, соответствующими друг другу по производительности, размерам или другим параметрам, позволяющим обеспечивать их взаимоувязку способствующим их эффективной и надежной работе. Совокупность этих конструктивных элементов – технических средств механизации и является системой механизации по выполнению технологического процесса по доставке груза - конвейером.

Например, прием груза пластинчатым конвейером осуществляется средством механизации, представляющим собой пластинчатое полотно, которое прикреплено к одной или двум тяговым цепям, находящимся в зацеплении с зубьями концевых звездочек, установленных на ставе конвейера. Транспортирование и разгрузка груза в данном случае осуществляются за счет перемещения средства механизации - тягового органа, состоящего из тяговых цепей, соединенных с пластинами полотна и получающих динамику от приводной станции конвейера.

В общей схеме технологического процесса доставки перечисленные средства могут быть объединены для работы в системе механизации путем наложения на них технологической, кинематической и конструктивной связей.

Технологическая связь предполагает логическую обусловленность выполнения процессов обособленными средствами механизации с несогласованными, как правило, режимными и силовыми параметрами. Другими словами, в системе механизации технологического процесса при реализации технологических связей, как правило, всегда имеется «узкое место», ограничивающее полную реализацию их потенциальных возможностей. Данная связь характеризуется необходимостью в процессе работы выполнять мероприятия по согласованию действий средств механизации во времени и по производительности. Согласование действий во времени направлено, главным образом, на организационные мероприятия по совмещению работы средств механизации с целью обеспечения возможно большего времени производительной работы каждого средства механизации. Производительность такой системы механизации определяется производительностью лимитирующего средства механизации в системе, т.е. того средства механизации, которое в данных условиях имеет наименьшую производительность.

Кинематическая связь между средствами механизации обуславливает согласованность их действий во времени еще при проектировании, поэтому необходимость в организационных мероприятиях по согласованию их действий отпадает. В системе с кинематической связью между средствами механизации их производительность подобрана одинаковой, но при изменении условий эксплуатации такое равенство может нарушаться. В этом случае производительность системы механизации в целом ограничивается производительностью лимитирующего средства механизации.

Конструктивная связь характеризуется согласованностью действий средств механизации как во времени, так и по производительности.

Выполним структурную систематизацию (классификацию) конвейеров как систем механизации, состоящих из средств механизации с учетом технологической, кинематической и конструктивной связей между ними.

В пределах каждого функционального процесса обозначим соответствующими символами средства, их механизирющие: функциональный процесс доставки груза D обеспечивается: P - принимающим, T - транспортным и R - разгрузочным средством механизации.

Связи между средствами механизации (структурными элементами) обозначим следующим образом: (-) – технологическая, (+) – кинематическая, (*) – конструктивная [3].

На основе принципа согласования, сочленения и совмещения структурных элементов, с учетом возможного их вырождения из базовой структурной формулы, представляющей согласование всех структурных элементов, можно получить 24 формальные структурные формулы для всего возможного конструктивного многообразия конвейерного транспорта по функциональному признаку (табл.2).

Каждая из классификационных таблиц содержит 7 групп и 4 вида средства механизации: индивидуальные средства механизации (I), комплекты средств механизации (II), комплексы (III-IV) и агрегаты (V-VII). Группы средств механизации имеют свои отличительные особенности. При этом каждая последующая группа отражает более высокую степень развития средств механизации по сравнению с предыдущей группой.

Полученные формулы определяют по существу структуру конвейера как системы механизации по функциональному признаку, причем базовой формулой данной структуры является формула 7, таблица 2, в которой выражены все функциональные средства механизации, входящие в конструкцию конвейера с учетом существующих связей между ними

$$D = P - T - R,$$

где: D - технологический процесс доставки груза; P - средство механизации приема груза; T - средство механизации транспортирования груза; R - средство механизации разгрузки груза.

Анализ данных, приведенных в таблице показывает, что бывают случаи, когда функциональный процесс содержит не все элементы. При отсутствии одновременно двух структурных элементов формулы имеют элементарный вид (т.е. процесс доставки производится только индивидуальными средствами механизации).

В целом, структурный анализ данных таблицы показывает, что совершенствование процесса механизации доставки конвейерным транспортом шло по пути создания вначале индивидуальных средств, выполняющих отдельные операции, затем – по пути объединения их для совместного действия методом наложения последовательно технологической, кинематической и конструктивной связей, при согласовании, сочленении и совмещении структурных элементов.

Таблица 2

Систематизация (классификация) конструктивного многообразия конвейерного транспорта по функциональному признаку

Принцип построения структурных формул	Согласование элементов						Базовая формула	Сочленение элементов						Совмещение элементов										
	с вырождением двух элементов			с вырождением одного элемента				с вырождением			с согласованием			всех	с вырождением			с согласованием			с сочленением		всех	
Структурные формулы	<i>P</i>	<i>T</i>	<i>R</i>	<i>P-T</i>	<i>P-R</i>	<i>T-R</i>	<i>P-T-R</i>	<i>P+T</i>	<i>P+R</i>	<i>T+R</i>	<i>P+T-R</i>	<i>P+R-T</i>	<i>P-T+R</i>	<i>P+T+R</i>	<i>P*T</i>	<i>P*R</i>	<i>T*R</i>	<i>P*T-R</i>	<i>P*R-T</i>	<i>P-T*R</i>	<i>P*T+R</i>	<i>P*R+T</i>	<i>P+T*R</i>	<i>P*T*R</i>
№ формулы	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24
Группы формул	I			II				III			IV			V			VI			VII				
Средства механизации	Функциональные			Комплекты средств механизации				Доставочные комплексы						Доставочные агрегаты										
Особенности средств механизации	Обособленные индивидуальные			Функционально неполной механизации				полные	Функционально неполной механизации			В комплексе с функциональными			полные	Функционально неполной механизации			В комплексе с индивидуальными			В комплексе с функциональными		полные

Кроме того, данные таблицы 2 позволяют сделать вывод, что развитие средств механизации процесса доставки груза конвейерами в настоящее время характеризуется формулами из II, IV, VI и VII групп средств механизации. Подавляющее большинство средств механизации работает в комплексах и комплексах и связано между собой: технологической связью, при которой возникает необходимость согласовывать их действия как по производительности, так и по времени или кинематической, при которой согласованность действий средств механизации во времени обусловлена еще при проектировании.

Дальнейшая классификация средств механизации доставки груза конвейерным транспортом должна придавать структурным формулам большей определенности в конструктивном отношении. Для этого символы структурных элементов в структурных формулах можно снабжать соответствующими индексами, а при необходимости указывать количественные значения определяющих данный функциональный процесс параметров средств механизации.


Пластинчатые конвейеры, как один из видов средств непрерывного конвейерного транспорта, как правило, классифицируют по назначению, конструкции настила и конфигурации трассы.

По назначению различают стационарные и передвижные пластинчатые конвейеры. В зависимости от конструкции настила, тяговой цепи и конфигурации трассы пластинчатые конвейеры делят на конвейеры общего назначения (вертикально замкнутые), изгибающиеся (с пространственной трассой) и специального назначения (эскалаторы, конвейеры с настилом сложного профиля и т.д.).

Наиболее широкое применение получили пластинчатые стационарные, вертикально замкнутые конвейеры с прямолинейными трассами, которые являются конвейерами общего назначения. Специальные пластинчатые конвейеры, в том числе и изгибающиеся с пространственной трассой, используют в горнорудной и угольной промышленности для транспортирования на дальние расстояния руды и угля.

Основные параметры изгибающихся пластинчатых конвейеров: радиусы горизонтальных поворотов для одноцепных конвейеров составляют 4-7,5 м, для двухцепных: 10-15 м.

Стандартная конструкция пластинчатого конвейера (рис.3) имеет став, на концах которого установлены звездочки: приводная - с приводом и натяжная - с натяжным устройством.



1 – пластинчатое полотно; 2 – тяговая цепь; 3 – приводная звездочка;
4 – натяжная звездочка; 5 – загрузочная воронка.

Рис. 3. Схема пластинчатого конвейера

Став пластинчатого конвейера изготавливается из угловой или швеллерной стали. Концевые части выполняют в виде отдельных рам для установки привода и натяжного устройства, среднюю часть – в виде отдельных секций из металлоконструкций длиной 4 - 6 м.

Тяговый орган конвейера представляет собой пластинчатое полотно, закрепляемое на ходовой части, состоящей из одной или двух тяговых цепей, находящихся в зацеплении с зубьями концевых звездочек. Скорость движения тягового органа может меняться в пределах 0,01-1,0 м/с.

В качестве тяговых цепей обычно используются втулочные, роликовые или круглозвенные пластинчатые цепи. Обычно конвейеры с шириной полотна более 400 мм имеют две тяговые цепи, с шириной полотна менее 400 мм – одну цепь. Опорными элементами втулочных и роликовых цепей служат стационарные роликовые опоры, закрепляемые на ставе конвейера, при использовании втулочно-катковых цепей на конвейерах тяжелых типов опорой для цепей служат ходовые катки на подшипниках качения.

Пластинчатое полотно является грузонесущим элементом и имеет различную форму в зависимости от характеристики транспортируемого груза: плоскую, волнистую или швеллерную конструкцию, состоящую из стальных или полиуретановых пластин. Пластины полотна крепятся на болтах, заклепках или сваркой к специальным уголкам, которые соединяются к пластинам тяговых цепей. Ширина пластинчатого полотна варьируется в пределах: 400-1600 мм. При ширине пластинчатого полотна 80-200 мм тяговая цепь может объединяться с пластинчатым полотном. Высота бортов полотна меняется в пределах 80-500 мм. Угол наклона полотна пластинчатого конвейера обычно составляет 35-60° и зависит от характеристики транспортируемого груза и типа полотна.

Привод пластинчатого конвейера состоит из приводных звездочек, редуктора и электродвигателя. На конвейерах, имеющих наклонный участок трассы, устанавливают стопорное устройство или электромагнитный тормоз. Мощные конвейеры большой производительности и длины обычно исполняются многоприводными.

Натяжные устройства, устанавливаемые на концевых звездочках, могут быть винтовыми или пружинно-винтовыми. Одна из звездочек натяжного устройства закрепляется на валу на шпонке, другая – свободно для возможности самоустановки по положению шарниров цепи.

Результаты. С учетом проведенной выше структурной систематизации средств конвейерного транспорта, стандартную конструкцию пластинчатого конвейера можно выразить следующей формулой:

$$D = P * T * P .$$

Как уже было отмечено выше, для придания структурным формулам большей определенности, структурные формулы необходимо снабжать соответствующими индексами, характеризующими количественные значения определяющих данный функциональный процесс параметров средств механизации.

Дальнейшая классификация средств механизации доставки груза конвейерным транспортом должна придавать структурным формулам большей определенности в конструктивном отношении [4]. Для этого

символы структурных элементов в структурных формулах можно снабжать соответствующими индексами, а при необходимости указывать количественные значения определяющих данный функциональный процесс параметров средств механизации.

Структурная формула пластинчатого наклонного конвейера ПКН-140, предназначенного для транспортирования крупнокусковой скальной горной массы по сложным криволинейным трассам будет иметь следующий вид:

$$D = P_{Cm}^{1400} * T_{TO}^{0,7} * P_{УМП}^{760},$$

где: Cm – ширина става/полотна конвейера, 1400 мм; TO – диапазон изменения скорости движения тягового органа, 0...0,7м/с; $УМП$ – установленная мощность привода, 760 кВт (4 приводных блока по 190 кВт).

В случае выполнения конструкции конвейера ПКН-140 по двухконтурной схеме с нижним тяговонесущим и верхним тягоподдерживающим контурами структурная формула данной модели приобретет вид:

$$D = P_{Cm}^{2 \times 1400} * T_{TO}^{1,4} * P_{УМП}^{2 \times 760}.$$

Опытно-промышленный образец серийного угольного конвейера П80 – одноцепноймногоприводной пластинчатый конвейер П-80К применялся на открытых разработках в условиях Качканарского ГОКа (Россия). Структурную формулу данного конвейера можно представить в виде:

$$D = P_{Cm}^{800} * T_{TO}^{0,8-1,2} * P_{УМП}^{170}.$$

Для пластинчатого конвейера фирмы «Aumund», эксплуатируемого на Паттрэгских металлических рудниках (Германия) и предназначенного для транспортирования особо тяжелых грузов, формула приобретет следующий вид:

$$D = P_{Cm}^{640-800} * T_{TO}^{0,4} * P_{УМП}^{16}.$$

Имеющий большую длину (2017 м) пластинчатый конвейер, установленный на шахте «Хьюдингейт» (Англия), оснащенный 10-ю промежуточными приводами и со средней производительностью 270 т/ч можно описать следующим образом:

$$D = P_{Cm}^{800} * T_{TO}^{0,8} * P_{УМП}^{1600}.$$

Выводы. Таким образом, представленная структурная систематизация (классификация) конвейерного транспорта, придание каждой конструкции конвейера структурной формулы, характеризующей эксплуатируемые модели количественными значениями параметров средств механизации, определяющих данный функциональный процесс позволяет:

- упорядочить все конструктивное разнообразие применяемого конвейерного транспорта по функциональному признаку;

- определять место и роль каждого конвейера в такой сложной иерархической системе, как производственный процесс, с учетом существующих функциональных связей между средствами механизации в совокупности являющихся системой механизации по выполнению технологического процесса по доставке груза - конвейером;

- осуществлять выбор на основе сравнения наиболее приемлемой для данных условий эксплуатации структурной схемы, а также определять пути дальнейшего развития конвейерного транспорта в конструктивном и технологическом плане [5].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Солод, Г.И. Управление качеством горных машин [Текст] / Г.И. Солод, Я.М. Радкевич. - М.: МГИ, 1985. - 92 с.
2. Солод, Г.И. Оценка качества горных машин [Текст]: учебное пособие / Г.И. Солод. - М.: МГИ, 1978. - 72 с.
3. Солод, Г.И. Основы квалитетрии [Текст]: учебное пособие / Г.И. Солод. - М.: МГИ, 1991. - 84 с.
4. Данияров, Н.А. Структурный анализ средств и систем механизации технологического процесса подземной разработки руд [Текст] / Н.А. Данияров // Актуальные проблемы горно-металлургического комплекса Казахстана: труды МНПК КарГТУ. – Караганда: КарГТУ, 2007. - С.121-124.
5. Жалгасбеков, А.З. Структурное строение и классификация средств механизации процесса добычи руд самоходным оборудованием [Текст] / А.З. Жалгасбеков, Н.А. Данияров, Б.Ж. Хамитова, И.Ю. Гриб // Наука и образование - ведущий фактор стратегии «Казахстан-2030»: труды МНПК КарГТУ. – Караганда, 2007. - С.139-141.

Материал поступил в редакцию 06.04.20.

**Т.Б. Сулейменов¹, М.М. Маханов¹, А.З. Жалгасбеков¹,
Н.А. Данияров², Ә.К. Келисбеков³**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²"Қазақмыс Корпорациясы" ЖШС, Қарағанды, Қазақстан

³Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан

ҮЗДІКСІЗ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЖІКТЕУ (ЖҮЙЕЛЕУ) ТУРАЛЫ

Ғылыми зерттеулер жүргізгенде жобаланатын және пайдаланылатын жабдықтардың және технологиялардың жіктеу (жүйелеу) мәселелері әрқашанда алдында болуы тиіс. Осы сұрақтардың талдау негізінде тиімді технологиялық және конструктивтік шешімдерді іздеу жұмыстары жүзеге асырылады. Белгілінген кезендер яғни операциялар өзара бір байланыс түрлерімен байланысқан: технологиялық, конструктивтік немесе кинематикалық, олар жүйелерді және механикаландыру құралдарды уақыт және өнімділігі бойынша келісуі қажеттілігі сипаттанады. Осылайша өткізген жіктелуі конструкциялық және технологиялық шешімдерді реттеу мүмкіндігі береді, функционалдық процессті және т.б. айқындайтын сандық мәндері бар құралдардың параметрлері бар әрбір конструкцияны құрылымдық формуламен реттеп жазуға болады.

Тірек сөздер: сыныптамасы, технологиялық процесс, конструкциялар, функционалдық белгісі, операциялар, механикаландыру құралдары мен жүйелері, технологиялық, кинематикалық және конструктивтік байланыстар.

T.B. Suleimenov¹, M.M. Makhanov¹, A.Z. Zhalgasbekov¹,
N.A. Daniyarov², A.K. Kelisbekov³

¹*EvrAsian National University named after L.N. Gumilev, Nur-Sultan, Kazakhstan*

²*TOO Kazakhmys Corporation, Karaganda, Kazakhstan*

³*Karaganda State Technical University, Karaganda, Kazakhstan*

ON THE CLASSIFICATION (SYSTEMATIZATION) OF MEANS OF CONTINUOUS TRANSPORT

The issues of classification (systematization) of designed and developed equipment and technologies should always precede scientific research and are an analysis of these works, on the basis of which the most effective technological and design solutions are found. The identified stages or operations are connected to each other by certain types of connections: technological, structural or kinematic, characterized by the need to coordinate the actions of mechanization tools (systems) in time and productivity. The classification carried out in this way allows to a certain extent to organize the variety of structural and technological solutions, to describe each structure with a structural formula with quantitative values of parameters of mechanization means, which determine this functional process, etc.

Keywords: classification, technological process, structures, functional feature, operations, means and systems of mechanization, technological, kinematic and structural connections.

ӨОЖ 621.87.068-675.03

Б.А. Қойайдаров¹, Н.Д. Абильдаева², А.А. Қойайдаров³

¹*Техн. ғылымдарының канд., доцент,* ²*Магистр, аға оқытушы,* ³*Студент*
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ЖЕКЕ ЖҮКТЕРДІ ЖЫЛЖЫТУҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЛЫ ТАСПАЛЫ ҚҰРЫЛЫМ

Өндірістік қоймалық жұмыстардың операцияларын орындауға көпфункционалы жылжымалы таспалы тасымалдайтын құрылым ұсынылды. Мұндай құрылымның біреуімен немесе бірнешеуімен тез арада қажетті тасымалдау схемасын құруға болады. Осы құрылымның көмегімен жеке жүктерді қойманың сөрелеріне және көлікке инерциялық жылжытумен тиеу әдісі ұсынылды.

Тірек сөздер: жүк, қойма, стеллаж, сөре, таспа, құрылым, жылжыту, жылдамдық.

Өндірістегі жүк айналымының өсуі өндірістік жүктерді тиеу-түсіру, тасымалдау, жинау жұмыстарын механикаландыруды талап етеді. Өндірістік жүктермен жұмыс жасауды механикаландыру өндірістің жұмыс өнімділігі мен техникалық және мәдени деңгейін көтерудің басты бағыттарының бірі [1-3].

Сыртқы және ішкі жүк лектері, әсіресе, жеңіл өнеркәсіп зауыттары мен фабрикаларында үлкен [1]. Бұл өндірістерде сыртқы жүк легінде қорапталған, топталған, тюктелген жеке жүктермен жұмыс жасалады.

Алайда, жеңіл өнеркәсіп мекемелерінде жеке жүктерді тиеу-түсіру, тасымалдау, жинау жұмыстарының операциялары әлі де толық механикаланбаған, көптеген операцияларға тиімділігі төмен техникалар қолданылады [1].

Осыған байланысты, жеңіл өнеркәсіп мекемелеріндегі жеке жүктерді тиеу-түсіру, тасымалдау, жинау жұмыстарын тиімді орындау мақсатында мыналар ұсынылады:

- жүкті инерциялық әдіспен жылжыту, мысалы, қойма стеллажының сөрелерін жүкпен толтыруда, жүкті көлікке тиеуде;

- жеке жүктерді горизонталь және көлбеу бағыттарда әртүрлі жылдамдықпен түрлі биіктікте жылжытуға, жүк жүргізу жолы өзгеретін, көпфункционалы жылжымалы таспалы тасымалдайтын құрылым.

Жүкті ұсынылған әдіспен жылжыту үшін тиейтін құрылым оны жылдамдыққа келтіріп жібереді. Сонда, стеллаждың сөресіне немесе көліктің платформасына жылдамдықпен түскен жүк инерция күшінің әрекетімен біраз жерге өзі жылжып барады. Жылжу жолы жүктің бастапқы жылдамдығына тәуелді.

Жүктің инерциялық жылжуының екі түрін қарастырайық.

1. Жүк горизонталь тегіс бетпен сырғанап жылжиды. Ауаның кедергісі ескерілмейді. Сонда, жүктің кинетикалық энергиясы үйкеліс күшінің жұмысына кетеді

$$\frac{m_r \cdot V_H^2}{2} = m_r \cdot g \cdot f \cdot x, \quad (1)$$

мұнда: V_H – жүктің бастапқы жылдамдығы, м/с; m_r – жүктің массасы, кг; $g = 9,81 \text{ м/с}^2$ – ауырлық күшінің үдеуі; f – жүк пен бағыттайтын беттің арасындағы үйкеліс коэффициенті; x – жүктің сырғу жолы, м.

Жүкті сырғу жолына (x) жеткізетін бастапқы жылдамдығы (V_H) (1) формуладан анықталады

$$V_H = \sqrt{2 \cdot g \cdot f \cdot x}. \quad (2)$$

2. Жүк горизонталь роликті бетпен жылжиды. Роликтер еркін айналады. Ауаның кедергісі ескерілмейді. Роликті беттің қарсылық күші келесі формуламен анықталады [2]

$$F_C = (m_r + z \cdot m_p) \cdot g \cdot \frac{f_{II} \cdot d}{D} + m_r \cdot g \cdot \frac{2 \cdot \mu}{D}, \quad (3)$$

мұнда: m_r – роликтің айналатын бөлігінің массасы, кг; z – жүктің астындағы роликтер саны; f_{II} – роликтің подшипниктеріндегі үйкеліс коэффициенті; μ – домалау үйкелісінің коэффициенті; d – ролик цапфасының диаметрі; D – ролик диаметрі.

Жүктің кинетикалық энергиясы роликті беттің қарсылық күшінің жұмысына кетеді

$$\frac{m_r \cdot V_H^2}{2} = F_C \cdot x. \quad (4)$$

Жүкті сырғу жолына (X) жеткізетін бастапқы жылдамдығын (V_H) (4) формуладан табуға болады, (3) формуланы ескеріп

$$V_H = \sqrt{\frac{2 \cdot x}{m_T} \cdot \left[(m_T + z \cdot m_p) \cdot g \cdot \frac{f_{II} \cdot d}{D} + m_T \cdot g \cdot \frac{2 \cdot \mu}{D} \right]}. \quad (5)$$

Сонымен, жүкті қандайда бір қашықтыққа инерциямен сырғытып жылжыту үшін тасымалдайтын құрылым оны қажетті бастапқы жылдамдықпен жеткізу керек. Бұл жұмысты ұсынылған көпфункционалы таспалы тасымалдайтын құрылым орындайды.

Ұсынылған тасымалдайтын құрылыммен жүкті жылжитқанда, таспаның бетіндегі жүк оның жылдамдығына уақыт өте жетеді. Сондықтан, тасымалдайтын құрылымның ұзындығы жүкті таспаның жылдамдығына жеткізуге жеткілікті болу керек. Бұл мәселені шешу үшін, жүктің таспалы тасымалдайтын құрылымның үстіндегі қозғалыс заңын білу керек.

Ұсынылған таспалы тасымалдайтын құрылым жүкті горизонталь жолмен немесе көлбеу жолмен жоғары қарай немесе төмен қарай жүргізе алады. Сондықтан, жүкті жылдамдыққа келтірудің үш жолын қарастырамыз.

1. Жүкті горизонталь жолмен жылдамдыққа келтіру. Жүктің жылдамдығы үлкен болмайтындықтан ауаның кедергісі ескерілмейді. Сонда таспалы тасымалдайтын құрылымның үстіндегі жүкке келесі күштер түседі:

G – жүктің ауырлық күші;

F_f – жүк пен таспа арасындағы үйкеліс күші;

F_u – жүктің инерция күші.

Сондықтан, жүкті жылжитатын таспаның бетіне параллель өске қатысты жүктің дифференциальды қозғалыс теңдеуі келесі түрде жазылады

$$m_T \cdot \frac{dV}{dt} = f \cdot m_T \cdot g,$$

мұнда: m_T – жүктің массасы, кг; f – жүк пен таспаның арасындағы үйкеліс коэффициенті.

Дифференциальды теңдеуді интегралдап жүктің жылдамдығының теңдеуі алынады

$$V = f \cdot g \cdot t + V_0, \quad (6)$$

мұнда V_0 – жүктің бастапқы жылдамдығы.

(6) теңдеуді интегралдау арқылы жүктің таспа үстіндегі қозғалыс теңдеуі алынады

$$x = f \cdot g \cdot \frac{t^2}{2} + V_0 \cdot t + x_0, \quad (7)$$

мұнда x_0 – қозғалыстың басындағы, барабанның өсінен жүктің ауырлық центріне дейінгі қашықтық.

Бұл формуламен жүктің жеке уақыттардағы таспа үстіндегі орнын анықтауға болады.

(6) формуладан жүктің жылдамдығының таспа жылдамдығына теңесетін уақытын анықтауға болады

$$t_V = \frac{V_{II} - V_0}{f \cdot g}, \quad (8)$$

мұнда V_{II} – таспаның жылдамдығы.

(8) формуланы (7) формулаға қайып, таспалы тасымалдайтын құрылымның жүкті таспаның жылдамдығына жеткізетін ұзындығын анықтауға болады

$$l_p = \frac{V_x^2 - V_0^2}{2 \cdot f \cdot g} + x_0. \quad (9)$$

Таспалы тасымалдайтын құрылымның геометриялық ұзындығы оның жылдамдыққа жеткізетін ұзындығынан үлкен болу керек

$$l_T = k \cdot l_p, \quad (10)$$

мұнда $k=1,2$ – сақтық коэффициенті.

2. Жүкті жоғары қарай көлбеу жолмен жылдамдыққа келтіру. Таспа үстіндегі жүкке түсетін күштер.

$G = m_T \cdot g$ – жүктің ауырлық күші;

$F_f = f \cdot m_T \cdot g \cdot \cos \alpha$ – жүк пен таспа арасындағы үйкеліс күші;

$F_U = m_T \cdot \frac{dV}{dt}$ – жүктің инерция күші.

Жүктің таспа бетімен қозғалысының дифференциальды теңдеуі

$$m_T \cdot \frac{dV}{dt} = m_T \cdot g(f \cdot \cos \alpha - \sin \alpha).$$

Интегралдау арқылы жүктің таспа үстіндегі жылдамдығының теңдеуін аламыз

$$V = g \cdot (f \cdot \cos \alpha - \sin \alpha) \cdot t + V_0, \quad (11)$$

мұнда α – таспалы тасымалдайтын құрылымның көлбеу бұрышы.

(11) теңдеуді интегралдау арқылы жүктің таспа үстіндегі қозғалыс теңдеуін аламыз

$$x = g \cdot (f \cdot \cos \alpha - \sin \alpha) \cdot \frac{t^2}{2} + V_0 \cdot t + x_0. \quad (12)$$

(11) теңдеуден жүктің таспаның жылдамдығына жететін уақытын анықтаймыз

$$t_V = \frac{V_x - V_0}{g \cdot (f \cdot \cos \alpha - \sin \alpha)}. \quad (13)$$

(13) формуланы (12) формулаға қойып жүкті таспаның жылдамдығына жеткізетін тасымалдайтын құрылымның ұзындығын табамыз

$$l_p = \frac{V_x^2 - V_0^2}{2 \cdot g \cdot (f \cdot \cos \alpha - \sin \alpha)} + x_0. \quad (14)$$

Таспалы тасымалдайтын құрылымның геометриялық ұзындығын (10) формуламен анықтайды.

Тасымалдайтын құрылымның көлбеулік бұрышы жүк пен таспа арасындағы үйкеліс бұрышынан аспау керек

$$\alpha < \arctg f. \quad (15)$$

3. Жүкті төмен қарай көлбеу жолмен жылдамдыққа келтіру. Жүктің таспа үстіндегі қозғалысының дифференциальды теңдеуі

$$m_T \cdot \ddot{\chi} = F_f + G \cdot \sin \alpha,$$

мұнда: $F_f = f \cdot m_T \cdot g \cdot \cos \alpha$ – жүк пен таспа арасындағы үйкеліс күші;

$G = m_T \cdot g$ – жүктің ауырлық күші.

Сонда дифференциальды теңдеу келесі түрге келеді

$$\ddot{\chi} = g \cdot (f \cdot \cos \alpha + \sin \alpha).$$

Интегралдаудан кейін жүктің таспа үстіндегі қозғалысының жылдамдық теңдеуі алынады

$$V = g \cdot (f \cdot \cos \alpha + \sin \alpha) \cdot t + V_0. \quad (16)$$

Осы теңдеуді интегралдау арқылы жүктің таспа үстіндегі қозғалыс теңдеуі алынады

$$x = g \cdot (f \cdot \cos \alpha + \sin \alpha) \cdot \frac{t^2}{2} + V_0 \cdot t + x_0. \quad (17)$$

Жүктің таспаның жылдамдығына жету уақытын (16) формуладан анықтайды

$$t_V = \frac{V_a - V_0}{g \cdot (f \cdot \cos \alpha + \sin \alpha)}. \quad (18)$$

(18) формуланы (17) формулаға қойып жүкті таспаның жылдамдығына жеткізетін тасымалдайтын құрылымның ұзындығын анықтайды

$$l_p = \frac{V_a^2 - V_0^2}{2 \cdot g \cdot (f \cdot \cos \alpha + \sin \alpha)} + x_0. \quad (19)$$

Таспалы тасымалдайтын құрылымның геометриялық ұзындығын (10) формуламен анықтайды.

Ұсынылған таспалы тасымалдайтын құрылымды төмен қарай көлбеу қалпында жүкті таспамен тасымалдайтын конвейер түрінде немесе тегіс бетті құлама сапасында пайдалануға болады. Бірінші жағдайда тасымалдайтын құрылымның көлбеулік бұрышы (15) формула бойынша анықталады.

Екінші жағдайда, тасымалдайтын құрылымның көлбеулік бұрышы жүк пен таспа арасындағы үйкеліс бұрышынан үлкен болады.

Таспалы тасымалдайтын құрылымды тегіс бетті құлама сапасында пайдаланғанда жетек іске қосылмайды, жүк қозғалмайтын таспаның бегімен сырғанап жылжиды немесе еркін қозғалатын таспамен бірге жылжиды.

Жоғары қарай көлбеуленген тасымалдайтын құрылымның жүкті таспаның жылдамдығына келтіретін ұзындығы үлкен болады.

Ұсынылған жылжымалы таспалы тасымалдайтын құрылым тез арада жүк тасымалдау схеманы құруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұндай құрылымдармен тиеу-түсіру, тасымалдау, жинау жұмыстарының көптеген операцияларын орындауға болады. Бұл қажетті машиналар санын азайтады және қол жұмыстарын қысқартады.

Қорытынды:

1) Ұсынылған көпфункционалы жылжымалы таспалы тасымалдайтын құрылымды өндіріс шартына арнап синтездеуге мүмкіндік беретін есептеу әдістемесі құрылды;

2) Бірнеше ұсынылған таспалы құрылымдарды біріктіру арқылы тез арада әртүрлі жүк тасымалдау схемаларын құрып тиеу-түсіру, тасымалдау, жинау жұмыстарының көптеген операцияларын орындауға болады;

3) Ұсынылған құрылым жүкті тасымалдау және жылдамдыққа келтіру режимдерінде, тегіс бетті құлама сапасында жұмыс жасай алады;

4) Жеке жүктерді қойманың сөрелеріне және көлікке инерциялық жылжыту әдісімен тиеу ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Эрлих, В.Д. Механизация погрузочно-разгрузочных, транспортных и складских работ в легкой промышленности [Текст] / В.Д. Эрлих, М.Д. Кабзон. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1984.
2. Лапкин, Ю.П. Перегрузочные устройства [Текст]: справочник / Ю.П. Лапкин, А.Р. Малкович. – Л.: Машиностроение, 1984.
3. Лысяков, А.Г. Вспомогательное оборудование для перемещения грузов [Текст] / А.Г. Лысяков. – М.: Машиностроение, 1989.

Материал редакцияға 16.03.20 түсті.

Б.А. Койайдаров, Н.Д. Абильдаева, А.А. Койайдаров

Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

**ПЕРЕДВИЖНОЕ ЛЕНТОЧНОЕ ТРАНСПОРТИРУЮЩЕЕ УСТРОЙСТВО
ДЛЯ ПЕРЕМЕЩЕНИЯ ШТУЧНЫХ ГРУЗОВ**

Предложен расчет инерционного перемещения груза при помощи многофункционального передвижного ленточного транспортера для перегрузочных операций складов производства. Предложенный способ перемещения груза можно использовать, например, при заполнении полок стеллажей и при погрузке грузов на транспорт, что уменьшает объем ручных работ. Предложенный ленточный транспортер позволяет быстро, без дополнительных устройств компоновать перегрузочные схемы для выполнения ПРТС – работ в любой точке территории предприятия.

Ключевые слова: груз, склад, стеллаж, полка, лента, устройство, перемещение, скорость.

B.A. Koiaidarov, N.D. Abildayeva, A.A. Koiaidarov

Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

MOBILE BELT CONVEYOR DEVICE FOR TRANSPORTING UNIT LOADS

The inertial movement of cargo using a multifunctional mobile conveyor belt for handling operations of warehouses of textile enterprises is proposed. The proposed method for moving cargo can be used, for example, when filling shelves of rack and when loading goods onto vehicles, which reduces the amount of manual work. The proposed conveyor

belt allows you to quickly, without additional devices, compose loading schemes to perform PRTS - work on any point in the enterprise.

Keywords: cargo, moving, loading, warehouse, transshipment, belt, conveyor, speed.

REFERENCES

1. Ehrlich V.D., Kobzon M.D. Mechanization of loading and unloading, transport and warehouse operations in light industry. Moscow: Light and food industry, 1984 [in Russian].
2. Lapkin Yu.P., Malkovich A.R. Reloading devices. L.: Mashinostroenie, 1984 [in Russian].
3. Lysyakov A.G. Auxiliary equipment for moving cargo. Moscow: Mashinostroenie, 1989 [in Russian].

ӘОЖ 621.9.06

Б.А. Қойайдаров¹, Н.Ж. Сапарова², А.А. Қойайдаров³

¹Техн. ғылымд. канд., доцент, ²Магистр, оқытушы, ³Студент
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАРҒА РЕТТЕЛЕТІН
МЕХАНИКАЛЫҚ ЖЕТЕК**

Технологиялық машиналардың басты білігінің айналым санын кең арнада сатыламай өзгертуге қабілетті реттелетін механикалық жетек ұсынылған және оны синтездеу әдістемесі құрылған.

Тірек сөздер: жетек, білік, машина қорап, айналым саны, реттеу.

Көптеген технологиялық машиналарда, мысалы, металл кесетін станоктарда [1], басты біліктің айналым саны орындалатын технологиялық операцияның талабына қарай белгілі бір арнада өзгертіледі. Машинаның басты білігінің айналым санын белдікті берілістің шкивтерін немесе тісті берілістің шестерналарын ауыстыру арқылы, жылдамдық қорабының көмегімен, кейде механикалық вариатор мен редукторды қосарлау арқылы өзгертеді.

Бұл әдістер машина білігінің айналым санын сатылап өзгертеді. Механикалық вариаторды редуктормен немесе басқа механикалық беріліспен, мысалы, шынжырлы беріліспен қосарлау арқылы машинаның білігінің айналым санын кең арнада өзгерте алмайды, сондықтан мұндай жетекті жалпылама пайдалана алмайды.

Технологиялық машинаның басты білігінің айналым санын сатылап реттеумен жұмысшы тетікке керек жылдамдықты барлық кезде бере алмайды, бұл технологиялық операцияның орындалу сапасына және машинаның жұмыс өнімділігіне әсер етеді. Машина жетегінің бөлшектерін ауыстыру әдісімен реттеуде машина жұмыс жасамай тоқтап тұрады.

Осыған байланысты, технологиялық машиналарға реттелетін, құрылысы өзгермейтін, басты біліктің айналым санын керек арнада сатыламай өзгертетін, жеңіл реттелетін механикалық жетек ұсынылады.

Бұл жұмыста, ұсыныстағы әдістің [2] негізінде, реттелетін механикалық жетектің схемасы және оны синтездеу әдістемесі құрылды.

Машинаның басты білігінің айналым санын белгілі бір арнада өзгертеді

$$D_M = \frac{n_{\max}}{n_{\min}}, \quad (1)$$

мұнда: n_{\max} - біліктің үлкен айналым саны, айн/мин; n_{\min} - біліктің кіші айналым саны, айн/мин.

Жетектегі электроқозғалтқыштың айналым саны тұрақты $n_{\partial e} = const$.

Сонда машина жетегінің беріліс қатынасы келесі аралықта өзгереді

$$U = U_{\min} \div U_{\max},$$

мұнда: $U_{\min} = \frac{n_{\partial e}}{n_{\max}}$ - төменгі беріліс қатынасы; $U_{\max} = \frac{n_{\partial e}}{n_{\min}}$ - жоғарғы беріліс

қатынасы.

Реттелетін механикалық жетектің беріліс қатынасы осы аралықта сатыланбай реттеледі. Біліктің айналым санын сатыламай реттеуді механикалық вариатор орындайды.

Реттелетін механикалық жетекке, басқа механикалық вариаторлардан артықшылықтары болғандықтан, сына белдікті вариаторды таңдаған тиімді болады [3].

Реттелетін механикалық жетекте сына белдікті вариатордың жетекші білігі электроқозғалтқыштың білігімен қосылады.

Сына белдікті вариатордың беріліс қатынасы келесі аралықта сатыланбай өзгереді

$$U_b = U_{b \min} \div U_{b \max} = 1 \div D_e, \quad (2)$$

мұнда: D_e - вариатордың реттеу арнасы.

Реттелетін механикалық жетектің схемасы технологиялық машина мен вариатордың жылдамдықтар арналарының қатынасына тәуелді болады:

1. $\frac{D_M}{D_e} \leq 1$ - жетек тек сына белдікті вариатордан тұрады.
2. $\frac{D_M}{D_e} > 1$ - жетек сына белдікті вариатордан және жылдамдық

қорабынан тұрады.

Екінші жағдайда вариатордың жетектегі білігі жылдамдықтар қорабының жетекші білігімен, ал оның жетектегі білігі технологиялық машинаның басты білігімен қосылады.

Машинаның басты білігінің айналым санының өзгеру арнасы жылдамдықтар қорабының көмегімен вариатордың реттеу арнасы қамтитындай аралықтарға бөлінеді.

Машина білігінің айналым санын вариатор сатыламай реттейтін, жылдамдықтар қорабымен алынатын жылдамдықтар аралықтарының саны келесі формуламен анықталады [2]

$$i \geq \frac{\ln D_M}{\ln D_g}, \quad (3)$$

мұнда: D_M - машинаның басты білігінің айналым санының өзгеру арнасы;
 D_g - сына белдікті вариатордың реттеу арнасы.

Жылдамдықтар қорабының жылдамдықтар аралықтарын құратын сатылар саны

$$i_k = i - 1. \quad (4)$$

Жылдамдықтар қорабының әр сатысының беріліс қатынастары:

$$U_1 = 1,0 - 1\text{-ші тісті беріліс};$$

$$U_2 = D_g - 2\text{-ші тісті беріліс}. \quad (5)$$

Жылдамдықтар аралықтарына жылдамдық қорабының беріліс қатынастары:

$$1\text{-ші аралық} - U_{k_1} = U_1^{i_k} = 1,0.$$

$$2\text{-ші аралық} - U_{k_2} = U_2.$$

$$3\text{-ші аралық} - U_{k_3} = U_2^2. \quad (6)$$

$$i\text{-ші аралық} - U_{k_i} = U_2^{i_k}.$$

1-ші аралықта машинаның басты білігінің айналым санын $n_1 = n_{ог} = n_{\max}$ -ден $n_2 = \frac{n_{ог}}{D_g}$ айн/мин дейін вариатор сатыламай өзгертеді. Бұл

кезде жылдамдықтар қорабының барлық сатылары беріліс қатынастары бірдей ($U_1 = 1$) 1-ші тісті берілістерге қосылған, сондықтан оның жалпы беріліс қатынасы бірге тең болады

$$U_{k_1} = U_1^{i_k} = 1,0.$$

Жылдамдықтардың екінші аралығына көшу үшін жылдамдықтар қорабының 1-ші сатысын жылжитын шестерналы блок арқылы, беріліс қатынасы $U_2 = D_g$, 2-ші тісті беріліске қосады, ал басқа сатылары 1-ші тісті берілісте қалады. Бұл кезде жылдамдықтар қорабының беріліс қатынасы келесідей болады

$$U_{k_2} = U_2 \cdot U_1^{i_k-1} = D_g \cdot 1 = D_g.$$

Сондықтан, машинаның басты білігінің айналым санын вариатор мен жылдамдықтар қорабы $n_3 = \frac{n_{ог}}{U_{k_2}}$ -ден $n_4 = \frac{n_{ог}}{D_g \cdot U_{k_2}}$ айн/мин дейін сатыламай

өзгертеді.

Егер, жылдамдықтардың 3-ші аралығына 2-ші аралықтан кейін көшетін болса, онда жылдамдықтар қорабының 2-ші сатысын, беріліс қатынасы $U_2 = D_g$, 2-ші тісті беріліске ауыстырады, ал одан кейінгі сатылар 1-ші тісті берілісте қалады. Бұл жағдайда жылдамдықтар қорабының беріліс қатынасы келесідей болады

$$U_{k_3} = U_2^2 \cdot U_1^{i_k-2} = U_2^2 \cdot 1 = U_2^2.$$

Сондықтан, вариатор мен жылдамдықтар қорабы машинаның басты білігінің айналым санын $n_5 = \frac{n_{ос}}{U_{k_3}}$ -ден $n_6 = \frac{n_{ос}}{D_6 \cdot U_{k_3}}$ айн/мин дейін сатыламай өзгертеді.

Сонымен, жылдамдықтардың келесі аралығына көшу үшін жылдамдықтар қорабының кезектегі сатысын, беріліс қатынасы $U_2 = D_6$, 2-ші тісті беріліске ауыстырып, одан кейінгі сатыларды 1-ші тісті берілісте қалдыру керек.

Бұл кездегі жылдамдықтар қорабының беріліс қатынасы келесідей болады

$$U_{k_z} = U_2^{z-1}, \quad (7)$$

мұнда: z – машинаның басты білігінің жылдамдықтар аралығының реттік нөмірі; U_2 – 2-ші тісті берілістің беріліс қатынасы.

Ұсынылған реттелетін механикалық жетекті бірден жылдамдықтардың керек аралығына келтіруге болады

$$\frac{n_{ос}}{U_{k_z}} \div \frac{n_{ос}}{D_6 \cdot U_{k_z}} \text{ айн/мин.}$$

Осындай кездегі жылдамдықтар қорабының 2-ші тісті беріліске ауысатын сатыларының саны жылдамдықтар аралығының реттік нөміріне байланысты болады

$$z_c = z - 1, \quad (8)$$

мұнда z_c – жылдамдықтар қорабының 2-ші тісті беріліске ауысатын сатыларының саны.

Жылдамдықтар қорабының әр сатысы қозғалмайтын және қозғалатын екі шестерналы блоктардан тұрады. Қозғалатын екі шестерналы блокты жылжытып жылжымайтын екі шестерналы блокпен қосу арқылы 1-ші немесе 2-ші тісті берілістер құрылады.


Жылдамдықтар қорабының барлық сатылары 1-ші тісті беріліске қосылғанда, жылдамдықтар қорабы жетекші білігінің айналым санын өзгертпей жетектегі білігіне береді. Бұл, жылдамдықтар қорабының бастапқы қалпы, ол жылдамдықтардың 1-ші аралығына тура келеді.

Үш аралықты (интервалды) реттелетін механикалық жетектің сұлбасы 1-суретте көрсетілді. Ол сына белдікті вариатордан (1), жылдамдықтар қорабынан (2), муфтадан (3) және рамадан (4) тұрады.

Вариатордың (1) жетектегі білігі муфта (3) арқылы жылдамдықтар қорабының (2) жетекші білігімен қосылады.

Жылдамдықтар қорабы (2) екі сатылы, жетекші (5), аралық (6) және жетектегі (7) біліктері бар. Жетекші білікке (5) қозғалмайтын екі шестерналы блок (8) орналасқан. Аралық білікке (6) қозғалатын (9) және қозғалмайтын (10) екі шестерналы блоктар орналасқан. Жетектегі білікке (7) қозғалатын екі шестерналы блок (11) орналасқан.

Қозғалатын екі шестерналы блокты (9) жылжытып, қозғалмайтын екі шестерналы блоктың (8) басқа шестернасына қосып 1-ші сатыны 2-ші тісті беріліске ауыстырады. Дәл осындай жолмен 2-ші сатыны да 2-ші тісті беріліске ауыстырады.



Сурет 1. Үш аралықты (интервалды) реттелетін механикалық жетек

Ұсынылған реттелетін механикалық жетекті синтездеу тәртібі:

- стандартты сына белдікті вариаторды белгілі әдіспен таңдау. Реттеу арнасы $D_e = 3$ болғаны тиімді, себебі, реттеу арнасы үлкейген сайын вариатордың габариті және құны өседі;

- машинаның басты білігінің айналым санының өзгеру арнасы нақтыланады;

- жылдамдықтардың реттелетін аралықтар саны анықталады;

- жылдамдықтар қорабының сатылар саны анықталады;

- жылдамдықтар қорабын стандартты әдіспен жобалайды.

Қорытынды:

1) Реттелетін механикалық жетекті сына белдікті вариаторды жылдамдықтар қорабымен қосарлау арқылы құрамдау ұсынылады;

2) Ұсынылған реттелетін механикалық жетек біліктің айналым санын кең арнада сатыламай реттеуге мүмкіндік береді;

3) Реттелетін механикалық жетекті синтездеу әдістемесі құрылды;

4) Ұсынылған жетек білікке қажетті айналу жылдамдығын береді, оны технологиялық және қосалқы машиналардың жетегіне қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тепинкичиев, В.К. Металлорежущие станки [Текст] / Под. ред. проф. В.К. Тепинкичиева. – М: Машиностроение, 1973.
2. Способ регулирования числа оборотов шпинделя металлорежущего станка [Текст] / Инновационный патент №20974 / Койайдаров Б.А., Койайдаров А.Б.
3. Чернавский, С.А. Проектирование механических передач [Текст] / С.А. Чернавский, Г.М. Ицкович, В.А. Киселев [и др.]. – М: Машиностроение, 1976.

Материал редакцияға 16.03.20 түсті.

Б.А. Қойайдаров, Н.Ж. Сапарова, А.А. Қойайдаров

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан

РЕГУЛИРУЕМЫЙ МЕХАНИЧЕСКИЙ ПРИВОД ДЛЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ МАШИН

Предложен регулируемый механический привод для бесступенчатого изменения числа оборотов главного вала технологических машин в широком диапазоне и разработана методика его синтеза.

Ключевые слова: привод, вал, машина, коробка, число оборотов, регулировка.

В.А. Koiaidarov, N.ZH. Saparova, A.A. Koiaidarov

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

ADJUSTABLE MECHANICAL DRIVE FOR TECHNOLOGICAL MACHINES

An adjustable mechanical drive is proposed for a stepless change in the number of revolutions of the main shaft of technological machines in a wide range and a synthesis technique is developed.

Keywords: drive, shaft, machine, gearbox, speed, adjustment.

REFERENCES

1. Metal cutting machines. V.K. Teenkasia – M: Mashinostroenie, 1973 [in Russian].
2. Way of regulating the number of revolutions of a spindle in machine tools. Innovation patent No.20974. B.A. Koiaidarov, A.B. Koiaidarov [in Russian].
3. Chernavsky S.A., Itskovich G.M., Kiselev V.A. Design of mechanical transmissions. M: Mechanical engineering, 1976 [in Russian].

ӘОЖ 621.868.238

Б.А. Койайдаров¹, Р.Т. Сахыбаев², А.А. Койайдаров³

*¹Техн. ғылымд. канд., доцент, ²Магистр аға оқытушы, ³Студент
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

РОЛИКТІ ПЛАТФОРМАЛЫ ҚОЛ АРБА

Жеке жүктерді тасымалдайтын қол арбаның пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында роликті платформамен жабдықтау ұсынылды. Роликті платформалы қол арбаның сұлбасы және есептеу әдістемесі құрылды.

Тірек сөздер: арба, ролик, платформа, жүк, жылжыту, кедергі.


Өндірісте тиеу-түсіру, тасымалдау және қоймалық жұмыстарды орындауға тұрақты және жылжымалы тасымалдайтын машиналармен қатар жүкті еденмен немесе жолмен тасуға әртүрлі қол арбалар қолданылады [1,2].

Көптеген ішкі жүк лектеріне, күрделі және көп тармақты тасу жолдарына, тұрақты тасымалдау машиналарын пайдалану мүмкіндігі жоқ жерлерге қол арбалар пайдаланылады [1]. Мұндай жүк лектері өндірістік бөлімшелерде, цехтарда және ішкі қоймаларда көп кездеседі.

Қол арбалардың құрылысы қарапайым, құны төмен, маневрлігі жоғары, тар жерлерде жұмыс жасай алады.

Бірақ, қол арбаларға жүкті салу және түсіру жұмыстары қолмен орындалады. Осыған байланысты қол арбаларды роликті платформамен жабдықтау ұсынылды (1-сурет).

Роликті платформа еркін айналатын роликтерден (1) тұрады. Роликтерді (1) раманың (2) тік ойықтарына орналастырады. Роликтер (1) стандартты, арбаның еніне таңдалады.



Сурет 1. Роликті платформалы қол арба сұлбасы

Платформаның рамасы (2) тікбұрышты формалы, полоскалардан пісіріліп жасалады.

Роликті платформаның рамасы (2) арбаның рамасына (11), тұтқа жақтан, топса (3) арқылы бекітіледі. Сондықтан платформаның тік жазықтықта бұрылу мүмкіндігі бар.

Платформаның рамасының (2) бүйір беттеріне, алдына жақындатып, екі еркін айналатын қысқа роликтер (4) бекітілген. Олар П тәрізді рычагтың (5) иіндеріне тіреліп тұрады.

Рычаг (5) арбаның рамасына (11), тік жазықтықта бұрылатын мүмкіндікпен, топса арқылы бекітіледі.

Түзу рычаг (7), горизонталь жазықтықта бұрылатын мүмкіндікпен, топса (8) арқылы П тәрізді рычагқа (5) қосылады және тұтқаның (12) стойкасының ішкі бетін жанап сыртқа шығып, фиксаторға (9) тіреліп тұрады.

П тәрізді (5) және түзу (7) рычагтар бірігіп басқару рычагын құрады. Ол фиксаторға (9) тірелген қалпында, қысқа роликтердің (4) көмегімен, платформаны горизонталь (арбаның рамасына (11) параллель) ұстайды.

Басқару рычагының иіндерінің қатынасы l_1/l_2 платформаны қолмен басқаруға болатындай шамада болу керек.

Түзу рычагты (7) горизонталь жазықтықта қолмен бұрып фиксатордан (9) шығарғанда, платформа өз салмағымен топсада (3) төменге қарай бұрылып, көлбеу қалыпқа келеді.

Түзу рычагты (7) басып, тік жазықтықта төменге қарай бұрып, фиксаторға (9) тіреп платформаны горизонталь қалыпқа келтіреді.

Қол арба төмен қарай көлбеу жолмен жүргенде немесе шұғыл тоқтағанда платформа үстіндегі жүк сырғып түспеу үшін алынып-салынатын стойкалар (10) қарастырылған. Олар платформаның рамасына (2) бекітілген втулкаларға отырады және жүкті сыртқа қарай жібермейді.

Арбаға жүкті тиеуде және арбамен жүкті тасығанда роликті платформа горизонталь орналасады, ал ол төмен қарай көлбеуленгенде үстіндегі жүк сырғып түседі.

Роликті платформа төмен қарай көлбеуленгенде үстіндегі жүк ауырлық күшінің әрекетінен қозғалысқа келіп, роликті платформаның бетімен сырғиды. Осылай болу үшін роликті платформаның көлбеу бұрышы жүк пен роликтердің арасындағы үйкеліс бұрышынан үлкен болу керек.

Роликті платформадан жүкке түсетін кедергі күш

$$F_c = F_1 + F_2 + F_3, \quad (1)$$

мұнда: F_1 – роликтердің подшипниктеріндегі үйкелістен болатын кедергі; F_2 – жүк пен роликтердің арасындағы домалау үйкелісінен болатын кедергі; F_3 – жүктің роликтердің бетімен сырғанауынан болатын кедергі.

Горизонталь платформа роликтерінің подшипниктеріндегі үйкелістен болатын кедергі күш

$$F_1 = (m_\Gamma + z \cdot m_p) \cdot g \cdot \frac{f_n \cdot d}{D}, \quad (2)$$

мұнда: m_Γ – жүктің массасы, кг; m_p – роликтің айналатын бөлігінің массасы, кг; z – жүктің астындағы роликтер саны; $g=9.81 \text{ м/с}^2$ – ауырлық күшінің үдеуі; f_n – ролик подшипниктеріндегі үйкеліс коэффициенті; d – ролик цапфасының диаметрі, мм; D – роликтің диаметрі, мм.

Горизонталь платформадағы роликтер мен жүктің арасындағы домалау үйкеліспен болатын кедергі күш

$$F_2 = m_\Gamma \cdot g \cdot \frac{2 \cdot \mu}{D}, \quad (3)$$

мұнда μ – жүк пен ролик арасындағы домалау үйкелісінің коэффициенті, мм.

Горизонталь платформадағы жүк пен роликтердің арасындағы сырғанау үйкелісінен болатын кедергі күш

$$F_3 = f_c \cdot m_\Gamma \cdot g, \quad (4)$$

мұнда f_c – жүк пен ролик арасындағы сырғанау үйкелісінің коэффициенті.

Горизонталь роликті платформаның жүктің қозғалысына жасайтын қосынды кедергі күші

$$F_c = (m_\Gamma + z \cdot m_p) \cdot g \cdot \frac{f_n \cdot d}{D} + m_\Gamma \cdot g \cdot \left(\frac{2\mu}{D} + f_c \right). \quad (5)$$

Жүктің астындағы роликтер саны

$$z = \frac{l_\Gamma}{t_p}, \quad (6)$$

мұнда: l_Γ – жүктің ұзындығы, мм; t_p – роликтердің орналасу адымы, мм.

Жүктің астындағы роликтердің ең аз саны [3]

$$z_{\min} = 3$$

Роликті платформаға жүк жылдамдықпен түскенде, мысалы, тегіс бетті құламадан немесе ролгангтен, оның кинетикалық энергиясы кедергі күшінің жұмысына шығындалады

$$\frac{m_{\Gamma} \cdot V_{\Gamma}^2}{2} = F_c \cdot l_{\Pi}, \quad (7)$$

мұнда: V_{Γ} – жүктің жылдамдығы, м/с; l_{Π} – роликті платформаның ұзындығы, м.

Роликті платформаның аяғына дейін жүк жылжып жететін жылдамдығын (7) формуладан анықтайды

$$V_{\Gamma} = \sqrt{\frac{2F_c \cdot l_{\Pi}}{m_{\Gamma}}}. \quad (8)$$

Роликті платформа төменге қарай көлбеуленгенде үстіндегі жүкке түсетін кедергілер горизонталь роликті платформадағыдай болады. Бірақ, кедергі күштердің шамаларында айырмашылық бар:

$$F_1 = (m_{\Gamma} \cdot \cos \alpha + z \cdot m_p) \cdot g \cdot \frac{f_{\Pi} \cdot d}{D}; \quad (9)$$

$$F_2 = m_{\Gamma} \cdot \cos \alpha \cdot g \cdot \frac{2\mu}{D}; \quad (10)$$

$$F_3 = f_c \cdot m_{\Gamma} \cdot g \cdot \cos \alpha. \quad (11)$$

Осы формулаларды (1) формулаға қойып төменге қарай көлбеуленген роликті платформадағы жүкке түсетін қосынды кедергі күшті анықтайды

$$F_c = (m_{\Gamma} \cdot \cos \alpha + z \cdot m_p) \cdot g \cdot \frac{f_{\Pi} \cdot d}{D} + m_{\Gamma} \cdot g \cdot \cos \alpha \cdot \left(\frac{2\mu}{D} + f_c \right), \quad (12)$$

мұнда α – роликті платформаның көлбеу бұрышы.

Төменге қарай көлбеуленген роликті платформаның үстімен жүк қозғалысын бастайды, егер келесі шарт орындалса

$$m_{\Gamma} \cdot g \cdot \sin \alpha > F_c$$

немесе

$$m_{\Gamma} \cdot g \cdot \sin \alpha > m_{\Gamma} \cdot g \cdot \cos \alpha \cdot \frac{f_{\Pi} \cdot d}{D} + z \cdot m_p \cdot g \cdot \frac{f_{\Pi} \cdot d}{D} + m_{\Gamma} \cdot g \cdot \cos \alpha \cdot \left(\frac{2 \cdot \mu}{D} + f_c \right).$$

Екі жағын $m_{\Gamma} \cdot g$ бөліп, келесі формуланы аламыз

$$\sin \alpha > \cos \alpha \cdot \left(\frac{f_{\Pi} \cdot d}{D} + \frac{2 \cdot \mu}{D} + f_c \right) + z \cdot \frac{m_p}{m_T} \cdot \frac{f_{\Pi} \cdot d}{D} \quad (13)$$

Жүктің массасы роликтің массасынан, ал роликтің диаметрі оның цапфасының диаметрінен үлкен:

$$m_T > m_p, \quad D > d.$$

Осыны ескеріп келесі ықшамдауды қабылдаймыз

$$z \cdot \frac{m_p}{m_T} \cdot \frac{f_{\Pi} \cdot d}{D} \approx 0.$$

Сонда, (13) формуладан роликті платформаның көлбеулену бұрышын анықтауға болады

$$\operatorname{tg} \alpha > \frac{f_{\Pi} \cdot d + 2 \cdot \mu + D \cdot f_c}{D};$$

осыдан

$$\alpha > \operatorname{arctg} \left(\frac{f_{\Pi} \cdot d + 2 \cdot \mu + D \cdot f_c}{D} \right). \quad (14)$$

Жүкті түіргеннен кейін роликті платформаны горизонталь қалыпқа келтіру үшін түзу рычагтың (7) шетіне түсіретін жұмысшы күш шекті шамадан аспау керек

$$F_p \leq 150.$$

Қысқа роликтер (4) арқылы П тәрізді рычагқа (5) роликті платформаның ауырлық күшінің жартысы түседі деп есептеуге болады. Сонда, (5) және (7) рычагтарға түсетін күштердің, топсаға (6) қатысты, моменттер теңдеуінен басқару рычагының иіндерінің қатынасы анықталады

$$\frac{m_{\Pi} \cdot g}{2} \cdot l_2 = F_p \cdot l_1;$$

осыдан

$$\frac{l_1}{l_2} = \frac{m_{\Pi} \cdot g}{2 \cdot F_p}, \quad (15)$$

мұнда: m_{Π} – платформа массасы, кг; $F_p = 150$ Н – жұмысшының рычагқа түсіретін күші.

Роликті платформаның ұзындығы қол арбаның ұзындығынан кем болмайды, сондықтан, басқару рычагының иіндерінің қатынасы, (15) формуламен анықталатын шекті шамадан, барлық кезде үлкен болады.

Қорытынды:

1) Өндірістің ішкі жүк легінің көпетеген жұмыстары, тұрақты тасымалдау машиналарын пайдалана алмайтындықтан, қол арбалардың көмегімен орындалады;

2) Қол арбаларды пайдалану тиімділігін көтеру үшін оларды роликті платформамен жабдықтау ұсынылды;

3) Роликті платформалы қол арбаның сұлбасы және есептеу әдістемесі құрылды;

4) Ұсынылған әдістеме өндірістегі қол арбаларға роликті платформа құруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Эрлих, В.Д. Механизация погрузочно-разгрузочных, транспортных и складских работ в легкой промышленности [Текст] / В.Д. Эрлих, М.Д. Кабзон. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1984. – 224 с.
2. Лысяков, А.Г. Вспомогательное оборудование для перемещения грузов [Текст] / А.Г. Лысяков. – М.: Машиностроение, 1989. – 232 с.
3. Лапкин, Ю.П. Перегрузочные устройства [Текст]: справочник / Ю.П. Лапкин, А.Р. Малкович. – Л.: Машиностроение, Ленинград. отд-ние, 1984. – 224 с.

Материал редакцияға 17.03.20 түсті.

Б.А. Койайдаров, Р.Т. Сахыбаев, А.А. Койайдаров

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

РУЧНАЯ ТЕЛЕЖКА С РОЛИКОВОЙ ПЛАТФОРМОЙ

Предложена снабдить ручные тележки для перемещения штучных грузов роликковой платформой, что повышает эффективность их эксплуатации. Разработана схема и методика расчетов ручной тележки с роликковой платформой.

Ключевые слова: тележка, ролик, платформа, груз, перемещение, сопротивление.

B.A. Koiaidarov, R.T. Sakhybayev, A.B. Koiaidarov

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

HAND TRUCK WITH ROLLER PLATFORM

It is proposed to provide hand trolleys for moving piece goods with a roller platform, which increases the efficiency of their operation. The scheme and calculation procedure for a hand truck with a roller platform has been developed.

Keywords: trolley, roller, platform, cargo, movement, resistance.

REFERENCES

1. V.D. Erlikh, M.D. Kabzon. Mechanization of loading and unloading, transport and warehouse operations in light industry. Moscow: Light and food industry, 1984 [in Russian].
2. Lysyakov, A.G. Auxiliary equipment for moving cargo. Moscow: Mashinostroenie, 1989 [in Russian].
3. Lapkin Y. P., Malkovich A. R. Reloading devices. L.: Mashinostroenie, 1984 [in Russian].

УДК 621.315

**Б.Ж. Кушкимбаева¹, С.Ш. Егембердиева^{1*},
М.Т. Кейкиманова², Р.Ж. Наметкулова³**

¹Канд. физ.-мат. наук, доцент, ²Канд. техн. наук, доцент, ³Ст. Преподаватель

¹Таразский государственный педагогический университет, г. Тараз, Казахстан

^{2,3}Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

Электронная почта: ^{1*}s.egemberdieva@bk.ru

ПЕРЕРАСПРЕДЕЛЕНИЯ УПРУГИХ НАПРЯЖЕНИЙ В СТРУКТУРАХ InGaSbAs/GaSb

В работе рассмотрены результаты эксперимента по измерению спектральной зависимости распределения упругой деформации и степени линейной поляризации излучения в структуре углощенной InGaSbAs/GaSb в виде «швеллера». Показано, что внутренняя деформация в такой структуре носит квазиодносный характер, ее можно использовать для исследования и определения внутренних напряжений в гетероструктурах.

Ключевые слова: швеллер, эпитаксиальные структуры, фотолюминесценция, лазер, упругое напряжение, спектр.

Развитие полупроводниковой электроники в последнее время в большей степени связано с использованием многокомпонентных твердых растворов соединений A^3B^5 , полученных эпитаксиальным способом на монокристаллической подложке.

Для всех гетероструктур характерно наличие внутренних напряжений, возникающих в силу различия химического состава контактирующих материалов. Эти напряжения затрудняют получение совершенных неизопериодных гетероструктур, но в ряде случаев их намеренно создают для управления свойствами материала, например, для изменения ширины запрещенной зоны.

В связи с задачами мониторинга атмосферы, охраны окружающей среды возникла потребность в источниках и фотоприемниках на спектральный диапазон 3-5 мкм, в котором находится окно прозрачности атмосферы и полосы поглощения основных загрязняющих атмосферу газов (CO_2 , SO_3 и др.).

Основная трудность создания таких приборов заключается в том, что не существует изопериодного с соединениями A^3B^5 четверного твердого раствора с шириной запрещенной зоны, соответствующей всему спектральному диапазону 3-5 мкм. Поэтому представляет интерес исследование твердых растворов с непрерывным или скачкообразным изменением периода решетки, соответственно, градиентных и гетероструктур. В частности, необходима разработка методов контроля физических свойств твердых растворов, таких как степень деформации, совершенство кристаллической решетки и оптические параметры эпитаксиальных слоев.

Использование профилированных подложек для выращивания эпитаксиальных структур позволяет менять радиус кривизны, плотность дислокаций в пределах одного образца [1,2]. Это может быть использовано при проведении исследований (например, при изучении влияния деформации на свойства полупроводников или приборов на их основе). Для правильной интерпретации результатов необходимо знать величину и знак деформации в подобных структурах.

В данной работе приводится модель перераспределения упругих напряжений в структурах $InGaSbAs/GaSb$ с подложкой, профилированной в виде «швеллера», и экспериментальные результаты измерений спектральной зависимости степени линейной поляризации излучения (СЗСЛПИ), качественно подтверждающие эту модель.

Образцы, аналогичные описанным в [2], получали кристаллизацией из расплава на подложках $p-GaSb$ (Ш) ($p = 1 \div 2 \cdot 10^{17} \text{ см}^{-3}$) площадью $10 \times 12 \text{ мм}^2$ при температуре пластичности $GaSb$ ($580-620^\circ\text{C}$). Толщины подложек составляли $\sim 200 \text{ мкм}$, эпитаксиальных слоев (ЭС) $\sim 8 \text{ мкм}$. Твердый раствор на границе раздела имел состав $In_{0,13}Ga_{0,87}Sb_{0,89}As_{0,11}$, на поверхности структуры $In_{0,13}Ga_{0,87}Sb_{0,925}As_{0,075}$. На границе раздела (ГР) периоды решетки ЭС и $GaSb$, согласно интерполяционной оценке имели близкие значения ($\Delta\bar{a} = +0,003 \text{ \AA}$), на поверхности период решетки слоя был больше периода решетки подложки на $0,015 \text{ \AA}$. Ширина запрещенной зоны E_g убывала от ГР к поверхности с градиентом $\sim 2 \text{ мэВ/мкм}$. Твердый раствор специально не легировался и имел p -тип проводимости.

Фотолюминесценция возбуждалась лазером с длиной волны $\lambda=0,48 \text{ мкм}$. Измерения проводились при температуре жидкого азота. Сигнал регистрировался с поверхности структуры в направлении нормали ГР фотоспротивлением из PbS .

Измерения СЗСЛПИ проводились при возбуждении центральной области ЭС или подложки сфокусированным до 1 мм^2 лазерным пучком. В исходном состоянии поляризация излучения слоя и подложки отсутствовала. Для создания профиля толщины в середине образца со стороны подложки по всей длине по направлению вытравливалась канавка глубиной 120 мкм и шириной 4 мм . По завершении первой серии измерений канавка в подложке углублялась так, что толщина оставшегося $GaSb$ составляла 25 мкм , после чего измерения СЗСЛПИ возобновлялись.

При измерении поляризации за ось деформации принималось направление, параллельное оси канавки (направление Y).

На рисунке 1 приведены результаты измерений. Видно, что степень поляризации излучения слоя, так и подложки зависит от длины волны и возрастает увеличением глубины канавки. СЗСЛПИ $GaSb$ и ЭС имеют противоположные знаки: коротковолновая область полосы излучения подложки поляризована положительно, а ЭС – отрицательно. Аналогично длинноволновая часть спектра $GaSb$ имеет отрицательное поляризованное соотношение, а ЭС – положительное. Поляризация излучения для областей, смежных с канавкой, отсутствовала.

Подобные приведенные на рисунке 1 зависимости СЗСЛПИ наблюдаются для полупроводников при приложении к кристаллу одноосной

деформации [3]. В гетероструктурах такая деформация возникает вследствие несоответствия периодов решетки ЭС и подложки, при этом поляризовано излучение, распространяющееся параллельно ГР. В нашем случае поляризовано излучение, распространяющееся в направлении, перпендикулярном ГР. Это свидетельствует об анизотропии деформации на поверхности структуры в области канавки.




Рис. 1. Спектральная зависимость степени линейной поляризации (ρ) (кривые 1, 2) и интенсивности фотолуминесценции ЭС и подложки для значений толщины $GaSb$ в области канавки; $c_1=71$ и $c_2=25$ мкм. На вставке – схематическое изображение профилированной гетероструктуры.

Для анализа полученных зависимостей СЗСЛПИ рассмотрим перераспределение внутренних напряжений, структуры при локальном изменении толщины подложки. На рисунке 2 приведены рассчитанные нами по формуле [4] распределение упругих напряжений по толщине образцов для двух значений толщины подложки. Значение $\Delta\alpha(z)$ взяты из интерполяционного расчета периода решетки с использованием количественного состава твердого раствора.

$$\sigma(z) = \frac{E}{1-\nu} \left\{ \frac{\Delta\alpha(z)}{\alpha} - \frac{1}{2H} \int_{-H}^H \frac{\Delta\alpha(z) dz}{\alpha} - \frac{3z}{2H^3} \int_{-H}^H \frac{\Delta\alpha(z) \cdot z \cdot dz}{\alpha} \right\}$$

где: E – модуль Юнга; ν – коэффициент Пуассона; $2H$ – общая толщина структуры, равная сумме толщин подложки и слоя $2H=t+c$; $\Delta\alpha(z)$ – несоответствие периодов решеток градиентного ЭС подложки в точке с координатой z ; α – период решетки подложки.

Видно, что в подложке имеется нейтрал, разделяющая области сжатия ($\sigma > 0$) на поверхности ($z = -H$) и растяжения ($\sigma < 0$) вблизи ГР. В ЭС в исходном состоянии нейтрал отсутствует, а наибольшее сжатие имеет место на его поверхности ($z = H$). Деформация вблизи поверхности ЭС и подложки имеет положительные значения. Важно отметить, что при утонении подложки деформация вблизи поверхности возрастает, а в ЭС – уменьшается. Аналогичное перераспределение напряжений имеет место в

структуре с профилированной подложкой. Однако из-за наличия крайних широких областей с большей толщиной, выполняющих роль ребер жесткости, такое перераспределение происходит только в плоскости, перпендикулярной оси канавки (плоскость Q на рис.1). В плоскости параллельной ребрам изменения упругих напряжений практически не происходит, и они определяются толщиной подложки в ребрах жесткости.




Рис. 2. Распределение упругих напряжений по толщине градиентной структуры при двух значениях толщины подложки: $C_0=191$ мкм и $C_2=25$ мкм

При этом перераспределения напряжений в ребрах жесткости не происходит (поляризация излучения отсутствует). Следовательно, можно считать, что в плоскости, параллельной ГР, внутренняя деформация приобретает «квазиодноосный» характер и эквивалента действию напряжений $\Delta\sigma = \sigma(C_0) - \sigma(C_i)$ вдоль оси Y , где C_0 и C_i - толщина подложки в области ребер жесткости и в области канавки соответственно. Указанная анизотропия приводит к поляризации излучения, выходящего с поверхности структуры.

Согласно приведенной модели перераспределения внутренних напряжений, степень поляризации излучения должна возрасти при углублении канавки, т.е. при увеличении $\Delta\sigma$, что имеет место в эксперименте. В рамках этой модели находят объяснение противоположность знаков СЗСПИ ЭС и подложки: эффективная деформация на поверхности слоя положительна ($\Delta\sigma_x > 0$), а подложки – отрицательна ($\Delta\sigma_{GaSb} < 0$). Показано, что внутренняя деформация в структурах с подложкой, имеющей профиль толщины типа «швеллер» носит квазиодноосный характер, что может быть использовано для исследования и определения внутренних напряжений в гетероструктурах.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Сафаралиев, К.Г. Твердые растворы на основе карбида кремния [Текст] / К.Г. Сафаралиев. – М.: Физматлит, 2011. – 295 с.
2. Бурабаева, Н.В. Основы полупроводниковой электроники [Текст] / Н.В. Бурабаева. – М.: Физматлит, 2004. – 167с.
3. Мильвидский, М.Г. Структурные дефекты эпитаксиальных слоев полупроводников [Текст] / М.Г. Мильвидский, В.Б. Освенский. –М.: Металлургия, 2010. –160 с.
4. Шалимова, К.В. Физика полупроводников [Текст] / К.В. Шалимова. – СПб.: Лань, 2010. – 400 с.

Материал поступил в редакцию 24.02.20.

**Б.Ж. Кушкимбаева¹, С.Ш. Егембердиева¹,
М.Т. Кейкиманова², Р.Ж. Наметкулова²**

¹Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ., Қазақстан

²М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

InGaSbAs/GaSb ҚҰРЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ СЕРПІМДІ КЕРНЕУЛЕРДІҢ ҚАЙТА ТАРАЛУЫ

Жұмыста негізгі «швеллер» түрінде жұқартылған InGaSbAs/GaSb құрылымында серпімді деформациялық таралуы және сәулеленудің сызықтық поляризациялану дәрежесінің спектрлік тәуелділігін өлшеу эксперименті нәтижелері қарастырылған. Мұндай құрылымдағы ішкі деформация квазибіросьті сипатта болатындығы, оны гетероқұрылымдардағы ішкі кернеуді анықтауға және зерттеуге қолдануға болатындығы көрсетілген.

Тірек сөздер: швеллер, эпитаксиалды құрылымдар, фотолюминесценция, лазер, серпімді кернеу, спектр.

**B.Zh. Kushkimbaeva¹, S.Sh. Egemberdieva¹, M.T. Keikimanova²,
R.Zh. Nametkulova²**

¹Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan

²Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

REDISTRIBUTION OF ELASTIC STRESSES IN THE STRUCTURES InGaSbAs/GaSb

In this paper, we consider the redistribution of elastic stresses in InGaSbAs/GaSb structures with a substrate profiled in the form of a “channel”, and the experimental results of measuring the spectral dependence of the degree of linear polarization of radiation. It is shown that the internal deformation in such structures is of quasi-one-character nature, which can be used to study and determine internal stresses in heterostructures.

Keywords: channel, epitaxial structures, photoluminescence, laser, elastic stress, spectrum.

REFERENCES

1. Safaralyev K.G. Tverdie rastvori na osnove karbida kremnya [Solid solutions based on silicon carbide] [in Russian]. – Moscow: Fizmatlit – 2011. P.295.
2. Burabaeva N.B Osnovy poluprovodnikovoy elektroniki [Fundamentals of semiconductor electronics] [in Russian]. – Moscow: Fizmatlit, 2004. P.167.

3. Milwidsky M.G. Strukturnie defekti epitaksialnih sloiax poluprovodnikov [Structural defects in epitaxial layers of semiconductors] [in Russian] / M.G. Milwidsky, V. B. Osvenskii. – Moscow: Metallurgia, 2010. P 160.
4. Shalimova K.V. Fizika poluprovodnikov [Semiconductor physics] [in Russian]/ Shalimova K.V. Saint Petersburg: LAN, 2010. P. 400.

ӘОЖ 531/534

**Р.Ж. Наметкулова¹, С.Ш. Егембердиева²,
Б.Ж. Кушкимбаева², А.К. Кадиримбетова¹**

¹Аға оқытушы, ²Физ.-мат. ғылымд. канд., доцент

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

*²Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ., Қазақстан
Электрондық пошта: ¹nametkulova65@mail.ru, ²s.egemberdieva@bk.ru*

ЖЕЛЕТӘРІЗДІ ЗАТТАРДЫҢ МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Жұмыста желе тәрізді заттардың механикалық қасиеттері зерттелген. Мұндай заттардың деформациясын зерттеу нәтижесінде олардың органолептикалық және құрылымдық-механикалық қасиеттері қарастырылады. Айналмалы тербеліс әдісімен желатиндегі дыбыстың таралу жылдамдығы мен Юнг модулі анықталды.

Тірек сөздер: желе, деформация, инерция моменті, Юнг модулі, дыбыстың таралу жылдамдығы.

Тамақ өнеркәсібінде көптеген процестер материалдардың серпімді, пластикалық, тұтқырлық қасиеттеріне байланысты. Реологиялық зерттеулер тамақ өнімдерін өңдеу барысында кездесетін құбылыстарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Биологиялық белсенді қоспаларды енгізу, технологиялық өңдеу әдістерін өзгерту тамақ өнімдерінің құрылымдық-механикалық сипаттамаларына әсер етеді. Тамақ өнімдерінің реологиялық қасиеттері механикалық кернеу, деформация мен тұтқырлық жылдамдықтарымен анықталады.

Механикалық үлгілерді құрастырған кезде келесі жағдай ескеріледі: күрделі дененің деформациясы негізгі реологиялық қасиеттерді бейнелейтін идеалдандырылған денелердің элементар механикалық үлгілерінің деформацияларының қабаттасу нәтижесі болып табылады.

Бұл жұмыста желетәрізді заттардың механикалық қасиеттері зерттеледі. Желетәрізді заттар (каучук, целлулоид, клей, желатин және т.с.с.) сұйық және қатты денелер арасындағы орынды алады. Оларда аққыштық қасиет болмайды, формасын сақтайды, беріктігімен, серпімділігімен сипатталады. Мұндай заттар өздерінің көптеген механикалық қасиеттерімен ерекшеленеді. Сондықтан, желатиндегі дыбыстың таралу жылдамдығы мен Юнг модулін анықтаудың маңызы зор. Желетәрізді заттардың деформациясын зерттеу нәтижесінде олардың органолептикалық және құрылымдық-механикалық қасиеттері анықталады.

Деформация – сыртқы күштердің әсерінен, температура және ылғалдылықтың өзгерісі кезінде, фазалық алмасулар және басқа да денелердің бөлшектерінің орнын өзгертетін әсерлердің нәтижесінде дененің (немесе оның бөліктерінің) пішіндері мен өлшемдерінің өзгерісі. Деформация механикалық кернеуді арттырғанда заттың қирауына алып келеді. Материалдардың әртүрлі жүктемелердің әсерінен болатын деформацияға және қирауға қарсы тұру қабілеті осы заттардың механикалық қасиеттерімен сипатталады.

Қандай да бір деформация түрінің пайда болуына денеге түсірілген кернеудің сипаты үлкен ықпал жасайды. Кейбір деформациялық үрдістер кернеудің жанама құраушыларының әсерінің үстемдігіне байланысты болса, ал екіншісі оның қалыпты құраушысына тәуелді болады. Денеге түсірілген жүктемелердің сипаты бойынша деформация келесі түрде бөлінеді: созылу, сығылу, ығысу, бұралу, иілу. Ығысу – деформацияның реологиядағы ең маңызды түрі. Қарапайым ығысу элементар параллелепипедтің қабырғаларына жанама кернеудің әсерінен қозғалмайтын жазықтыққа параллель жазық деформация түрінде қарастырылады. Сол сияқты, қарапайым ығысу денені шексіз жұқа қабаттардан тұрады деп есептеуге болатын ламинарлық ағынның ерекше түрі деуге болады. Бұл қабаттар деформацияланбайды, тек бір-біріне қатысты сырғанайды.

Тәжірибе бойынша берілген материалдан жасалған таяқша үшін серпімді деформация кезіндегі көлденең қиманың бірлік ауданына келетін салыстырмалы ұзару:

$$\varepsilon = \alpha \frac{F}{S}.$$

мұндағы α – пропорционалдылық коэффициенті екені белгілі. Материалдардың серпімді қасиеттерін сипаттау үшін $E = 1/\alpha$ Юнг модулі деп аталатын шама қолданылады.

Юнг модулі әртүрлі конструкциялардың қатандығын анықтай отырып, заттардың серпімділік қасиеттерін сипаттайды [1,2]. Мысалы, көлденең қимасы S және биіктігі h цилиндрдің созушы (сығушы) F күштің әсерінен кейінгі салыстырмалы деформациясы (Юнг модулінің анықтамасы бойынша):

$$\varepsilon = \frac{\Delta h}{h} = \frac{F}{ES}.$$

Цилиндрдің иілуі. Цилиндр вертикаль бекітілген болсын. Егер оның жоғарғы бетіне M күш моменті түсірілсе, ол горизонтқа φ бұрыш жасап көлбей орналасады. Гук заңы бойынша аз деформациялар үшін:

$$M = k\varphi,$$

мұндағы k - цилиндрдің иілу қатандығы. Ол Юнг модулімен және цилиндрдің геометриялық параметрлерімен келесі формула бойынша анықталады:

$$k = E \frac{\pi R^4}{4h},$$

мұндағы R – цилиндрдің радиусы, ал h – биіктігі.

Цилиндрдің бұралуы. Цилиндрдің жоғарғы бетін төменгі бекітілген бетіне қарағанда цилиндрдің осін айналдыра горизонталь жазықтықта φ бұрышқа бұруға болады. Мұндай деформация бұралу деп аталады. Аз

деформациялар кезінде Гук заңы бойынша цилиндрді бұруға қажетті M күш моменті де φ бұрышқа тура пропорционал:

$$M = \chi\varphi,$$

мұндағы $\chi \approx E\pi R^4 / (6h)$ – желатиннен жасалған цилиндрдің бұралу қатаңдығы.

Егер цилиндрдің жоғарғы бетіне бекітілген стерженді (цилиндрдің төменгі беті бекітілген) тепе-теңдік қалпынан горизонталь жазықтықта бұрып, жібере салса айналмалы тербелістер пайда болады [3]. Осындай Т-тәрізді айналмалы маятниктің гармониялық тербелістерінің периоды цилиндрдің айналмалы қатаңдығымен және маятниктің айналу осіне қатысты I инерция моментімен анықталады:

$$T = 2\pi \sqrt{\frac{I}{\chi}}.$$

Айналмалы маятниктің инерция моменті (серіппелі маятниктегі жүктің массасы сияқты) оның инерттілігін анықтайды. Инерция моменті маятниктің айналу осіне қатысты массаның таралуына тәуелді. Демек, ұзындығы l және массасы m_0 жіңішке біртекті стерженнің, оған перпендикуляр және ортасы арқылы өтетін оське қатысты инерция моменті:

$$I_{cm} = \frac{m_0 l^2}{12}.$$


Егер де стерженге айналу осінен r қашықтықта массасы m кішігірім жүкті ілсе, онда маятниктің инерция моменті $\Delta I = I_m = m r^2$ шамасына артады және келесі өрнекпен анықталады:

$$I = I_{cm} + m r^2.$$

Бұл инерция моментінің аддитивтілігімен байланысты.

Юнг модулі әртүрлі материалдардағы дыбыстың таралу жылдамдығының формуласына кіреді. Егер, мысалы, жіңішке стерженнің бір ұшынан балғамен ұрса, онда оның бойымен жылдамдығы $c = \sqrt{E/\rho}$ көлденең дыбыс толқыны тарайды.

Зерттеуді динамикалық әдіспен жүргіземіз. Биіктігі $h=35\pm 1$ мм желатин цилиндрді қарастырамыз ($R=14,5$ мм). Оны клейдің көмегімен горизонталь бетке бекітіп, үстіне сызғышты жапсырамыз (суретте көрсетілгендей). Центрден бірдей r қашықтықта екі гайканы орналастырамыз.



Сурет 1. Желетәрізді заттың механикалық қасиеттерін зерттеу қондырғысы

Сызғышты, барлық уақытта горизонталь болып қалатындай (ондай болмаған жағдайда, тербелістің басқа түрлері пайда болады), мұқият кішкентай бұрышқа ауытқытып, жібере саламыз. Айналмалы тербелістерді қарастырамыз. Гайкаларға дейінгі қашықтықты өзгерте отырып он тербеліс уақытын өлшеп отырамыз. Өлшеу нәтижелерін кестеге жазамыз.

Кесте


Тәжірибелік өлшеу нәтижелері

R, см	10T ₁ , с	10T ₂ , с	10T ₃ , с	10T ₄ , с	10T ₅ , с	r ² , см ²	T ² , с ²
0	6,32	6,34	6,35	6,39	6,34	0	0,402
2	6,41	6,41	6,38	6,38	6,47	4	0,410
4	6,87	6,90	6,94	6,84	6,84	16	0,473
6	7,69	7,72	7,62	7,69	7,69	36	0,590
8	8,59	8,66	8,60	8,63	8,66	64	0,744
10	9,68	9,69	9,63	9,68	9,66	100	0,934
12	10,88	10,99	10,91	10,91	10,88	144	1,191
14	12,12	12,15	12,15	12,10	12,09	196	1,469
16	13,37	13,34	13,41	13,34	13,35	256	1,785
18	14,59	14,60	14,63	14,61	14,62	324	2,134
20	15,93	15,91	15,90	15,91	15,92	400	2,532

Жүйенің инерция моменті $I = I_0 + 2mr^2$, мұндағы I_0 - сызғыштың инерция моменті. Тербелістердің периодының T^2 квадратының r^2 –қа тәуелділігі сызықтық болады:

$$T^2 = 4\pi^2 \frac{I}{\chi} = \frac{8\pi^2 m}{\chi} r^2 + \frac{4\pi^2 I_0}{\chi}.$$

Сызықтандырылған графигін тұрғызамыз $T^2(r^2)$ (1-сурет). Қателіктер: $\Delta(r^2) = 2r\Delta r$, $\Delta(T^2) = 2T\Delta T$, $\Delta T \approx 0,2/10 = 0,02$ - реакция уақытының период санына қатынасы.



Сурет 2. Тербеліс периодының квадратының айналу осіне дейінгі қашықтықтың квадратына тәуелділігінің графигі

Түзудің бұрыштық коэффициенті келесі өрнекпен анықталады:

$$a = 8\pi^2 m / \chi = 53,7 \pm 0,3 \text{ c}^2 / \text{M}^2.$$

Сонымен, желатиннен жасалған цилиндрдің χ бұралу қатаңдығының формуласын қолданып Юнг модулін анықтаймыз:

$$E = \frac{6 \chi h}{\pi R^4} = \frac{48\pi m h}{a R^4} = 22 \pm 2 \text{ кПа}.$$

Алынған эксперименттік нәтижелер желетәрізді заттардың механикалық қасиеттерін ескере отырып, релогиялық сипаттамаларын анықтауға және дайын өнімнің сапасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді [4].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ворович, И.И. Неклассические смешанные задачи теории упругости [Текст] / И.И. Ворович, В.М. Александров, В.А. Бабешко. – М.: Наука, 1998. – 228 с.
2. Чернышев, Г.Н. Остаточные напряжения в деформируемых твердых телах [Текст] / Г.Н. Чернышев, А.Л. Попов, В.М. Козинцев, И.И. Пономарев. – М.: Наука, 1996. – 163 с.
3. Ақылбаев, Ж.С. Механика [Текст] / Ж.С. Ақылбаев, В.Е. Гладков, Л.Ф. Ильина. – Астана, 2005. – 32 с.
4. Колдина, Т.В. Исследование фруктово-желейных масс изготовленных с использованием сахарозаменителей [Текст] / Т.В. Колдина, А.А. Вытовтов [и др.] // Научный журнал НИУ ИТМО. – 2014. – №3. – С.195-212.

Материал редакцияға 24.02.20 түсті.

**Р.Ж. Наметкулова¹, С.Ш. Егембердиева²,
Б.Ж. Кушкимбаева², А.К. Кадиримбетова¹**

¹Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

²Таразский государственный педагогический университет, г. Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ МЕХАНИЧЕСКИХ СВОЙСТВ ЖЕЛЕОБРАЗНЫХ ВЕЩЕСТВ

В работе исследованы механические свойства желеобразных веществ. Результаты исследования деформации таких веществ определяют их органолептические и структурно-механические свойства. Методом вращающихся колебаний определены скорость распространения звука в желатине и модуль Юнга.

Ключевые слова: желе, деформация, момент инерции, модуль Юнга, скорость распространения звука.

**R.Zh. Nametkulova¹, S.Sh. Egemberdieva²,
B.Zh. Kushkimbaeva², A.K. Kadirimbetova¹**

¹Taraz State University named after M. Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

²Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan

INVESTIGATION OF MECHANICAL PROPERTIES OF JELLY-LIKE SUBSTANCES

In this work, the mechanical properties of jelly-like substances are investigated. The results of the study of deformation of such substances determine their organoleptic and

structural-mechanical properties. The speed of sound propagation in gelatin and Young's modulus were determined using the method of rotating vibrations.

Keywords: jelly, deformation, moment of inertia, Jung modulus, speed of sound propagation.

REFERENCES

1. Vorovich, I.I. Neklassicheskie smeshannye zadachi teorii uprugosti [Non-Classical mixed problems of elasticity theory] [in Russian] / Vorovich, I.I., Alexandrov, V.M., Babeshko, V.A. – M.: Nauka, 1998. P.228.
2. Chernyshev, G.N. Ostatochnie napriazhenie v deformiruemykh tverdykh telakh [Residual stresses in deformable solids] [in Russian] / Chernyshev, G.N., Popov, A.L., Kozintsev, V.M., Ponomarev, I.I. - Moscow: Nauka, 1996. P.163.
3. Akylbaev, Zh.S. Mehanika [Mechanics] [in Russian] / Akylbaev Zh. S., Gladkov V.E., Ilina L.F. Astana: 2005. P.32.
4. Coldina, T.V. Issledovanie fruktovo-jeleinich mass izgotovlennich s ispolzovaniem sacharozamenitelei [Study of fruit-jelly mass manufactured using sugar substitutes] [in Russian] / Coldina, T.V., Vytovtov A.A. Scientific journal of the ITMO research institute. – No. 3, 2014.P.195-212.

ӘОЖ 519.212.3

А.Т. Жақаш¹, Э.А. Джакашова², Д.Ә. Мекемова²

¹Техн. ғылымдары канд., доцент, ²Аға оқытушы, ³Магистрант
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ЕРКІНДІК ДӘРЕЖЕСІ ҮШКЕ ТЕҢ ЖҰМЫСШЫ ОРҒАНҒА ОРНАЛАСҚАН ЕКІ ВИБРАТОРДЫҢ ӨЗІНДІК СИНХРОНИЗАЦИЯСЫ


Кейбір технологиялық машиналарда екі немесе бірнеше вибраторлар қолданылуы мүмкін. Бірнеше вибраторды қолдана отырып, вибромашиналарды жетілдіруге, төзімділігін арттыруға болады. Бұл жерде, вибратордың синхронды жұмыс істеуі мен қажетті фазировканы қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Мақалада осы мәселені шешу жолдары қарастырылған.

Тірек сөздер: вибраторлар, гармоникалық тербелістер, өзіндік синхронизация, резонанстық жиіліктер, Лагранж функциясы, тербеліс периодтары.

Серпімді байланыстағы бір денеге орналасқан қажетті бағытта жұмыс істейтін екі инерциялық вибраторлардың өзіндік синхронизациясын қарастырайық (1-сурет). Вибраторлардың әсер ету күштері бағыттары беттеседі, ал бұрыштық жылдамдықтары бірдей, оң және ω -ға тең деп ұйғарамыз. Жүйе қозғалысының дифференциалдық теңдеулер жүйесін Лагранждың 2-ретті теңдеуі негізінде құрамыз [1]:

$$\begin{aligned}
 m\ddot{x} + c_x \cdot \dot{x} &= F[\sin \omega t + \sin(\omega t + \alpha)] \\
 m\ddot{y} &= 0 \\
 J\ddot{\varphi} + c_\varphi \cdot \dot{\varphi} &= Fh[\sin \omega t + \sin(\omega t + \alpha)]
 \end{aligned}
 \tag{1}$$

мұнда x және y - ауырлық ортаның координаттары; φ - дененің бұрылу бұрышы; m және J - сәйкесінше дененің массасы мен инерциялық моменті; F және α - вибраторлар тудыратын периодты қоздырушы күштің амплитудасы мен ығысу фазасы; h - дененің ауырлық ортасынан күштердің әсер ету сызығына дейінгі арақашықтық; c_x және c_φ - қатаңдық коэффициенттері.



Сурет 1. Динамикалық жүйенің есептеу схемасы

Тербелістің орташа периодтағы Лагранж функциясының мәнін келесі түрде өрнектейміз:

$$\begin{aligned}
 \Lambda^{(I)} &= \frac{\omega}{2\pi} \int_0^{\frac{2\pi}{\omega}} [L_0^{(I)}]_0 dt = \frac{\omega}{2\pi} \int_0^{\frac{2\pi}{\omega}} [T^{(I)} - \Pi^{(I)}]_0 dt = \\
 &= \frac{\omega}{2\pi} \int_0^{\frac{2\pi}{\omega}} \frac{1}{2} \left[m(\dot{x}^2 + \dot{y}^2) + J\dot{\varphi}^2 - c_x x^2 - c_\varphi \varphi^2 \right] dt
 \end{aligned}
 \tag{2}$$

Жиілігі ω - тең қалыптасқан еріксіз тербеліске сәйкес жұмыс істейтін жүйенің қозғалысын өрнектейтін (1)-ші теңдеудің шешімі математикалық түрлендірулер жасаудың нәтижесінде келесі түрде анықталады:

$$x = \frac{F}{m\omega^2} \frac{1}{k_x^2 - 1} [\sin \omega t + \sin(\omega t + \alpha)], y = 0$$

$$\varphi = \frac{Fh}{J\omega^2} \frac{1}{k_\varphi^2 - 1} [\sin \omega t + \sin(\omega t + \alpha)],$$
(3)

мұнады белгілеулер $k_x = \frac{1}{\omega} \sqrt{\frac{c_x}{m}}$, $k_\varphi = \frac{1}{\omega} \sqrt{\frac{c_\varphi}{J}}$ дене тербелісінің жиіктілігі.

(3)-ші өрнектерді (2)-ші теңдікке қойып, қарапайым интегралды есептеулердің $\Lambda^{(1)}$ функциясын табамыз.

Бұл функция бізге D потенциалдық функциясының орнына қарастыру үшін керек.

$$\Lambda^{(1)} = \frac{F^2}{2m\omega^2} \left(\frac{1}{k_x^2 - 1} + \frac{h^2}{\rho^2} \cdot \frac{1}{k_\varphi^2 - 1} \right) \cos \alpha + c$$
(4)

мұндағы $\rho = \sqrt{\frac{J}{m}}$ - инерция радиусы, $c - \alpha$ - ға тәуелсіз тұрақты.

$$\frac{\partial D}{\partial \alpha} = \frac{\partial \Lambda^{(1)}}{\partial \alpha} = -\frac{F^2}{2m\omega^2} \left(\frac{1}{k_x^2 - 1} + \frac{h^2}{\rho^2} \cdot \frac{1}{k_\varphi^2 - 1} \right) \sin \alpha$$
(5)

(5)-ші теңдеуге сәйкес екі жағдай болуы мүмкін:

- 1) $\alpha = 0$ болғанда вибраторлар бірдей фазада синхронды жұмыс істейді;
- 2) $\alpha = \pi$ болғанда қарсы фазада синхронды жұмыс істейді.

Егер келесі теңсіздік орындалса

$$\frac{1}{k_x^2 - 1} + \frac{h^2}{\rho^2} \cdot \frac{1}{k_\varphi^2 - 1} < 0,$$
(6)


онда $\Lambda^{(1)}$ функциясы $\alpha = \pi$ нүктесінде минимум, ал $\alpha = 0$ нүктесінде максимумға ие болады.

Орнықтылықтың интегралдық критеріі бойынша қарсы фазада жұмыс істеген кезде орнықты да, ал бірдей фазада орнықсыз. Ал, егер (5)-ші теңсіздік кері болса, онда бірдей фазада жүйенің синхронды жұмысы орнықты да, қарсы фазада – орнықсыз. Практикалық тұрғыдан қарасақ, 1-суреттен, сол сияқты (3)-ші теңдіктен көрініп тұрғандай, вибраторлар қарсы фазада жұмыс істегенде ($\alpha = \pi$) жүйенің жұмысшы органының тербелмейтінін көреміз. Бұл жағдайды екі машинаның бір фундаментте орналасып жұмыс істеу кезінде пайдалануға болады. Себебі, қажетсіз теңгерілмеген күштер пайда болса, олар автоматты түрде өзара теңгеріледі. Ол үшін (6)-ші теңсіздік орындалса болды. (6)-ші теңсіздікті талдайтын болсақ, резонансты емес аймақта

$$k_x^2 < 1, \quad k_\varphi^2 < 1$$
(7)

теңсіздігі орындалса, онда барлық уақытта вибраторлардың қарсы бағытта жұмыс істейтінін көруге болады. $\frac{h^2}{\rho^2} = \lambda^2$ қатынасының әртүрлі мәндеріне сәйкес k_x^2 және k_φ^2 параметрлері жазықтығында жүйенің орнықты және орнықты емес аймақтарын көрсетуге болады.

Вибраторлардың синхронды жұмыстарын көзбе-көз бақылау үшін Delphi жүйесінде бағдарлама түзілді [2]. Оның кейбір нәтижелері төмендегі суреттерде көрсетілген. Тербелмелі жүйенің кейбір негізгі параметрлерін өзгерткен кезде де вибраторлардың орықты түрде өзіндік синхронизацияда жұмыс істейтіні байқалды. Алынған нәтижелерді вибрациялық машиналарды жобалағанда қолдануға болады.



Сурет 2. Вибраторлардың парциалдық жылдамдықтарының графиктері

Бірнеше денелерге орналасқан бастапқы фазалары α_1 және α_2 болатын бірқалыпты айналымды виброқоздырғыштармен жабдықталған жүйенің

қалыптасқан қозғалысының дифференциалдық теңдеулерінің шешімі келесі түрде өрнектеледі.

$$\begin{aligned}x_s &= F \cdot K_{xx}^{(qs)} [\sin(\omega t + \alpha_1) + \sin(\omega t + \alpha_2)], \quad s = \overline{1, n} \\y &= -\frac{m\varepsilon}{M} [\cos(\omega t + \alpha_1) - \cos(\omega t + \alpha_2)], \\ \varphi &= -\frac{m\varepsilon\tau}{I} [\cos(\omega t + \alpha_1 + \rho) - \cos(\omega t + \alpha_2 + \rho)]\end{aligned} \quad (8)$$

мұндағы $m\varepsilon$ – виброқоздырғыштың статикалық моменті; $F = m\varepsilon\omega^2$ – қоздырушы күш; τ – ауырлық ортадан айналу осіне дейінгі арақашықтық; ρ – бұрыш; $K_{xx}^{(qs)}$ – жүйедегі денелер тербелісінің амплитудалары.

Жүйенің бір периодтағы Лагранж функциясы кинетикалық және потенциалдық энергиялары арқылы келесі теңдікпен анықталады.

$$\begin{aligned}\Lambda^{(l)} &= \frac{\omega}{2\pi} \int_0^{2\pi/\omega} (T - \Pi) dt = \\ &= \frac{F^2}{2} \left[\sum_{s=1}^n M_s (K_{xx}^{(qs)})^2 \omega^2 - \sum_{s=1}^{n-1} C_{s,s+1} (K_{xx}^{(q,s)} - K_{xx}^{(q,s+1)})^2 - \frac{1}{\omega^2} \left(\frac{1}{M} + \frac{\tau^2}{I} \right) \right] \cos \alpha + C\end{aligned} \quad (9)$$

мұндағы $\alpha = \alpha_1 - \alpha_2$, ал C – α_1 және α_2 тәуелсіз тұрақтылар.

Орнықтылықтың интегралдық критериіне сәйкес, жүйедегі виброқоздырғыштардың синфазды жұмыс істеуінің орнықтылық шарты келесі теңсіздікпен анықталады.

$$\sum_{s=1}^n M_s (K_{xx}^{(qs)})^2 \omega^2 - \sum_{s=1}^{n-1} C_{s,s+1} (K_{xx}^{(q,s)} - K_{xx}^{(q,s+1)})^2 - \frac{1}{\omega^2} \left(\frac{1}{M} + \frac{\tau^2}{I} \right) < 0 \quad (10)$$

Бұл шарт орындалған жағдайда виброқоздырғыштардың әсер ету күштері қосылып, бір остің бойымен бағытталады.

Дербес жағдайда, мысалы денелердің саны үшке тең болса, онда (10) шарт келесі түрде берілуі мүмкін.

1) егер виброқоздырғыштар M_1 денесінде орналасса

$$\begin{aligned}\frac{\omega^4}{\Delta^2 M^2 \lambda^4} \{ M_1 \omega^2 (a_3 \eta^2 + \frac{1-\lambda^2}{a_1})^2 + M_2 \omega^2 (a_3 \eta^2 - 1 - \lambda^2)^2 + M_3 \omega^2 (1 - \lambda^2 + \eta^2) - \\ - C_{12} (\frac{1}{a_1} + 1)^2 (1 - \lambda^2)^2 - C_{23} [\eta^2 (a_2 - 1) - 2(1 - \lambda^2)]^2 \} - \frac{1}{\omega^2} \left(\frac{1}{M} + \frac{\tau^2}{I} \right) < 0;\end{aligned} \quad (11)$$

1) егер виброқоздырғыштар M_2 денесінде орналасса

$$\begin{aligned}\frac{\omega^4}{\Delta^2 M^2 \lambda^4} \{ M_1 \omega^2 (a_3 \eta^2 - 1 + \lambda^2)^2 + M_2 \omega^2 (a_3 \eta^2 + a_1 - \frac{\lambda^2}{a_2})^2 + M_3 \omega^2 (\lambda^2 - \eta^2 + a_1^2)^2 - \\ - C_{12} (\lambda^2 + \frac{\lambda^2}{a_2} - 1 - a_1)^2 - C_{23} [\eta^2 (1 + a_3) - \lambda^2 (1 + \frac{1}{a_2})]^2 \} - \frac{1}{\omega^2} \left(\frac{1}{M} + \frac{\tau^2}{I} \right) < 0;\end{aligned} \quad (12)$$

$$\text{мұнда } \Delta = \omega^4 - (n_{12}^2 + n_{23}^2) \omega^2 + n_{12}^2 n_{23}^2 (1 - a_1 a_3).$$

$$\lambda = \frac{\omega}{n_{23}}; \quad \eta = \frac{n_{12}}{n_{23}}; \quad n_{12} = \sqrt{\frac{C_{12}(m_1 + m_2)}{m_1 m_2}};$$

$$n_{23} = \sqrt{\frac{C_{23}(m_2 + m_3)}{m_2 m_3}}; \quad a_1 = \frac{m_1}{m_2 + m_3}; \quad a_2 = \frac{m_2}{m_1 + m_3}; \quad a_3 = \frac{m_3}{m_1 + m_2}.$$

Жоғарыдағы шарттар орындалса, бірнеше денелерге орналасқан виброкоздырғыштардың бірдей синхронды жұмыс істейтінін байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Блехман, И.И. Самосинхронизация динамических систем [Текст] / И.И. Блехман. - М.: Наука, 1972. – 870 с.
2. Nevzorov V. Delphi. Russian Knowledge Base. Chicago, USA. - 2007, more than 4000 p.

Материал редакцияға 18.06.20 түсті.

А.Т. Жакаш, Э.А. Джакашова, Д.А. Мекемова

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

САМОСИНХРОНИЗАЦИЯ ДВУХ ВИБРАТОРОВ, РАСПОЛОЖЕННЫХ НА РАБОЧЕМ ОРГАНЕ С ТРЕМЯ СТЕПЕНЯМИ ПОДВИЖНОСТИ

В некоторых технологических машинах используются два или более вибраторов. Использование нескольких вибраторов дает возможность усовершенствовать конструкцию и увеличить работоспособность вибрационных машин. В этом случае возникает вопрос самосинхронизации вибраторов. В статье рассматривается решение данной проблемы.

Ключевые слова: колебания, гармонические колебания, самосинхронизация, резонансные частоты, функция Лагранжа, периоды колебаний.

A.T. Zhakash, E.A. Jakashova, D.A. Mekemova

Taraz State University named after M.Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan

SELF-SYNCHRONIZATION OF TWO VIBRATORS LOCATED ON THE WORKING BODY WITH THREE DEGREES OF MOBILITY

Some process machines uses two or more vibrators. The using of several vibrators makes it possible to improve the design and increase the operability of vibration machines. In this case, the problems of self-synchronization of vibrators are appears. The paper discusses the solution to this problem.

Keywords: free oscillations, harmonics, flat mechanisms, resonant frequency, the elastic system.

REFERENCES

1. Blekhman I.I. Self synchronization of dynamic systems. M.: Science, 1972, 870 p. [in Russian].
2. Nevzorov V. Delphi Russian Knowledge Base. Chicago, USA. -2007, more than 4000 p.

ӨОЖ 664 782 (043.3)

И.Е. Ерназарова¹, П.Қ. Сейтпанов²

¹Магистрант, ²Техн. ғылымдарының канд., доцент

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан
Электрондық пошта: ¹indira_ernazarova@mail.ru, ²polatbekseitpanov@gmail.com

ЖАНАТЫН ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БРИКЕТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ПРЕСС-ГРАНУЛЯТОР

Ұнтақталған жанатын тұрмыстық қалдықтарды пресстеу арқылы отындық гранулалар алуға бағытталған тәжірибелік пресс-гранулятор жасалып, онда эксперименттік зерттеулер жүргізілген және диаметрі 20 мм, ұзындығы 50 мм, ал ылғалдығы 13% болатын тұрмыста қолданылатын отындық гранулалар алынған.

Тірек сөздер: қатты қалдықтар, отындық гранулалар, пресстеу, поршенді пресс, шнекті пресс.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауының 3-бөлімінің (Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика) үшінші бағытын «Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі» деп атап өтті. Мұнда шағын, әсіресе, микробизнестің еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратындығы, яғни ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс беретіні, жұмыссыздықты азайтатыны жергілікті бюджетті нығайтатыны айтылған. Ел Президенті шағын микробизнес «қарапайым заттардың экономикасына» тікелей байланысты екендігін тілге тиек етті [1].

Шағын микробизнестің бірі - тұрмыстық қалдықтарды дәстүрлі емес энергия көзі ретінде пайдалану. Мысалы, адам тұрмысындағы, яғни ауыл мен қалалардағы жеке үй аулаларында, бау-бақшаларда, көшелерде пайда болатын жанатын қалдықтарды (ағаш пен өсімдік жапырақтары, әртүрлі қағаздар, ағаштардың бұтақтары, құрылыстық ағаш жаңқалары, түрлі пластик ыдыстар мен заттар) халық жинақтап, аулаларында өртейді немесе қапқа салып қалдық орындарына жөнелтіп жатады.


Жанатын қалдықтардан жеке үй ауласында отындық гранулдер мен брикеттерді өндіру жолын ұсынған болатынбыз [2]. Алынған отындық брикеттерді сату нәтижесінде:

- қоршаған ортаға бөлінетін уытты заттар мөлшері азаяр еді;
- ауылдық жерлерде және қалаларда тұрақты жұмыс орындары ашылады;

- дәстүрлі отын (тас көмір, сексеуіл, т.б.) шығыны азаяр еді.

Біздің ұсыныс бойынша жанатын тұрмыстық қалдықтардан отындық гранулдер өндіру процесі келесі кезеңдерден тұрады (1-сурет):

- күн сәулесі энергиясы көмегімен шикізатты табиғи кептіру;
- шикізатты майдалау-ұнтақтау машинасында ұнтақтау;
- ұнтақталған дисперсті материалды шнекті прессте қысымдап, отындық гранулдерді алу;
- алынған отындық гранулдерді арнайы қоймада сақтап, керек жағдайда пайдалану.



Сурет 1. Гранулдаушы пресстің қарапайым сұлбасы

Ұнтақталған материалды гранулдеу мақсатында құрылымы сан түрлі ротациялық (барабанды, тәрелкелі, центрден тепкіш) және тербелмелі (дірілді) грануляторлар қолданылады. Кең қолданысқа барабанды грануляторлар ие болған, бірақ оның кемшілігі - фракциялық құрамы төмен гранулят алуға мүмкіндігі жоқ. Бұл жағдайда тәрелкелі (дискілі) грануляторлар қолданылады.

Ұнтақтар мен пасталарды гранулдеуде көбіне құрылымы әртүрлі червякты пресстер (экструдерлер) қолданылады және формасы мен өлшемдері әртүрлі гранулдер (таблеткалар) алынады.

Гранулденетін ұнтақталған материалдың тығыздалуға және формалануға бейімділігі олардың гранулдену коэффициенттерімен бағаланады:

$$K_1 = \frac{\gamma}{\gamma_0} P_{тығз}; \quad K_2 = \frac{\sigma}{P_{тығз}}, \quad (1)$$

мұндағы γ мен γ_0 – гранулденетін материалдың нақты және бастапқы тығыздығы, т/м^3 ; σ – гранулдердің сығылуға беріктік шегі, Па; $P_{тығз}$ – тығыздау қысымы, Па.

K_1 және K_2 коэффициенттерінің мәніне байланысты қарастырылып отырған материалды гранулдеу әдісін нақты ұсынуға болады: K_1 мен K_2 мәндері артқан сайын материалдың белгіленген тығыздалу деңгейін қамтамасыз ету үшін жұмсалатын күш азая түседі.

Брикеттеу процесі тасымалдауға, сақтауға және қолдануға қолайлы етіп дисперстік материалдарға белгілі бір форма беру мақсатында жүзеге асырылады. Байланыстырғыш заттарды қоспай брикеттеу 80 МПа жоғары пресстеу қысымымен жүргізіледі, ал байланыстырғыш заттар қосылса – 15-25 МПа. Брикеттеуде конструкциясы сан қилы штемпельді (пресстеу қысымы 100-200 МПа), валецті және сақиналы (200 МПа) пресстер қолданылады.

Брикеттеу процесі – материалды үлкен қысыммен сығымдау процесі, үйкеліс күші әсерінен жылу бөлінеді. Осылайша сығымдау нәтижесінде агроқалдықтардан брикетті қалыптауда байланыстырушы рөлін атқаратын лигнин бөлініп шығады. Отындық брикеттер өндіру технологиясында ең маңызды параметр – брикет тығыздығына тікелей әсер ететін шикізат ылғалдығы. Пресстеу алдында ұнтақталған материалдың ылғалдығы 12-14% болуы керек. Осы сапа көрсеткіші 14%-дан артық болса, брикеттер қирап-шашылып қалады, яғни формасы мүлдем қалыптаспайды. Отындық брикеттің (2-сурет) материалдық көлемі қолданылған шикізат көлемінің 1/10 бөлігін ғана құрайды, яғни биоотынды сақтап, тасымалдауға өте ыңғайлы келеді. Отындық брикеттерді өндіру технологиясы агроқалдықтар (күнбағыс, қарақұмық, т.б.) мен ұнтақталған ағаш қалдықтарын шнек көмегімен үлкен қысыммен пресстеу процесіне негізделген.



Сурет 2. Отындық брикеттер

Алынған отындық брикеттерге байланыстырушы ретінде ешнәрсе қосылмайды, себебі, оның құрамында, өсімдік қалдықтары клеткаларында болатын табиғи лигнин бар.

Отындық брикеттерді өндіру мақсатында поршенды және шнекті пресстер қолданылады [3].

Поршенды пресс (3-сурет) циклды жұмыс жасайды – поршеннің әрбір жүрісінен кейін белгілі бір мөлшердегі материал конустық соплодан сығымдалып шығады.

Құрылымның электрқозғалтқышына әсер ететін күшті теңгеру мақсатында қозғалтқыш механизмінде маховик қарастырылады, сол себепті құрылым массасы үлкейеді. Жұмыс істеу барысында поршень ұзақ қолданылады, ал сопло тез тозады. Осы поршенды пресстер салыстырмалы түрде арзан болып келеді, сондықтан ауыл шаруашылығында кеңінен қолданыс тапқан.

Массасы үлкен поршендер мен маховиктер болмағандықтан шнекті пресстер (4-сурет) жеңіл болады. Сығымдалған брикеттер үздіксіз шығып жататындықтан, оны қажетті ұзындыққа бөлуге болады. Отындық гранулдердің тығыздығы поршенді пресстер өнімімен салыстырғанда жоғары. Соққы болмағандықтан шнекті пресстерден шу аз шығады.

Конструкциясы осы типтес, шнектің ұзындығы 400 мм, ал гранулдер шығатын тесіктің диаметрі 20 мм болатын эксперименттік шнекті пресс жасап, онда зерттеулер жүргізілді. Шнектің айналу жиілігі 80 айн/мин

болғанда алынған отындық гранулдердің физикалық-механикалық қасиеттері анықталды: орташа ылғалдығы 13%, тығыздығы 380 кг/м³.

Ұнтақталған тұрмыстық қатты қалдықтардың гранулдену коэффициенті:

$$K_1 = \frac{\gamma}{\gamma_0} P_{\text{тығ}} = \frac{0,38}{0,16} \cdot 120 = 2,85,$$

мұндағы $\gamma = 0,38 \text{ т/м}^3$ - алынған гранулдердің тығыздығы; $\gamma_0 = 0,16 \text{ т/м}^3$ - ұнтақталған материалдың тығыздығы; $P_{\text{тығ}} = 120 \text{ Па}$ - тығыздау қысымы.

Сонымен, ұнтақталған жанатын тұрмыстық қатты қалдықтарды пайдаға асыру мақсатында олардан отындық гранулдер мен брикеттер алу үшін пресстеу әдісін қолданған тиімді болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы. 02.09.2019 ж.
2. [?] Жанатын тұрмыстық қатты қалдықтарды пресстеп, брикеттеу ерекшеліктері // Материалы МНПК «Основные тенденции развития энергетики и механики в условиях четвертой промышленной революции». 2019 г. [?].
3. [?] [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік режимі: <http://www.findpatent.ru/patent/218/2185420.html>

Материал редакцияға 06.04.20 түсті.

И.Е. Ерназарова, П.К. Сейтпанов

Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

УСТРОЙСТВО ПРЕСС-ГРАНУЛЯТОРА ДЛЯ БРИКЕТИРОВАНИЯ СГОРАЕМЫХ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ

Рассмотрены вопросы получения топливных гранул путем прессования измельченных сгораемых твердых бытовых отходов. Описан разработанный экспериментальный пресс-гранулятор, в котором получены топливные гранулы диаметром 20 мм, длиной 50 мм и влажностью 13%, предназначенные для бытовых нужд.

Ключевые слова: твердые отходы, топливные гранулы, прессование, поршневой пресс, шнековый пресс.

I.E. Yernazarova, P.K. Seitpanov

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

DEVICE OF A PRESS GRANULATOR FOR INCINERATED SOLID HOUSEHOLD WASTE

As a result of scientific research on the production of fuel pellets by pressing crushed combustible solid household waste, an experimental press-granulator was

developed and created, which produced fuel pellets with a diameter of 20 mm, a length of 50 mm and a humidity of about 13%, intended for household needs.

Keywords: solid waste, fuel pellets, pressing, piston press, screw press.

ӘОЖ 664 782 (043.3)

Б.С.Тұрарбек¹, П.Қ. Сейтпанов²

¹Магистрант, ²Техн. ғылымдарының канд., доцент

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Электрондық пошта: ¹bayp-97@gmail.com, ²polatbekseitpanov@gmail.com

ЖАНАТЫН ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖАРУ ӘДІСІМЕН ҰНТАҚТАУ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Жанатын тұрмыстық қатты қалдықтарды жару әдісімен ұнтақтау процесінің тиімді конструктивтік және кинематикалық параметрлерін анықтау мақсатында эксперименттік зерттеулер жүргізіліп, нәтижелері талданған. Зерттеулер нәтижесінде аула жағдайында жанатын қалдықтарды ұнтақтап, одан отындық гранулдер алып, тұрмыста қолдануға болады.

Тірек сөздер: қатты қалдықтар, ұнтақтау, майдалау, жару әдісі.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) өңдеу және қолдану техникасы мен технологиясын жасау ең күрделі экологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Дамыған елдерде осы қалдықтарды өңдеуге арналған стандарттар жүйесі, қалдық түріне байланысты өңдеу технологиясы бекітілген және тиімді қолданыс табуда. Осы стандарттарға сәйкес тұрмыстық қалдықтар құрамы алдын-ала зерттеліп, сортталып, нақты қайта өңдеу технологиясы қабылданады [1].

Тұрмыстық қатты қалдықтар – адамдардың өмір сүру нәтижесінде пайда болатын көп мөлшердегі қалдықтар. Олар күрделі морфологиялық құрамдағы қоспа болып жинақталады және құрамында шамамен 25% қағаз, 10% шыны, 15% полимерлер, 5% металлдар болады.

Тұрмыстық қалдықтар мәселесі қазіргі таңда әлемдегі негізгі өзекті мәселенің біріне айналып отыр, себебі:

- тұрмыстық қалдықтар мөлшері абсолюттік шамада және әр адам басына шаққанда үздіксіз көбейе түсуде;
- қалдықтар құрамы экологиялық зиянды элементтердің көбеюі негізінде күрделене түсуде;
- экологиялық сауаттылықтың артуына байланысты халықты дәстүрлі қалдықтарды әкету әдістері қанағаттандырмауда;
- қалдықтарды басқару экономикасы күрделенуде, оларды пайдаға асыру (утилизация) құны артуда;
- қалдықтарды пайдаға асырудың жаңа технологиялары, яғни заманауи сұрыптау жүйелері, қалдықтарды энергия көзі ретінде пайдалану жолдары пайда болуда.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды энергия көзі ретінде тиімді пайдалану үшін қажетті заңнамалар негізінде өндірушілер мен қолданушыларды қызықтыру қажет. Ондай амалдарсыз мәселені шешу қиынға соғады.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеп, қолдану мәселесін оң шешу арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, халық шоғырланған аумақтардағы территориялардың санитарлық тазалығын арттыруға, қоршаған ортаны қорғауға және энергия ресурстарын үнемдеуге болады. Осы бағытта келесі мәселелердің шешілгені жөн:

- тұрмыстық қатты қалдықтардың компоненттерін бөлек жинап, оларды арнайы брикеттейтін немесе тюктер жасайтын қондырғыларға беру;

- өндіріс орындарындағы (базарлар, дүкендер, кәсіпорындар мен мекемелер, т.б.) қалдықтарды сұрыптап, компоненттерге бөліп жинау;

- қалдықтарды арнайы кәсіпорындарда сұрыптау.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін тиімді қолдану нәтижесінде:

- қалдықтарды полигондарда көмуге қаражат шығыны азаяды;

- қоршаған ортаға зиянды әсері кемиді;

- экологиялық жүйе ластанбайды;

- жаңа жұмыс орындары ашылады.

Өлемдік тәжірибеде қатты қалдықтарды залалсыздандыру, қайта өңдеу және жою бойынша 20-дан астам әдістер белгілі. Залалсыздандыру және қайта өңдеу әдістерін екі топқа жіктеуге болады [2]:

- жою әдістері – санитарлық-гигиеналық мәселелер шешіледі;

- утилизациялау әдістері - санитарлық-гигиеналық мәселелермен қатар қайта алынған материалдық ресурстарды пайдалану мәселесі де шешіледі.

Қалдықтарды қайта өңдеу – нәтижесінде бір немесе бірнеше тауарлық өнім шығарылатын технологиялық операция немесе технологиялық операциялар жиынтығы.

Қалдықтарды утилизациялау – қайта өңдеуден де кең түсінік, алынған өнімнен жылу энергиясын алуда, оны жерді тыңайтқыш ретінде, босаған тау-кен орындарын жабу мақсатында қолданады.

Қалдықтарды залалсыздандыру – бастапқы улы заттарды улы емес заттар мен ыдырамайтын қосылыстарға айналдыратын технологиялық операция немесе операциялар жиынтығы.

Қалдықтарды орталықтандырып өңдеу – қалдықтарды жинақтау, тасымалдау және арнайы өндірістік аумақта қайта өңдеу операцияларының жиынтығы.

Қалдықтарды бір жерде (жергілікті) өңдеу – өндірістік қондырғының орналасқан жерінде өңдеу.

Қатты қалдықтарды өңдеу әдістері технологиялық принцип бойынша механикалық, биологиялық, химиялық, термиялық, аралас әдістер болып жіктеледі.

Механикалық әдістерге майдалау, ұнтақтау және уату жатады.

Биологиялық әдістерге - аэротенктерде қышқылдандыру, биофилтрлерде қышқылдандыру, аэробты биотермиялық компостирлеу (топырақ, шымтезек пен өсімдік, минерал қатты-құтылары және мал қиларынан құралған тыңайтқыш алу) және т.б.

Химиялық әдістерге химиялық компоненттер әсерінен қалдықтардың құрамын өзгерту әдістері жатады.

Термиялық әдістерге өртеу, компостелмейтін фракцияларды пиролиздеу, әзірленбеген қалдықтардың қабаттарын өртеу, т.б. жатады.

Механикалық әдістер. Тұрмыстық қатты қалдықтарды әдетте компоненттерге жіктейді (сұрыптайды), қайта пайдалануға болатын компоненттерді өңдеу арқылы энергия көздеріне айналдырады. Осы жағдайда негізінен механикалық әдістер, яғни ұнтақтау қолданылады. Ірі етіп ұнтақтауды *майдалау*, жұқалап майдалауды *ұнтақтау* деп атайды.


Бастапқы компоненттердің түйірлері мен соңғы өнімнің өлшемдеріне байланысты ұнтақтау процесі бірнеше түрлерге бөлінеді. Осы ұнтақтау әдісіне байланысты жабдықтар таңдалады.

Кесте 1

Ұнтақтау әдістері		
Ұнтақтау класы	Түйірлердің ұнтақтау алдындағы өлшемдері, мм	Ұнтақталған өнімнің өлшемдері, мм
Майдалау: - ірі - орта - майда	1000 250 20	250 20 1÷5
Ұсақтау: - ірі - орта - жұқа - коллоидты	1÷5 0,1÷0,04 0,1÷0,02 ≤0,1	0,1÷0,04 0,005÷0,015 0,001÷0,005 ≤0,001

Ұнтақтау. Тұрмыстық қатты қалдықтарды ұнтақтау және оларды ірілігі бойынша фракцияларға бөлу қалдықтарды пайдаға асыруға дайындау процесінің маңызды операцияларының бірі болып табылады.

Материалды ұндақтау бірнеше тәсілмен жүзеге асырылады: езіп-жаншу, жару, соққылау, сындыру және уату (1-сурет).



а – езіп-жаншу; б – жару; в – соққылау; г – сындыру; д – уату.

Сурет 1. Ұнтақтау әдістері

Майдалауда және ұнтақтауда бастапқы материалды қиратуға шығындалатын жұмыс A жаңа пайда болған беттердің ауданына S тік пропорционал болады:

$$A = k_1 \Delta S$$

мұндағы k_1 – пропорционалдық коэффициенті; ΔS – беттердің артуы.

Майдалану деңгейі i майдаланатын түйірлердің бастапқы өлшемдері d_0 мен майдаланған түйірлердің өлшемдерінің d_c қатынасына тең:

$$i = \frac{d_0}{d_c}$$

Ішкі серпімді күштердің жұмысы дененің серпімді деформациялануына себеп болған сыртқы күштердің жұмысына тең болады, яғни:

$$A = \frac{\sigma^2 V}{2E}, \text{ кДж}$$

мұндағы σ – деформациялану кезіндегі кернеу, МПа; V – деформацияланған дененің көлемі, мм³; E – серпімділік модулі (Юнг модулі), МПа.

Өлшемі D болатын бір түйір материалды ұнтақтауға жұмыс

$$A = k_2 D^3,$$

мұндағы k_2 – пропорционалдық коэффициенті.

Жалпылама түрде:

$$A = \gamma \Delta V + \sigma \Delta S,$$

мұндағы γ , σ - пропорционалдық коэффициенттері; ΔV – деформацияланған аудан; ΔS - беттердің артуы.

Нақтылап келгенде ұнтақтауға жұмыс:

$$A = k_B (VS),$$

мұндағы k_B – Бонд коэффициенті.

Жару әдісімен жанатын тұрмыстық қалдықтарды ұнтақтау процесін зерттеу мақсатында болаттан жасалған құбыр фрагментін қолданып, эксперименттік ұнтақтағыш құрылым жасалды (2-сурет). Оның ішінде кескіш жүзі өткірленген пышақтар орналасқан. Цилиндрдің биіктігі шамамен 500 мм және ол жұмыс кезінде майдаланған материал сыртқа шашырамас үшін арнайы қақпақпен жабылады. Эксперименттік құрылымда диаметральды қарама-қарсы екі кескіш-пышақ орнатылған.

Электрқозғағыш білігінің, яғни пышақтардың айналу жиілігі 1000 мин⁻¹ болғанда жанатын қатты қалдықтардың ұнтақтағаннан кейінгі гранулометриялық құрамы зерттелді.

Бастапқы шарттар:

- зерттеу нысаны – жанатын тұрмыстық қатты қалдықтар (қағаз, картон, өсімдік жапырақтары мен сабақтары, ағаш жаңқалары) – 10 кг;

- пышақтың айналу жиілігі – 1000 мин⁻¹.




Сурет 2. Жару әдісімен эксперименттік ұнтақтағыш құрылым

Ұнтақталған материалды тесіктерінің диаметрі 1 мм, 3 мм, 5 мм және 8 мм болатын елеуші полотналар көмегімен 5 фракцияға жіктеп, осы фракциялардың массасын анықтау арқылы гранулометриялық құрамы бойынша гистограмма тұрғызылды (3-сурет).

Алынған гистограмманы талдау нәтижесінде брикеттеуге жіберілетін, яғни түйірлерінің өлшемдері 1 мм-ден кіші болатын өнім мөлшері тым аз (12,4%) екендігі анықталды.

Жанатын тұрмыстық қалдықтарды отындық брикеттерге айналдыру үшін осы көрсеткішті 100%-ға жеткізу керектігі белгілі. Сондықтан, келесі зерттеулерді жүргізу үшін пышақтар санын, олардың айналу жиілігін және пышақтар қатарын арттырып, зерттеулерді жалғастыру жаспарлануда.



Сурет 3. Ұнтақтардың гранулометриялық құрамы

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Демьянова, В.С. Процессы и аппараты переработки твердых бытовых отходов [Текст] / В.С. Демьянова, Э.А. Овчаренков. - Пенза: Пензенский государственный университет архитектуры и строительства, 2008.
2. Семенов, В.Н. Современный комплекс для переработки бытовых и промышленных отходов [Текст] / В.Н. Семенов // Технология машиностроения. – 2005. - №1.

Материал редакцияга 06.04.20 түсті.

Б.С. Турарбек, П.К. Сейтпанов

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

**ИССЛЕДОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИЗМЕЛЬЧЕНИЯ ТВЕРДЫХ
БЫТОВЫХ ОТХОДОВ МЕТОДОМ РАСКАЛЫВАНИЯ**

Представлены исследования по определению конструктивных и кинематических параметров процесса измельчения сгораемых твердых бытовых отходов и анализированы их результаты. На основе исследований можно получить измельченные сгораемые отходы в виде гранул для их использования в быту.

Ключевые слова: твердые отходы, измельчение, дробление, метод раскалывания.

B.S. Tyrarbek, P.K. Seitpanov

Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

**RESEARCH OF EFFICIENCY OF SOLID WASTE
CRUSHING BY SPLITTING METHOD**

Experimental studies have been conducted to determine the design and kinematic parameters of the process of grinding burnt solid household waste and analyzed their results. Using the results of research, everyone will be able to grind the incinerated waste in their own yard, get fuel pellets from them, which are used in everyday life.

Keywords: solid waste, grinding, crushing, splitting method.

Технологии продовольственных продуктов

ӘОЖ 664.64.016.8

Н.А. Горбатовская¹, Ж.М. Қырғызбаева²

¹Техн. ғылымдары канд., профессор, ²Магистрант

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Электрондық пошта: ¹gna.06@mail.ru

ҚҰРАМЫНДА АҚУЫЗЫ БАР КОМПОЗИТТІ ҚОСПАМЕН БАЙЫТЫЛҒАН НАН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ

Функционалды бағыттағы жаңа өнімді алу мақсатында нан өндірісіндегі биожетімділігі мен қауіпсіздігі, бай тағамдық құндылығы бар сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған композитті ақуызы бар қоспаларды пайдалану мүмкіндігі қарастырылған.

Тірек сөздер: 1 сұрыпты бидай ұны, сиыржоңышқа, аспа саңырауқұлақ, композитті құрам, ақуыз, нан, тағамдық құндылық.

Тамақтану қауіпсіздігі доктринасында айқындалатын маңызды міндет – тұтынылатын тамақ өнімдері сапасының мемлекеттік кепілдігі болып табылады. Азық-түліктің жоғары тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа буын тағам өнімдерін әзірлеу жөніндегі технологияларды жасау – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының стратегиялық бағытының бірі [1]. Жасалып жатқан тамақ технологияларында қолжетімді бағада табиғи және құндылығы жоғары тамақ өнімдеріне деген тұтынушылардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын тағамдық комбинациялардың дұрыстығы ескеріледі.

Бүгінгі таңда отандық ғылымда негізгі тұтынылатын тағам өнімдерінің бірі ретінде нан-тоқаш өнімдерін тиімді дамытуға бағытталған зерттеулер, яғни: астық шикізатының қазіргі заманғы селекциялық сұрыптарының технологиялық сипаттамалары; халықтың аурушаңдығы мен тағамдық мәртебесінің өзара байланысын бағалау; тұтынушылық артықшылықтар мен уәждемелерді талдау негізінде жаңа буындағы нан-тоқаш өнімдерінің ассортиментін кеңейту; нан-тоқаш өнімдерін өсімдік тектес тағамдық және биологиялық белсенді заттармен байыту өзекті болып отыр. Осыны ескере отырып, құрамында дәрумендер, минералды заттар, өсімдік тектес толыққанды ақуыздар және қолайлы май қышқылды құрамы бар липидтер секілді биологиялық белсенді заттармен байытылған нан-тоқаш өнімдерін жасау тамақтану рационында құнды ингредиенттердің тапшылығын айтарлықтай дәрежеде жоюға мүмкіндік береді. Нанды байытудың басым бағыттарының бірі нан-тоқаш өнімдерінің ақуыз құндылығын арттыру болып табылады [2].

Шикізатты үнемдеуді, ақуыз, тағам талшықтарымен, дәрумендермен және минералды заттармен байытылған тағамдық құндылығы жоғары нан-тоқаш өнімдерінің ассортименттік желісін кеңейтуді қамтамасыз ететін, құрамында ақуызы бар өсімдік шикізатын пайдалану арқылы нан дайындау технологиясын әзірлеудің практикалық маңызы зор [3].

Бидай нанының тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру проблемасын шешумен көптеген жылдар бойы АҚШ, Канада, Австрия, Германия, Швеция, Финляндия, Франция, Ұлыбритания, Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан және т.б. елдер айналысуда.

Нан сапасын жақсарту және оған функционалды қасиеттер беру үшін өсімдік шикізатының кең алуан түрлілігін пайдаланады. Ең көп сұранысқа ие және кеңінен қолданылатын тағамдық ингредиенттердің біріне құрамында ақуызы бар шикізат жатады.

Қоспа ретінде құрамына сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының және кептірілген аспа саңырауқұлағы изоляты қосылған құрамында композитті ақуызы бар қоспа пайдаланылды. Бұл саңырауқұлақтың жеміс денелерінде аминқышқылдарының едәуір мөлшері, оның ішінде адам ағзасында синтезделмейтін және тағаммен түсуі тиіс алмастырылмайтын майлар мен гликогеннің ыдырауына әрекеттесетін органикалық қышқылдар, ферменттер бар. Аспа саңырауқұлағы дәрумендерінің құрамы бойынша ет өнімдері деңгейінде болады, ал пантотен қышқылының мөлшері бойынша көкөністен, жемістерден, балықтан, ет пен сүттен асып түседі. Биотиннің мөлшері бойынша аспа саңырауқұлағы – осы дәруменге бай өнімдердің бірі (8-76 мкг/100 г) [4].

Зерттеулерде 1 типті (ақ) жаздық сиыржоңышқаның тұқымдары қолданылған.

Сиыржоңышқа тұқымын, бұршақ және жасымық сияқты, бұрынғы кездері тамақ ретінде пайдаланған. Сиыржоңышқа аштық жылдары халықты бірнеше рет құтқарған, оның тұқымдарын нан дәндерінің орнына пайдаланған, бірақ онда синил қышқыл ыдырататын гликозидтер (вицин және вицианин) бар, олар ұнға қатты қышқылдық береді.

Аминқышқылдық құрамы бойынша треонин, лизин, валин және лейциннің жоғары болуымен ерекшеленеді. Сиыржоңышқа дәнінде 28-30% протеин бар, бұл сұлы дәніне қарағанда үш есе жоғары. Ақуыздағы лизиннің мөлшері 4,96%. Сиыржоңышқа тұқымдарындағы шикі майдың құрамы орташа алғанда 2,6% құрайды, оларда желімтек құрамы аздау және күлдігі төмен. Өсімдік құрамында бірнеше алкалоидтар бар [5].

Шикізат сапасының негізгі физикалық-химиялық көрсеткіштері (бірінші сұрыпты бидай ұны, сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан тұратын ақуызы бар қоспалар) М.Х. Дулати атындағы ТраМУ-нің «А.С. Ахметов атындағы Наноинженерлік зерттеу әдістері» инженерлік бейіндегі ғылыми-зерттеу зертханасының құрамындағы аккредиттелген «Тағам инженериясы» сынақ зертханасында шетелдік жаңа жабдықтарда анықталды (Швеция, Франция, Италия сияқты өндіруші елдер). Шикізат сапасының бірқатар көрсеткіштерін анықтау үшін "Тағам өнімдерінің қайта өңдеу өндірістері технологиясы және биотехнология" кафедрасының материалдық базасы пайдаланылды.

Негіз ретінде наубайханалық кәсіпорындарда және шағын наубайханаларда қолданылатын опарасыз тәсілмен нан пісіру технологиясы қабылданды.

Кесте 1

Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған құрамында ақуызы бар қоспа енгізілген нан шикізаттары

№	Атауы	Шикізат мөлшері, кг
1	1 сұрыпты бидай ұны	90
2	Престелген ашытқы	2,5
3	Ас тұзы	1,5
4	Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изоляты	7
5	Кептірілген аспа саңырауқұлағы	3
6	Су	есеп бойынша

Қоспа ретінде сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының және кептірілген аспа саңырауқұлағы изоляты қосылған композитті ақуызы бар қоспа пайдаланылды.

Жұмыс барысында құрамында ақуызы бар қоспа компоненттерін енгізудің әртүрлі нұсқалары сынақтан өткізілді, олар жеке-жеке де, әртүрлі пайыздық қатынастық үйлесімде де енгізілді. Әдебиет материалдарының негізінде нан дайындау кезінде дайын өнімнің сапалық қасиеттерінің нашарлауына байланысты дәстүрлі емес шикізатты енгізу шектелген. Енгізілетін дәстүрлі емес шикізатты таңдау және мөлшерлеу компоненттердің химиялық құрамына және пайдалы қасиеттеріне негізделген.

Кесте 2

Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изолятынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған композитті ақуызы бар нан рецептурасы

Шикізат атауы	Шикізат шығыны, кг			
	бақылау үлгісі	құрамында композитті ақуыз бар қоспа		
		3%- ҚАС 5% - СДДИ	3%- ҚАС 7% - СДДИ	3%- ҚАС 10% - СДДИ
І сұрыпты бидай ұны	500	460	450	435
Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изоляты (СДДИ)	-	25	35	50
Құрғақ аспа саңырауқұлағы (ҚАС)	-	15	15	15
Престелген ашытқы	12,5	12,5	12,5	12,5
Тұз	7,5	7,5	7,5	7,5
Су	Есеп бойынша			
Су температурасы, °С	38-40	38-40	38-40	38-40

Байытқыштарды енгізудің оңтайлы мөлшерлемелерін таңдау бойынша нәтижелерді растау үшін І-ші сұрыпты ұннан жасалған нанның сапа көрсеткіштері зерттелді. Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының және

құрғақ аспа саңырауқұлағының изолятынан құралған құрамында композитті ақуызы бар қоспаның дайын нанның сапасына әсер ету мөлшерін анықтау үшін әдістемеге сәйкес зертханалық пісірулер жүргізілді.

Нанды 3% - ҚАС, 5% - СДДИ; 3% - ҚАС7% - СДДИ; 3% - ҚАС 10% - СДДИ мөлшерлерінде байытумен пісірген. Құрамында ақуызы бар байытқыштардың мөлшерлемелері нан сапасының нашарлауына алып келеді: оның көлемі азаяды, қопсуы төмендейді. Бидай наны сапасының нашарлауын бұл ретте байытқыштарда желімтектің жоқтығымен, олардың ақуыздарының нашар ісінуімен, осы заттарды енгізген кезде ұнның газ түзу және газ ұстау қабілетінің жеткіліксіздігімен байланыстырады.

Опарасыз әдіс бақылау үлгісі ретінде таңдалды. Нан І сұрыпты бидай ұнынан пісірілді. Қамырды дайындау процесі компоненттерді мөлшерлеу, қамырды дайындау, ашыту үшін қамырды түсіру, қамырды ашыту сияқты операциялардан тұрды. Қамырды илеуді қамыр илегіш машинада 10-15 мин ішінде біртекті масса түзілгенге дейін жүзеге асырылды. Алдын ала құрамына сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылдың және құрғақ аспа саңырауқұлағының ақуызды изоляты кіретін құрамында композитті ақуызы бар қоспа дайындалды. Араластырылған қамырды термостатқа ашыту үшін 33-35⁰С температурада 2,5 сағатқа салып қойылды. Қамырдың дайындығы қышқылдық көрсеткіштері бойынша, титрлеу әдісімен тексерілді. Жеткілікті қышқыл жинақтау 90-100 мин байқалды.

Ашыту процесінде ашыту басталғаннан кейін 60 және 120 минуттан кейін қамыр қайырылды. Қамыр дайындамаларын қолмен дөңгелектеп және қалыптарға салып, 32-35⁰С температурада 45 мин бойы тұрқылау шкафына салынды. Нан пісіру 30-35 минут ішінде наубайхана камерасы ылғалдандырылған электр пешінде жүргізілді. Пісірілген нан үлгілері салқындатылып, бөлме температурасында сақталды. Нан сапасы піскеннен кейін 16-18 сағаттан кейін бағалаған. Қоспалардың өнімге әсер ету дәрежесін, олардың құрылымдық-механикалық қасиеттерінің өзгеруін, дайын өнімдердің сапасын органолептикалық, физикалық-химиялық зерттеу әдістерімен анықталған.

Дайын өнімдердің алынған деректерін талдау нанның физикалық-химиялық және органолептикалық көрсеткіштері бидай нанының көрсеткіштерінен асып түсетінін көрсетеді. Өнімнің ылғалдылығы МемСТ рұқсат етілген 44-47% шегінде, қышқылдығы-3,6-4,0 град болды.

Пісірілген нанның сапасын бағалау суығаннан кейін органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша нормативтік құжаттамаға сәйкес жүргізген. Бұл ретте нанның меншікті көлемін, кеуектілігін, пішінін, түсін және нан жұмсағының құрылымын, нанның дәмі мен иісін анықтаған.

Нанды органолептикалық бағалау нәтижелері 3-кестеде көрсетілген. Қолданыстағы критерийлерге бақылау үлгісі (өсімдік шикізатын қоспаған) барынша толық сәйкес келген. Оның қызғылт түсімен қоңыр қыртысы бар тегіс беті қалыптасқан.

Органолептикалық бағалау кезінде 3% ҚАС 5% - СДДИ; 3%- ҚАС 7% - СДДИ бар нанның жұмсағы ұстағанда қопсыған құрғақ болған. 3%- ҚАС 10% - СДДИ композитті құрамында ақуызы бар қоспаны енгізу өнімнің сыртқы түрін аса нашарлатпайды.

Кесте 3

Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изолятынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған құрамында ақуызы бар қоспа қосылған нанның физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау наны	Шикізат шығыны, г		
		3%- ҚАС 5% - СДДИ	3%- ҚАС 7% - СДДИ	3%- ҚАС 10% - СДДИ
Нан көлемі, см ³	483,8	453,7	400,0	380,3
Қышқылдылық	3,0	3,6	3,8	4,0
Нанның меншікті көлемі, см ³ /100 г	245	230	220	200
Білгалдылық, %	44	45,6	46,4	47
Нан жұмсағының кеуектілігі, %	78	77	73	69
Нан жұмсағының физикалық қасиеттері ΔН _{жал}	24	22	14	6
Салыстырмалы иілгіштік	32,5	25,5	17,5	13,1
Салыстырмалы серпімділік	78	77,3	76,5	74,8

Кесте 4


Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изоляты және кептірілген аспа саңырауқұлағы қосылған құрамында композитті ақуызы бар қоспа қосылған нанның органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Бақылау наны	Дайын өнімнің сапалық сипаттамалары		
		3%- ҚАС 5% - СДДИ	3%- ҚАС 7% - СДДИ	3%- ҚАС 10% - СДДИ
Пішін	дұрыс	дұрыс, қысылмаған		дұрыс, үзілмеген
Қыртысының сипаттамалары	дөңес	дөңес, сызатсыз және үзіндісіз	жұмыр, кішігірім сызаттар	жалпақ, біршама сызаттармен
Қыртысының бояуы	ашық-қоңыр	қоңыр		қара қоңыр
Нан жұмсағының иілгіштігі	жұмсақ, иілгіш	жұмсақ, иілгіш	орташа иілгіш, тығыз	қатты, тығыз құрғақ
Кеуектілік құрылымы	біркелкі, қабырғасы жұқа кеуектілігі дамыған	ірі, қабырғасы қалың	орташа, қабырғасы қалың	ұсақ, қабырғасы қалың
Нан жұмсағының түсі	ашық-сары	сұр-сары		сұр-қоңыр
Дәмі	бидай нанына тән	жағымды, бөгде иіссіз жеңіл саңырауқұлақ дәмімен		нанға тән, аздап ащы дәмімен
Иісі		жағымды, хош иісті	хош иісті	әлсіз саңырауқұлақ иісімен
Шайналымдылығы	жақсы	жақсы		уатылады

Нанға композитті ақуыз қосылған қоспаның 3%- құрғақ аспа саңырауқұлағын және 7% - дәнді-бұршақты дақылдардың изолятын қосу жеткілікті жақсы сапалық сипаттамалар туралы куәландырады. Талдау композитті қоспа енгізілген үлгілердің пішіні дұрыс, дәмі мен хош иісі айқын байқалатынын көрсетті.

Құрамында ақуызы бар қоспаны енгізген кезде нан жұмсағының құрылымдық-механикалық қасиеттері өзгереді. Қоспа компоненттерінің пайыздық арақатынасына байланысты қоспаның мөлшерлемесін 1-9%-ға арттырғанда кеуектілік өзгереді. Нанның көлемі 3% - ҚАС, 5% - СДДИ нан үлгісі үшін 6,2%-ға; 3%- ҚАС, 7% - СДДИ үлгісі үшін 17,3%-ға; 3%- ҚАС, 10% - СДДИ үлгісі үшін 21,3%-ға төмендеді.

Нанның сапалық сипаттамаларында болатын өзгерістердің көрінісін 1-суреттен көруге болады



Сурет 1. Нан көлемі, см³



Сурет 2. Нан жұмсағының құрылымдық-механикалық қасиеттері

Нанның кеуектілігі бойынша деректерді салыстыру бақылау нұсқасымен салыстырғанда өсімдік қоспалары бар (сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының ақуызды изоляты және құрғақ аспа саңырауқұлағы) нан кеуектілігі төмен екенін көрсетті. Бұл ретте нанның ең төменгі мәні бақылау мәнінен 3%- ҚАС 10% - СДДИ қосылған нанда бақыланды. Ең жоғары кеуектілік 3% - ҚАС 5% - СДДИ нан үлгісінде байқалды, бұл бақылауға жақын мән болып табылады. Жалпы пісірілген нан үлгілерінің кеуектілігі норма шегінде болды, ал нан бұл көрсеткіш бойынша сәйкес келді.

Қамырға құрамында ақуызы бар аспа саңырауқұлағы қоспасының компоненттерінің бірін енгізген кезде карбонилды қосылыстардың, спирттердің, эфирлердің, қанттардың, еркін аминқышқылдардың және саңырауқұлақ ұнтағындағының басқа да заттардың жоғары болуы есебінен зерттелетін нан үлгілерінде хош иісті заттар мөлшерінің ұлғаюы байқалды. Пісіру процесінде ақуыздар нанның хош иісі қалыптасатын негізгі сатысы меланоидин түзілу реакциясына қатысатын амин қышқылдарына дейін гидролизденеді.

Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған композитті ақуызы бар қоспаны бидай нанын өндіруге арналған қамырдың ұсынылған құрамы қосымша ақуызды, минералдық заттар, дәрумендер мен тағам талшықтарын енгізу есебінен тағамдық, атап айтқанда, ақуыздық құндылығы, биологиялық құндылығы жоғары өнімдерді алуға, нанның сапасын органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Васюкова, А.Т. Современные технологии хлебопечения [Текст] / А.Т. Васюкова, В.Ф. Пучкова. - М.: Издательский дом Дашков и К, 2008. - 223 с.
2. Антипова, Л.В. Гигиенические аспекты и перспективы отечественного производства растительных белков [Текст] / Л.В. Антипова, И.Н. Толпыгина, М.Е. Успенская, В.И. Попов. - [?], 2015.
3. Невская, Е.В. Разработка хлебопекарных композитных смесей для здорового питания [Текст] / Е.В. Невская, И.А. Тюрина, О.Е. Тюрина, М.Т. Шульбаева, М.Н. Потапова // Техника и технология пищевых производств. - 2019. -Т.49, №4. - С.531-544.
4. Евдокимова, О.А. Технологические аспекты производства и применения съедобных грибов [Текст] / О.А. Евдокимова // Тр. второго съезда Общества биотехнологов России. – М.: Дельта, 2005.
5. Мохань, О.В. Изучение исходного материала вики яровой и использование его в селекции [Текст] / О.В. Мохань. - [?], 2005.- 164 с.

Материал редакцияға 01.06.20 түсті.

Н.А. Горбатовская, Ж.М. Қырғызбаева

Таразский государственный университет им. М. Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ ХЛЕБА, ОБОГАЩЕННОГО КОМПОЗИТНОЙ БЕЛКОВОСЕДЕРЖАЩЕЙ ДОБАВКОЙ

Рассмотрена возможность использования белковосодержащей добавки, состоящей из зернобобовой культуры вики и сушеного гриба вешенки, обладающими ценными пищевыми достоинствами, биодоступностью и безопасностью в производстве хлеба, с целью получения нового продукта функциональной направленности.

Ключевые слова: мука пшеничная 1 сорта, хлеб, композитная белковосодержащая добавка, зернобобовая культура вики, гриб вешенка, белковосодержащие добавки, пищевая ценность.

N.A. Gorbatovskaya, Zh.M. Kyrgyzbayeva

M.Kh. Dulati Taraz State University, Taraz, Kazakhstan

**DEVELOPMENT OF BREAD TECHNOLOGY ENRICHED
IN COMPOSITE PROTEIN-CONTAINING ADDITIVE**

The article considers the possibility of using a protein-containing additive consisting of a legume crop of vetch and dried oyster mushroom having valuable nutritional benefits, bioavailability and safety in the production of bread in order to obtain a new product with a functional orientation.

Keywords: wheat flour of 1 grade, bread from wheat flour of 1 grade with a composite protein-containing additive consisting of leguminous crops of vetch and oyster mushroom, isolate of leguminous crops of vetch; protein-containing additives, nutritional value.

ӘОЖ 664.644

Н.А. Горбатовская¹, Н.В. Иванникова², Ж.М. Қырғызбаева³

¹Техн. ғылымдары канд., профессор, ²Техника және технология магистрі,
³Магистрант

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан
Электрондық пошта: ¹gna.06@mail.ru

**АҚУЫЗДЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ АРТТЫРЫЛҒАН НАН САПАСЫН
ОҢТАЙЛАНДЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕ**

Құрамында ақуызы бар өсімдік шикізатын пайдалану есебінен нанның тағамдық құндылығын арттырудың негізгі жолдары анықталған. Бидай ұнының наубайханалық қасиеттерін жақсарту мақсатында композитті ақуызы бар қоспаны пайдалану мүмкіндігі зерттелген.

Тірек сөздер: 1 сұрыпты бидай ұны, композитті ақуызқұрамды қоспа, сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылдың изоляты, тағамдық және биологиялық құндылық, құрғақ аспа саңырауқұлағынан жасалған ұн.

Қашанда ҚР халқын дұрыс тамақтандыру тұжырымдамасы басым бағыттың бірі болып табылады, оның мақсаттылығы тағаммен келіп түсетін өмірлік қажетті ингредиенттердің тұрақты тапшылығымен, экологиялық жағдайдың нашарлауымен, адамдардың денсаулығын сақтау мәселесінің шиеленісуімен байланысты [1]. Осыны ескере отырып, құрамында дәрумендер, минералды заттар, өсімдік тектес толыққанды ақуыздар және қолайлы май қышқылды құрамы бар липидтер секілді биологиялық белсенді заттармен байытылған нан-тоқаш өнімдерін жасау тамақтану рационасында құнды ингредиенттердің тапшылығын айтарлықтай дәрежеде жоюға мүмкіндік береді [2].

Байытылған нан-тоқаш өнімдерін жасау үшін әртүрлі жолдарды пайдалануға болады. Олардың бірі өсімдік тектес құрғақ аспа саңырауқұлағы

және сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изолятынан құралған құрамында ақуызы бар шикізатты пайдалану.


Базидиальды саңырауқұлақтардың мицелиясы ақуыздың өзекті продуценті болып табылады. Оларды беткі және терең әдістермен өсіреді. Беттік әдіс құрамында крахмалы бар шикізат қолданылады. Ал құрамында целлюлоза және пентозан бар шикізаттарда оларды терең әдіспен өсіреді. Саңырауқұлақтардың мицелиінде 36,7-44,8% ақуыз бар. Ақуыз құрамына барлық алмастырылмайтын аминқышқылдар кіреді, ал құрамында күкірті бар аминқышқылдарының саны бойынша саңырауқұлақ ақуыздары бактериялық және ашытқы ақуыздарынан асып түседі. Ағаш бұзғыш саңырауқұлақтардың мицелиінде нуклеин қышқылдары аз мөлшерде болады. Ағаш бұзатын саңырауқұлақтардың азотты заттарының сіңуі 80-90%-ға жетуі мүмкін. Ақуызды заттардан басқа саңырауқұлақтар мицелиясының құрамына көмірсулар (глюкоза (13,8-18,0%), Д-манноза (1,0-5,7%), ксилоза (2,0-8,0%), В тобының дәрумендері, эргостерин, кейбір гормоналды препараттарды синтездеу үшін бастапқы материал болып табылатын стероидты қосылыстар кіреді [3].

Нан пісіру кезінде кептірілген аспа саңырауқұлағын қолдану сынақтан өткізілді. Бастапқы шикізат ретінде құрамында 32,9% желімтегімен бірінші сұрыпты наубайханалық ұнын және ұн массасының 1, 3 және 5% мөлшерінде алдын ала жұқа ұсақталған кептірілген аспа саңырауқұлағы жемісті денелерінен жасалған ақуыз өнімдерін пайдаланылды. Бақылау үлгісіне қоспа енгізілген бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан алынды.

1-ші сұрыпты бидай ұнының орнына құрғақ аспа саңырауқұлағының әртүрлі мөлшерлемесін енгізген кезде, оның дайын өнімнің сапасына әсер ететін наубайханалық қасиеттері өзгереді. Бұл өзгерістерді зерттеу мөлшерлемелердің қамырдың, дайын өнімнің сапасына әсерін болжауға, технологиялық процестің барысын болжауға және дайын өнімнің сапалық өзгерістерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Қосылатын өнім сыртқы реагенттерді пайдаланбастан, ақуыздардың, көмірсулардың және басқа да кешендердің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, саңырауқұлақтардың жемісті денелерінің барлық бөліктері біркелкі талқандалатын автогидролизді кептіру және ұсақтауды пайдаланумен алынғанын ескеру қажет.

Рецептураға саңырауқұлақ қоспаларын енгізген кезде желімтектің серпімдік қасиеттерінің айтарлықтай төмендеуі; оның ылғал сіңіргіш қабілетінің артуы анықталды, бұл саңырауқұлақтардың құрамында жоғары гидрофильді қабілеті бар ақуызды заттар мен клетчатканың біраз мөлшерін енгізу нәтижесіне байланыстырушы ылғал үлесінің артуы есебінен болады.

Су сіңіру қасиеттеріне зерттеу жүргізген кезде, кесте бойынша, ақуызды өнімді енгізу қамырдың көптеген қасиеттеріне қатты әсер ететіні байқалған. Соның ішінде, гидротация қарқындылығы мен жылдамдығына, 1-суретте қамырды илеген кезде су сіңіру процесінің дәрежесі туралы пайымдауға болатын Alveo-Consistograf-NG жүйесінің қамыр илегішпен көрсетілетін қысым деңгейінің тұрақты төмендеуінің бірінші сәттері көрсетілген. Бұл әсерлер құрғақ аспа саңырауқұлағының функционалдық қасиеттерімен шарттанған, олардың ішінде, мысалы, ерігіштік, су және май ұстау қабілеті, ұйма түзу қабілеті сияқты қасиеттерді атап өтуге болады [4].



Сурет 1. Құрғақ аспа саңырауқұлағы енгізілген набайханалық ұн қоспаларының су сіңіру қасиеттері

Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылы изолятының сапалық сипаттамаларға әсері. Таңдау қоспаның химиялық құрамы мен пайдалы қасиеттеріне негізделген. Изоляттар ақуыздардың аса концентрлі түрі болып табылады. Ондағы шикі протеиннің мөлшері 90% кем емес. Зерттеуде ұн массасына 3, 5, 7% сандық қатынаста сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылы изоляттарын енгізудің әртүрлі нұсқалары апробацияланған [5].

Амин қышқылдарының жиынтығы және олардың кейбірінің құрамы бойынша сиыржоңышқаның ақуызының мөлшері тауық жұмыртқасынан кем болмайды. Сиыржоңышқаның жемдік сұрыптарын антиқоректік заттардан таза шығару өте өзекті болып келеді. Протеиннің биологиялық құндылығы жоғары, оңтайлы аминқышқыл құрамы, трипсин және циангликозидтер тежегіші төмен сиыржоңышқаның өзекті сұрыптары тамақ өнімдерін өндіруде изоляттар түрінде пайдаланылуы мүмкін. Көптеген авторлар гликозидтер деңгейі жоғары жаздық сиыржоңышқаны алдын ала антиқоректік заттарды бұзу үшін өңдеу немесе олардың мөлшері төмен сұрыптарды таңдау қажет деп санайды. Сиыржоңышқа дәнін булау ақуыздың биологиялық құндылығын арттыратыны белгілі. Лизинді қолдану 17,9%, метионин 9,85% өскен. Сиыржоңышқаны температуралық өңдеу кезінде ондағы глицин мен гистидин мөлшері артады, бірақ глютамин, серин, аспарагин қышқылының, пролина, лизин мөлшері азаяды. *Vicia sativa* тұқымдарында вичин және конвигин бар, құрғақ зат 0,791 және 0,147%.

Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изолятынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған композитті құрамында ақуыз бар қоспаның әсері. Ұннан, судан, ашытқыдан, тұздан және басқа да компоненттерден құралған күрделі қоспа болып табылатын қамырдың физикалық-химиялық қасиеттерін зерттеу көптеген факторлар бойынша үлкен маңызға ие.

Нормативтік-техникалық құжаттарға енгізілген сапа көрсеткіштері жартылай фабрикатты бағалаудың негізі болып табылады. Бұл органолептикалық, физикалық-химиялық және құрылымдық-механикалық көрсеткіштердің кешені [6].

Жартылай фабрикаттарда өтетін процестерге, олардың құрылымдық-механикалық қасиеттерінің өзгеруіне және дайын өнімдердің сапасына құрамында композитті ақуызы бар қоспалардың әсер ету деңгейі органолептикалық және физикалық-химиялық әдістермен анықталды.

Алынған деректер №1 бақылау үлгісінің (бірінші сұрыпты бидай ұнынан) және үлгілермен (әртүрлі арақатынаста қоспа компоненттері енгізілген бірінші сұрыпты бидай ұнынан жасалған) салыстырылды.

Композиттік қоспаның қамырдың сапасына әсерін зерттеу келесі көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылды: желімтектің саны мен сапасы; ұнның газ түзу қабілеті; қамырдың газ ұстау және пішін ұстау қабілеті; ұнның су сіңіру және гидратациялық қабілеті; ұнның және қамырдың қышқылдығы; қамырдың реологиялық қасиеттері. Зерттеулер мемлекеттік стандарттардың талаптарына жауап беретін және метрологиялық аттестаттаудан өткен заманауи жабдықта жүргізілді.

Кестеде қамырдың сапалық сипаттамаларына композитті құрамында ақуызы бар қоспалардың әсері ұсынылған.


Кесте 1

Қамырдың сапалық сипаттамаларына ақуызқұрамды композитті қоспа енгізілген үлгілердің сапа көрсеткіштері

Сапа көрсеткіштері	Бақылау үлгісі	Қамыр сапасы көрсеткіштерінің мәндері		
		3%- ҚАС 5% - СДДИ	3%- ҚАС 7% - СДДИ	3%- ҚАС 10% - СДДИ
Сусымалы компоненттердің ылғалдылығы, %	14,5	14,0	13,7	13,3
Қамырдың ылғалдылығы ,	44			
Қышқылдылық, град	2,5	4,1	4,3	4,5
Су сіңіру қабілеті, %	51	54,2	55,6	56,1
Шикі желімтек мөлшері, %	32	31	29	28
Глютен-индекс	98	97	96	95
Ұнның газ түзуші қабілеті, мл CO ₂ /100 г қамыр	1375	1427	1545	1623
Газ ұстау қабілеті, мл/100 г ҚЗ	280	273	268	260
Пішін ұстау қабілеті, мм	22	24	31	42


Аспа саңырауқұлақтарынан жасалған ұнтақты енгізген кезде ашытқы жасушаларының қызметін қарқындату саңырауқұлақтарды қайта өңдеу өнімдерінің құрамында минералды заттар, дәрумендер, органикалық қышқылдардың болуымен түсіндіріледі. Аспа саңырауқұлақтарынан жасалған ұнтақпен қамырға түсіп, бұл заттар ашытқы жасушалары үшін қосымша қоректендіру болып табылады. Енгізілетін қоспа мөлшерінің ұлғаюымен шикі желімтектің салмақтық үлесі біршама төмендеген, бірақ оның серпімділік қасиеттерінің жоғарылауы орын алған, бұл туралы ИДК көрсеткіштерінің төмендеуі куәландырады.

2-суретте қамырдың сапалық сипаттамалары өзгерісінің нұсқалық диаграммасы көрсетілген.



Сурет 2. Ақуызқұрамды композитті қоспа енгізілген қамырдың сапалық сипаттамалары өзгерісінің нұсқалық диаграммасы

Илегеннен кейін қамырдың тәжірибелік сынамасы бақылау үлгісімен салыстырғанда анағұрлым жоғары тиімді тұтқырлыққа ие болған, ол құрамында ақуызы қоспасы бар изолят компоненттің жоғары су байланыстырушы қабілетімен шарттанған. Қоспаның бұл қасиетімен бақылау үлгісімен салыстырғанда тәжірибелік сынамалардың қамырдың адгезиялық беріктігінің төмендеуі де байланысты, себебі қамырдың тұтқырлығы жоғарылаған кезде диффузиялық процесс оның төсемімен жанасқан жеріне қарқынды өткен, ал белгілі бір жүктеменің әсерінен субстрат пен адгезив арасындағы байланысты бұзу үшін қажетті күш азайған. Нанды дайындау кезіндегі технологиялық процестің барлық сатыларында адгезияның азаюы есебінен ашытуға құрғақ заттардың шығынының қысқаруы және бақылаумен салыстырғанда тәжірибелік сынамалардағы қамыр ылғалдылығының артуы және нан шығымының жоғарылауы әсер етті.



Сурет 3. Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының изолятынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған ақуызқұрамды композитті қоспа енгізілген 1-ші сұрыпты бидай ұнынан жасалған қамырдың газ ұстау және пішін ұстау қабілетінің көрсеткіштері

Диаграммадан газ ұстау қабілетінің өзгеруі көрінеді. Құрамында композитті ақуызы бар қоспаның мөлшерлемесін ұлғайту газ ұстау қабілетінің төмендеуіне алып келді. Бақылау үлгісімен салыстырғанда 3%-ға - ҚАС, 5%-ға - СДДИ енгізілген кезде 2,5%-ға азайды, қоспаны 3%-ға - ҚАС,

7% - СДДИ және 3% - ҚАС, 10% - СДДИ енгізілген кезде сәйкесінше 4,28% және 7,14%-ға төмендеді.

Орындалған теориялық және эксперименталдық зерттеулер сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған перспективалы композитті құрамында ақуызы бар қоспаны нан пісіруде қолданудың тиімділігін растады, енгізілуі функционалды тамақтануға арналған өнімдердің ассортиментін кеңейтуге елеулі үлес қосатын тағамдық құндылығы жоғары нанның жаңа рецептурасын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Сапасын және тағамдық құндылығын, соның ішінде ақуыз құндылығын арттыру, сондай-ақ оларға функционалды қасиеттер беру мақсатында нан-тоқаш өнімдерін өндірісінде перспективалы шикізат көздерін (сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылының ақуызды изолятын және құрғақ аспа саңырауқұлағын) қолдану ғылыми негізделді және эксперименталды расталды.

Бидай ұнының наубайханалық қасиеттерін жақсарту, ашыту процесін қарқындату, нан-тоқаш өнімдерінің сапасын арттыру үшін сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған құрамында ақуызы бар қоспаны пайдаланудың мақсатқа сәйкестігі зерттелді.

Үздік сапа көрсеткіштерімен нан-тоқаш өнімдерін алуды қамтамасыз ететін сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған композитті құрамында ақуызы бар қоспаның ең оңтайлы мөлшерлемесі дәнді-бұршақты дақылдың ақуызды изоляты үшін - 7%; құрғақ аспасаңырауқұлағы үшін – ұн массасына 3% болып табылады. Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылын қайта өңдеу технологиясында сіңбейтін қосылыстарды белсенсіздендірумен және жоюмен байланысты сатылар көзделгенін атап өткен жөн.

Сиыржоңышқа дәнді-бұршақты дақылынан және кептірілген аспа саңырауқұлағынан құралған композитті құрамында ақуыз бар қоспаның қамырдың технологиялық қасиеттеріне әсері анықталды. Енгізілген қоспалардың мөлшеріне байланысты желімтектің салмақтық үлесі 1-4%-ға төмендегені байқалды, бұл ретте шикі желімтектің серпімді қасиеттері нығыздау жағына қарай өзгерді. Қоспа компоненттерінің бірі – аспа саңырауқұлағынан жасалған құрғақ ұнтақ ашытқы жасушаларының белсенділігі мен тіршілігіне қолайлы әсер етеді. Қоспаны пайдалану ашыту процесін қарқындатуға, негізгі технологиялық операциялардың уақытын қысқартуға және қажетті сапа параметрлерімен нан өндіруге мүмкіндік береді. Құрамында ақуызы бар қоспаны бидай ұнының салмағына пайыздық қатынаста енгізген кезде газ түзу қабілеті қоспаны 3% - ҚАС, 5% - ҚДДИ пайыздық қатынаста енгізген кезде бақылаумен салыстырғанда 3,78%-ға; 3% - ҚАС 7% - ҚДДИ 12,36%-ға; 3% - ҚАС 10% - СДДИ 18%-ға артады. Композитті құрамында ақуызы бар қоспаны енгізу қамырдың жетілу процесіне жағымды әсер етеді, бұл қоспаларда органикалық қышқылдардың және минералды заттардың жоғары мөлшерімен түсіндіріледі.

Сонымен қатар зерттеу барысында дәстүрлі емес шикізаттың қамырдың сапалық сипаттамаларына әсері зерттелді. Өнімнің биологиялық құндылығының артуы оның химиялық құрамына жетіспейтін элементтерінің орнын толтыру есебінен мүмкін болды. Осы мақсатта тамақ өндірісі дәстүрлі

шикізаттан тұратын және шикізаттың әртүрлі жаңа түрлерін қамтуы мүмкін түрлі биологиялық белсенді композиттік қоспаларды пайдаланады. Жүргізілген тәжірибелер нан-тоқаш өнімдерінің өндірісінде ақуызқұрамды композитті қоспаны әрі қарай зерттеудің орындылығын растады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кайгородцев, А.А. Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана. Вопросы теории, методологии, практики [Текст] / А.А. Кайгородцев. - Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. - 384 с.
2. Таршилова, Л.С. Устойчивое развитие агропромышленного комплекса как основа продовольственной безопасности региона [Текст] / Л.С. Таршилова // АльПари. - 2012. - № 1-2. - С.182-184.
3. Юдина, С.Б. Технология продуктов функционального питания [Текст] / С.Б. Юдина. - М.: ДеЛипринт, 2008. - 280 с.
4. Дворкина, А.А. Базидиальные съедобные грибы в искусственной культуре [Текст] / А.А. Дворкина. - Кишинев: Штиинца, 1990. - 111 с.
5. [?], [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://moi-gribi.ru/veshenki/vyrashchivanie-v-domashnih-usloviyah>
6. Мохань, О.В. Изучение исходного материала вики яровой и использование его в селекции [Текст] / О.В. Мохань. - [?], 2005.- 164 с.

Материал редакцияға 01.06.20 түсті.

Н.А. Горбатовская, Н.В. Иванникова, Ж.М. Қырғызбаева

Таразский государственный университет им. М. Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД В ОПТИМИЗАЦИИ КАЧЕСТВА ХЛЕБА С ДОБАВЛЕННОЙ БЕЛКОВОЙ ЦЕННОСТЬЮ

Определены основные пути повышения пищевой ценности хлеба за счет использования белоксодержащего растительного сырья. Исследована целесообразность использования композитной белковосодержащей добавки для улучшения хлебопекарных свойств пшеничной муки.

Ключевые слова: мука пшеничная 1 сорта, композитная белковосодержащая добавка, изолят зернобобовой культуры вика, пищевая и биологическая ценность, мука из сухих грибов вешенка.

N.A. Gorbatovskaya, N.V. Ivannikova, Zh.M. Kyrgyzbayeva

M.Kh. Dulati Taraz State University, Taraz, Kazakhstan

INNOVATIVE APPROACH IN OPTIMIZATION OF BREAD QUALITY WITH ADDED PROTEIN VALUE

The article determines the main ways of increasing the nutritional value of bread through the use of protein-containing vegetable raw materials. Also the feasibility of using a composite protein-containing additive to improve the baking properties of wheat flour is investigated in this article.

Keywords: wheat flour of the 1st grade, composite protein-containing additive, isolate of leguminous crop of vetch; nutritional and biological value, flour from dried oyster mushrooms.

ӨОЖ 664.6/7

Л.Ж. Алашбаева¹, А.К. Садибаев², Д.А. Шаншарова³,
А.Б. Мынбаева⁴, Г.Е. Баймуратова⁵

¹PhD докторант, ^{2,4}Техн. ғылымд. канд., доцент,

³Техн. ғылымд. д-ры, профессор, ⁵Магистр

^{1,3}Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

^{2,4,5}М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз, қ., Қазақстан

ТҰТАС ДӘНДІ БИДАЙ ҰНЫНА КАЛЬЦИЙҒА БАЙ ДАҚЫЛДАР МЕН ЛИЗОЦИМ ҚОСЫЛЫП ДАЙЫНДАЛҒАН ФУНКЦИОНАЛДЫ НАН ӨНІМІНІҢ РЕЦЕПТУРАСЫН ҚҰРАСТЫРУ

Денсаулыққа пайдалы нан өнімі ретінде тұтас дәнді бидай ұнынан дайындалған нан өнімі алынды. Дегенмен, тұтас дәнді бидай наны тағамдық құндылығы жағынан пайдалы болғанымен, оның бірқатар кемшіліктері де бар. Ондағы микробиологиялық зақымға ұшырауын болдырмас үшін лизоцим ферменті, кальциймен және басқа да минералдар және дәрумендермен толықтыру үшін чиа және күнжіт дәндері биологиялық қоспа ретінде қолданылды. Олардың оңтайлы мөлшері математикалық модельдеу бойынша, нанның меншікті көлеміне лизоцим, күнжіт және чианың мөлшерлік құрамының беттік жауабы және сызықсыз деңгейі зерттелді.

Тірек сөздер: тұтас дәнді бидай ұны, чиа және күнжіт дәндері, лизоцим, математикалық модельдеу.

Дұрыс тамақтанудың заманауи тұжырымдамаларының негізі ағзаның қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру мүмкіндігін қарастыратын оңтайлы тамақтану тұжырымдамасы болып табылады. Дұрыс тамақтанудың маңызды құрамдас бөлігі өсімдіктер, көкөністер, жемістер мен жидектер екені белгілі, өйткені олар дәрумендер мен диеталық талшықтардың негізгі көзі [1]. Қазіргі уақытта тамақ өнеркәсібінде тұтас дәнді бидай ұнынан немесе ұнға дәнді дақылдарды енгізіп нан өнімдерінің жаңа түрлерін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Тұтас дәнді бидай ұны (ТДБҰ) - бұл эндоспермнен, ұрықтан және дәннің сыртқы қабығы алынбаған дән тұтасымен тартылу арқылы алынған ұн. Оларсыз ұн – асқазан-ішек жолдарының жұмысында қиындықтар туғызатын, семіздік және басқа да ауруларға әкелетін көп мөлшерде көмірсулары бар сұрыпты өнім. Ұнның аспаздық өнімдерін өндіруде қосылған қоспаны таңдау тұтас бидай ұнының химиялық құрамына және оның адам ағзасына әсер ету дәрежесіне байланысты [2,3].

Тұтас дәнді бидай ұны эндоспермнің сыртқы қабығынан тазартылмағандықтан, тартылған ұнда табиғаты жағынан химиялық улы заттарды өндіретін спора түзетін бактериялармен және микроскопиялық саңырауқұлақтармен зақымдану қаупін тудырады [4]. Патогенді микрофлорамен контоминирленген тағамды пайдалану адамда ауру тудырады. Дәннің микробтармен зақымдануы тамақтың бүлінуіне ғана емес, сондай-ақ дайын өнімнің сапасына және жалпы адамның денсаулығына жағымсыз әсер ететін тамақ өнімдерінің сапасының төмендеуіне алып келеді, бұл бүкіл әлемдегі қауіпсіздік проблемасы болып табылады.

1-кестедегі мәліметтер бойынша, бақылау бактерияларының (бірінші сұрыпты ұннан жасалған нан) және тәжірибелік үлгілердің (тұтас дәнді ұннан жасалған нан) саны пісіргеннен кейін 48 сағаттан кейін нанның бүлінуінің микробиологиялық қоздырғыштарымен ластанғанын көруге болады.

Кесте 1

Зерттелентін нан өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Көрсеткіштердің мәні			Зерттеу әдістері
	1 сұрыпты ұн	ТДБҰ	ТДБҰ+1%ЛБК	
КМАФАнМ, КТБ/г	$0,5 \cdot 10^2$	$9,7 \cdot 10^2$	Анықталмаған	МЕМСТ 10444.15
Зең, КТБ/г	10 аз	10 аз	Анықталмаған	МЕМСТ 10444.12
Ашытқылар, КТБ/г	10 аз	10 аз	Анықталмаған	МЕМСТ 10444.12

Мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалардың саны тәжірибелік үлгілерде пісіргеннен кейін 48 сағаттан кейін бақылаудағыдан артық, мұны тұтас дәнді ұнда топырақ флорасына байланысты дән қабығы бар екендігімен түсіндіруге болады. Сондықтан, потогенді микроағзаларды басу үшін С.А.Озолинмен әзірленген әдіс бойынша ақбас қырыққабаттан бөлініп алынған лизоцимі бар биополимерлік кешен (ЛБК) қосылады.

Қазіргі таңда кальцийдің жетіспеушілігінен туындайтын аурулар өте көп. Кальций адам денсаулығы үшін өте пайдалы элементтің бірі болып табылады. Ол жүйке клеткалары, бұлшықет және жүректің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет. Дегенмен, кальций басқа элементтердің қатысымен ғана өз қызметін жасай алады. Сондықтан да, фосфорсыз сау сүйектер мен тісті ұстап тұру мүмкін емес, ал магнийсіз жүрек-тамыр жүйесінің қалыпты функциясын ұстай алмайды. Фосфор мен магний чиа мен күнжіт дәндерінде жеткілікті мөлшерде кездеседі.

Кальций дәрумендер мен минералдардың қатысуымен ағзаға сіңетін өте күрделі процесс. Сондықтан, жаңа функционалды нан құрамындағы барлық шикізат түрлі дәрумендер мен минералдарға бай.

Зерттеу жұмысының мақсаты – тұтас дәнді бидай ұнына лизоцим, күнжіт және чиа дәндерінің оңтайлы мөлшерін енгізу арқылы нан өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін болжау және өзгерту мүмкіндігін қарастыру. Таңдалған қоспаларды қолданудың орындылығын бағалау үшін нан өнімдерінің физикалық-химиялық, органолептикалық және микробиологиялық көрсеткіштеріне талдау жасалады және ең жақсы көрсеткіштері бар үлгілер математикалық талдау бойынша анықталады. Салыстыру үшін классикалық рецепт бойынша дайындалған бірінші сұрыпты бидай ұнынан жасалған өнімдердің үлгілері пайдаланылды. Прототиптер ұқсас рецепт бойынша дайындалды, тұтас дәнді бидай ұнына лизоцим, күнжіт және чиа дәндерінің түрлі мөлшері қосылды. Ең жақсы деп танылған өнімдер үшін дайын өнімнің органолептикалық, физикалық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерінің жиынтығы ескерілетін сапаның квалиметриялық бағасы жүргізілді.

Математикалық модель құру және қамыр дайындау процесінің оңтайлы

параметрлерін таңдау мақсатында тәжірибелік-статистикалық тәсіл қолданылды. Дайын нан өнімдерінің физикалық-химиялық қасиеттерін сипаттайтын шығару параметрі ретінде өнімнің меншікті көлемі ($\text{см}^3 / 100 \text{ г}$) пайдаланылды. Таңдалған негізгі факторлар: x_1 - лизоцимнің дозасы, қамырдағы ұнның жалпы массасы бойынша %; x_2 - күнжіт, қамырдағы ұнның жалпы массасына, %, x_3 - чиа, қамырдағы ұнның жалпы массасына, %. Таңдалған факторлар бір-бірімен сәйкес келмейді (2-кесте).

Кесте 2

Жоспарлау сипаттамасы

Көрсеткіштердің атауы		x_1	x_2	x_3
Факторлардың үстінгі деңгейі	(+1)	1,5	2	3
Факторлардың төменгі деңгейлері	(-1)	0,5	1	1
Факторлардың негізгі деңгейлері	(0)	1	1,5	2
Факторлардың өзгеру деңгейлері		0,5	0,5	1
Қатынасы		2	2	2

Таңдалған шығыс параметрінің зерттелетін факторлардан тәуелділігін пара-пара сипаттайтын математикалық модель құру үшін орталық композициялық униформа-ротатабельді жоспар жүйесі бойынша белсенді эксперимент жүргізілді. Бақыланбайтын параметрлердің эксперимент нәтижелеріне әсерін болдырмау үшін тәжірибе тәртібі кездейсоқ сандар кестесі арқылы рандомизирленген. 3-кестеде параллельді екі тәжірибедегі жауап беру функциясының орташа арифметикалық мәндері берілген.

Кесте 3


Жоспарлау қалыпы және эксперимент нәтижесі

№	X_1	X_2	X_3	Y	№	X_1	X_2	X_3	Y
1	1	1	1	247	11	0	-1,68	0	250
2	1	1	-1	251	12	0	1,68	0	250
3	1	-1	1	250	13	0	0	-1,68	247
4	1	-1	-1	247	14	0	0	1,68	254
5	-1	1	1	249	15	0	0	0	257
6	-1	1	-1	241	16	0	0	0	258
7	-1	-1	1	250	17	0	0	0	257
8	-1	-1	-1	237	18	0	0	0	257
9	-1,68	0	0	238	19	0	0	0	257
10	1,68	0	0	244	20	0	0	0	258

Тәжірибе мәліметтерін статистикалық өңдеу регрессиондық коэффициенттердің бағалауын есептеу, олардың маңыздылығын тексеру, тәжірибе өсімін бағалау және алынған теңдеудің адекваттылығын белгілеу болып табылады. Эксперименталды деректерді статистикалық өңдеу нәтижелерінде ЛБК, күнжіт және чияның тұтас дәнді бидай ұнына қоспалардың мөлшерленуінен дайын нан өнімінің үлес көлемінің тәуелділігін адекватты сипаттайтын регрессия теңдеуі алынды:

$$Y_1 = 250,741 + 2,06x_1 + 0,29x_2 + 2,32x_3 - 0,25x_1x_2 - 2,75x_1x_3 - 1,5x_2x_3 - 5,96x_1^2 - 5,79x_2^2 - 2,61x_3^2$$

Осылайша, нан өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін түрлі мөлшерлеу арқылы алдын-ала болжау және өзгерту мүмкіндігі расталды: 100 г бидай ұнына лизоцим -1%, күнжіт - 1,5% және чиа - 2,5% -дан.



Сурет 1. Y_1 үшін нанның меншікті көлеміне лизоцим, күнжіт және чианың мөлшерлік құрамының беттік жауабы және сызықсыз деңгейі

Нанның меншікті көлеміне қоспалардың аралас әсерін таңдау кезінде беттік жауап алу үшін алынған нәтижелер талданды:

1-суреттің А бөлімінде нанның меншікті көлемінің (x_1) лизоцим мен x_2 күнжіт дәніне тәуелділігі берілген. Суреттен көрінгендей $x_1 = 1,01$ пайыз және күнжіт мөлшері $x_2 = 1,51$ пайыз құрады. Ал лизоцим мен күнжітке тәуелді нан сапасының ең үлкен пикі $E=253$ мм өлшемді көрсетті.

1-суреттің Б бөлімінде нан сапасының (x_1) лизоцим мен (x_3) чиа дәніне тәуелділігі берілген. $x_1 = 0,98$ пайыз және $x_3 = 2,49$ пайызды құрады. Нан сапасының иімділігінің жоғарғы көрсеткішіне $E=252$ мм өлшемге қол жеткізді.

1-суреттің В бөлімінде нан сапасының x_2 күнжіт дәні мен x_3 чиа дәніне тәуелділігі берілген. Бұнда күнжіт дәнінің шамасы $x_2=1,5$ пайызды және чиа дәнінің шамасы $x_3=2,50$ пайызды құрады. Нан сапасының иімділігінің жоғарғы көрсеткішіне $E=251$ мм өлшемге қол жеткізді.

Графикалық талдау арқылы қамырдағы бидай ұнының массасына пайызға шаққанда келесі мөлшерлер ең оңтайлысы болып табылатынын көрсетті: лизоцимі бар биологиялық кешен – 0,72%, күнжіт – 2,7%, чиа – 3,27%. Тұтас дәнді бидай ұнының нан өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштеріне әсерін анықтау үшін аэробты және факультативті-анаэробты

микроағзалардың саны, сондай-ақ ашытқы мен зеңдердің саны анықталды. Микробиологиялық талдаулар (ГОСТ 10444.15) өнімдерді пісіргеннен кейін 12 және 48 сағаттан кейін жүргізілді (4-кесте).

Математикалық модельдің оңтайлы мөлшерін пайдалана отырып, нан пісіру дайындалды, өнімнің физикалық-химиялық және органолептикалық қасиеттері зерттелді.

Кесте 4

Зерттелетін нан өнімінің сапа көрсеткіші

Көрсеткіштер	Көрсеткіштердің мәні	
	Бақылау	Тәжірибе
Органолептикалық баллдар		
Сыртқы түрі	4	5
Пішіні	4	5
Түсі	4	5
Нанның пісуі	5	5
Промес	5	5
Дәм	5	5
Иісі	4	5
Физикалық-химиялық бағалау		
Ылғалдылығы, %	44	44
Қышқылдылығы, град	3,1	2,5
Кеуектілігі, %	62	69,6
Меншікті көлемі, см ³ /100 г	202	258

Оңтайлы дозалау деп танылған өнім үшін дайын өнімнің органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштерінің жиынтығын ескеретін сапаны квалиметриялық бағалау жүргізілді. Бақылаумен салыстырғанда (тұтас дәнді ұнынан жасалған нан) нанның сапа көрсеткіштері бойынша функционалдық мақсаттағы нан жақсы деп танылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Губанихина, Е.В. Правильное питание как фактор сохранения здоровья человека [Текст] / Е.В. Губанихина // Молодой ученый. - 2017. - №50(184). - С.119-121.
2. Agiriga, Anna Ngozi. Effect of whole wheat flour on the quality of wheat- baked bread/ Global Journal of Food Science and Technology/ June 2014 124-133 p.
3. Sviatoslav Navrotskyia, Gang Guob, P. Stephen Baenzigerc, Lan Xuc, Devin J. Rosea. Impact of wheat bran physical properties and chemical composition on whole grain flour mixing and baking properties/ <https://doi.org/10.1016/j.jcs.2019.102790>
4. Sanaz Benisi-Kohansal,4,9 Parvane Saneei,4,9 Mohammad Salehi-Marzijarani,5 Bagher Larijani,6 and Ahmad Esmailzadeh7Whole-Grain Intake and Mortality from All Causes, Cardiovascular Disease, and Cancer: A Systematic Review and Dose-Response Meta-Analysis of Prospective Cohort Studies/ <https://www.researchgate.net/publication/310435532>

Материал редакцияға 04.05.20 түсті.

Л.Ж. Алашбаева¹, А.К. Садибаев², Д.А. Шаншарова¹,
А.Б. Мынбаева², Г.Е. Баймуратова²

¹Алматынський технологический университет, г. Алматы, Қазақстан
²Таразский государственный университет им М.Х. Дулати, г. Тараз, Қазақстан

СОСТАВЛЕНИЕ РЕЦЕПТУРЫ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ХЛЕБОБУЛОЧНЫХ ИЗДЕЛИЙ, ПРИГОТОВЛЕННЫХ С ДОБАВЛЕНИЕМ ЛИЗОЦИМА И КУЛЬТУР, БОГАТЫХ КАЛЬЦИЕМ, В ЦЕЛЬНОЗЕРНОВУЮ МУКУ

В качестве полезного для здоровья хлебобулочного изделия был получен хлеб из цельной пшеничной муки. Однако, несмотря на то, что цельный хлеб полезен по пищевой ценности, он имеет ряд недостатков. Для предотвращения микробиологического поражения в ней использовался фермент лизоцима. Для повышения пищевой ценности и кальция семена чиа и кунжута использовались в качестве биологической добавки. Получен поверхностный отклик при выборе комбинированного влияния добавок на удельный объем хлеба.

Ключевые слова: цельнозерновая пшеничная мука, семена чиа и кунжута, лизоцим, математическое моделирование.

L.Zh. Alashbayeva¹, A.K. Sadybayev², D.A. Shansharova¹,
A.B. Mynbayeva², G.E. Baymuratova²

¹Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan
²Taraz State University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

PREPARATION OF RECIPES FOR FUNCTIONAL BAKERY PRODUCTS PREPARED WITH THE ADDITION OF LYSOZYME AND CALCIUM-RICH CULTURES IN WHOLE-GRAIN FLOUR

Whole wheat flour bread was obtained as a healthy bakery product. However, despite the fact that whole bread is useful in nutritional value, it has several disadvantages. To prevent microbiological damage, the enzyme lysozyme was used in it. To increase nutritional value and calcium, chia and sesame seeds were used as a biological supplement. A surface response was obtained when choosing the combined effect of additives on the specific volume of bread.

Keywords: whole grain wheat flour, chia and sesame seeds, lysozyme, mathematical modeling.

ӘОЖ 664.66

Л.Ж. Алашбаева¹, Д.А. Шаншарова², А.Б. Мынбаева³,
Г.Е. Баймуратова⁴, М.Ш. Гаражаев⁴

¹PhD докторант, ²Техн. ғылымд. д-ры, профессор,
³Техн. ғылымд. канд., доцент, ⁴Магистр
^{1,2}Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан
^{3,4}М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз, қ., Қазақстан

ҚЫРЫҚҚАБАТ (*BRASSICA OLERACEA*) ЭКСТРАКТИСІ ҚОСЫЛҒАН ТҮТАС ДӘНДІ БИДАЙ НАНЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Зерттеу жұмысында тұтас дәнді нанға қырыққабат шырынының түрлі пайыздық мөлшерінің салыстырмалы әсері зерттелген. Сапалық көрсеткіштерін анықтау үшін, функционалды нан өніміне физикалық, физикалық-химиялық талдау жүргізілді. Нанның сапалық көрсеткіші бойынша бақылау нұсқасымен салыстырғанда түрлі пайыздық мөлшердегі қырыққабат шырыны қосылған нұсқалар жоғары нәтижеге ие болды. Нан өнімінің физикалық және физикалық-химиялық құрамын барлық параметрлер бойынша салыстыру кезінде В4 үлгісі ең жақсы көрсеткішке ие болды. Тәжірибе көрсеткіштері бойынша, тұтас дәнді нанның сапасын қырыққабат шырынының түрлі пайыздық мөлшерін қосу арқылы жақсартуға болатыны айқындалды.

Тірек сөздер: қырыққабат экстрактісі, тұтас дәнді бидай наны, физикалық-химиялық көрсеткіштер.

Қырыққабат (*Brassica oleracea*) шаршы гүлділер тұқымдастарына жатады, қырыққабаттың әр түрлері жапырақтардың өлшемі, пішіні мен түсі және өнімдерінің құрылымы жағынан үлкен айырмашылықтарға ие [1]. Олардың антиоксиданттық, қабынуға қарсы және антибактериалды қасиеттерінің арқасында қырыққабат асқазан-ішек бұзылыстарына байланысты симптомдарды жеңілдету үшін, сондай-ақ, ұсақ тіліктер мен жараларды және маститті емдеуде халық медицинасында кеңінен қолданылады, өйткені қырыққабат шырыны U дәруменінен тұрады [2]. Бұл дәрумен аш ішек пен асқазанның шырышты қабығына цитопротекторлы әсер етіп, қорғаныс қабілетін арттырады [3].

Қырыққабаттың негізгі компоненттері – көмірсу, ол құрғақ салмақтың 90% құрайды, оның үштен бір бөлігі диеталық талшықтар, ал үштен екісі – төменгі молекулалық көмірсулар. Басқа компоненттер сипаттамасына глюкозинолаттар жатады [4]. Глюкозинолаттар бактерияға қарсы, саңырауқұлаққа қарсы және ісікке қарсы белсенділігі жоғары. Зерттеу кезінде сүт безі ісігі, өкпе және тоқ ішек қатерлі ісігі сияқты ауруларына қарсы глюкозинолаттардың әсері тиімді екенін анықтады [5].

Глюкозинолаттар мирозиназа (тиоглюкозид, глюкогидролазы) эндогенді ферментінің әсерімен өңдеу кезінде өсімдіктерде изотиоцианаттар мен нитрилдердің пайда болуымен немесе комменсальды микрофлораның әсерімен асқазан-ішек жолында ыдырауы мүмкін [6].

Көптеген тұтынушылар тұтас дәнді ұнға қарағанда, сұрыпты ұннан дайындалған нан мен нан өнімдерін тандайды, себебі, тұтас дәнді бидай нан өнімінің құрылымдық қасиеті тартымды емес.

Тұтас дәнді ұн (ТДҰ) ұрықтың, эндоспермнің сыртқы қабатынан және қауызынан тазартылмаған дәннен жасалған ұн екені белгілі. Сұрыпты ұн құрамында асқазан-ішек жолдарының, семіздік пен басқа да ауруларды тудыртатын көмірсулар көп [7]. Нан өнімдерін өндіруге тұтас дәнді ұнын енгізуді таңдау химиялық құрамының ерекшелігіне және адам ағзасына әсер ету дәрежесіне байланысты.

Сонымен қатар, тұтас дәнді ұндағы кебектер нан өнімдерінің сапасына әсер етеді. Қазіргі таңда тұтынушылардың денсаулығына қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі қоспалары бар нан мен нан өнімдерінің түрлері кеңейтілуде.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қырыққабат сығындысын қосып, тұтас дәнді ұннан жасалған нан өнімінің сапасын жақсарту болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде «Даулет» қызыл күздік бидайынан ұнтақталған тұтас дәнді бидай ұны (МЕМСТ 26574-85. Наубайханалық бидай ұны) таңдалды.

Тұтас дәнді ұнды алу үшін «Жер және өсімдік шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институтында» (Алматы қ.) алынған ақуыз мөлшері 12,2 болатын күздік қызыл бидай қолданылған.

Құрамына 70 мин көтерілу күші бар МЕМСТ 171 бойынша пресстелген наубайханалық ашытқысы, ақбас қырыққабаттың сұйық экстрактісі (*Brassica oleracea*), МЕМСТ 2874 бойынша ауыз суы, МЕМСТ 13830 бойынша ас тұзы қолданылған.

Зерттеу әдістері.

Физикалық-химиялық талдауды анықтау келесі МЕМСТ бойынша жүргізілді: МЕМСТ 27842-88. Бидай ұнынан жасалынған нан; МЕМСТ 21094-75. Нан және нан-тоқаш өнімдері. Ылғалдылықты анықтау әдісі; МЕМСТ 5670-96. Хлебобулочные изделия. Қышқылдылықты анықтау әдістері; МЕМСТ 5669-96. Нан-тоқаш өнімдері. Кеуектілікті анықтау әдістері; МЕМСТ 5672-68. Нан және нан-тоқаш өнімдері. Қанттың массалық үлесін анықтау әдістері; МЕМСТ 5668-68. Нан-тоқаш өнімдері. Майдың массалық үлесін анықтау әдістері.

Нанның физикалық құрамы (көлемі, меншікті көлемі, биіктігі, ені, ұзындығы, тығыздығы, салмағы, максималды диаметрі) «Нанның көлемін өлшегіш», BVM – L370LC фирманың (TexVol, Швеция) құрылғысында анықталды. Жүйе толықтай компьютерлендірілген және командалық мәзір арқылы басқарылады. Лазерлі сенсор өлшенетін өнімнің айналасында жартышеңбер бойынша қозғалады.

Нанның физикалық-химиялық қасиетін зерттеу бойынша, нанның ылғалдылық, қышқылдылық, кеуектілік көрсеткіштері қарастырылды.

Тұтас дәнді бидай нанын дайындау рецептуралары, яғни, құрғақ заттарға қайта есептеу кезінде қырыққабат шырынын әртүрлі пайыздық арақатынаспен қолдану арқылы комбинацияланды. Қырыққабат шырынның құрамы 6,8% құрғақ заттардан тұрады. 1-кестеде функционалды бағыттағы нанды дайындау құрамы көрсетілген. Зерттеу үлгілері ретінде алты нұсқа композициясы құрастырылды.

Кесте 1

Зерттелетін үлгілердің құрамдық нұсқалары (1000г ұнға есептелген)

Шикізат атауы	Нұсқа бойынша шикізат шығыны (ұн салмағына%)					
	В0, бакылау	В1 - 1(3% ҚС)	В2 - 2(5%)	В3 - (7%)	В4 -(9%)	В5 - (12%)
Тұтас дәнді ұн	100	100	100	100	100	100
Пресстелген ашытқылар	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5	2,5
Ас тұзы	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
Өсімдік майы	3	3	3	3	3	3
Қырыққабат сығындысы (ҚС)	-	150	250	343	490	637
Су	Қамыр ылғалдылығы 49% шыққандағы есептеу бойынша					

Зерттеу нәтижелері. 1-кестеде тұтас дәнді нан үлгілерінің физикалық құрамының талдау нәтижесі көрсетілген.

Кесте 1

Қырыққабат шырынының әртүрлі пайыздық қатынасын қолданумен дайындалған нанның физикалық құрамы

Өнім аталуы	Көлемі	Меншікті көлемі	Ұзындығы	Ені	Биіктігі	Тығыздығы	Салмағы	Max D
B0	603.6	1.7245	142,6	90	86.3	0.5798	350	95.9
B1	645.4	1.7801	147.3	90.2	92	0.5562	359	97.5
B2	672,3	1,7966	151,5	90,6	99,6	0,5952	400	100,3
B3	708,7	2,1092	158,8	90,2	92,9	0,4741	336,0	110,7
B4	936,5	2,3099	161.1	90,9	115,2	0,4324	405,2	125,2
B5	718,8	1,6580	159,0	90,0	92,7	0,6924	493,0	110,6

Тұтас дәнді нан үлгілерінің физикалық құрамын талдау нәтижелері тұтас дәнді нанның B0 (қырыққабат шырыны қосылмаған нан) бақылау нұсқасында меншікті көлемі 1,7245 құрады, ал B1, B2, B3 және B4 нан үлгілерінің меншікті көлемі қырыққабат шырынының мөлшерінің ұлғаюына тәуелді түрде жоғарылады, 1,78001 -ден 2,3099 см³/г дейін өзгерді, бірақ B5 нұсқасындағы меншікті көлемі төмендеп, 1,6580 см³/г құрады. B4 нан үлгісі ең жоғарғы 2,3099 см³/г мәнге ие болды. Нанның меншікті көлемі - нанның ішкі қаққасының көрсеткіші болып табылады. Меншікті көлемінің жоғары болуы нанның жұмсақ құрылымы және кеуектің құрылымына байланысты.

Нанның көлеміне қарай нанның биіктігі, көлемі, ені және ұзындығы пропорционалды өзгерген.

Нан үлгісінің B0 бақылау нұсқасында тығыздығы 0,5798 құрады, ал B1, B2, B3 және B4 үлгісінде қырыққабат шырынының шамасының жоғарлауына байланысты нан тығыздығы 0.5798-ден 0,4324-ке дейін өзгерді, бірақ B5 нұсқасында нан тығыздығы 0,6924 болып күрт жоғарылады.

B4 үлгісі ең төменгі 0,4324 мәнге ие болды.

Нысанның максималды диаметрі араласқан қамырдағы глютен, крахмал мен желімше матрицасының бұзылуымен, пісіру кезінде газдардың жоғалуынан газды ұстау қабілетінің төмендеу нәтижесі болуы мүмкін.

Әртүрлі пайыздық қатынастағы қырыққабат шырынын қолданумен пісірілген тұтас дәнді нан үлгілерінің физикалық-химиялық талдау нәтижесі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Зерттелетін нанның физикалық-химиялық көрсеткіші

Өнім аталуы	Нан жұмсағының ылғалдылығы, %	Қышқылдылығы, град	Кеуектілігі, %
B0	49,40	4,8	53,3
B1	49,30	4,6	53,7
B2	48,51	4,8	54,4
B3	48,46	4,9	55,0
B4	48,40	4,9	55,3
B5	48,40	5,1	53,1

Тұтас дәнді нан үлгілерінің физикалық-химиялық құрамын талдау нәтижесі нанның В0 бақылау нұсқасында ылғалдылығы 49,40 құрады, ал тәжірибелік нан үлгісінде қырыққабат шырыны мөлшерінің ұлғаюынан ылғалдылығы төмендеп, 49,40-дан 48,40 дейін өзгерді.

Ылғалдылық нан рецептурасының күшіне және белгілі дәрежеде тағамдық құндылығына байланысты, ал ылғалдылығы жоғарылауы кезінде заттардың сіңімділігі төмендейді.

Нан үлгісінің В0 бақылау нұсқасында қышқылдылығы 4,8 құрады, ал тәжірибелік үлгілерде айтарлықтай өзгеріс жоқ.

Бірақ талдай отырып, оның қырыққабат шырыны мөлшерінің ұлғаюына байланысты 4,6-дан 5,1 дейін өзгерді.

Қышқылдылық белгілі бір дәрежеде нанның дәмімен сипатталады. Нанның дәмі жеткіліксіз қышқыл. Нан кеуектілігі нан жұмсағының жалпы көлеміне кеуек көлемінің пайыздық қатынасын көрсетеді.

Нанның кеуектілігі оның сіңірілуімен байланысты. Біркелкі майда жұқа қабатты кеуектілігімен жақсы ашытылған нан оңай шайналып, асқорыту сөлі арқылы толық сіңіріледі.

Қорытынды. Нанның меншікті көлемі, биіктігі, салмағы, максималды диаметрі В4 үлгіге дейін жоғарылады, ал В5 үлгісінде қайта түсті.

Нанның көлемі ұлғайған сайын, нанның тығыздығы төмендеді. Бірақ ені бойынша өлшенген нан өнімдері айтарлықтай өзгерген жоқ.

Тұтас дәнді бидай ұнынан дайындалған нанның (бақылау) және тәжірибелік үлгілерін физикалық және физикалық-химиялық құрамын салыстырғанда, қырыққабат шырыны қосылған нан бақылау нұсқасына қарағанда жоғары болды. Сондықтан тұтас дәнді бидай ұнына белгілі бір мөлшерде қырыққабат шырынын қосу нанның тағамдық құндылығын жоғарылатып, сапасына жағымды әсер етеді.

Зерттелетін материалдардан дайын өнімнің физикалық және физикалық-химиялық құрамын барлық параметрлер бойынша салыстыру кезінде В4 үлгісі ең жақсы көрсеткішке ие болды. Физикалық-химиялық көрсеткіштердің жоғарғы мәні нан үлгілері тұтынушы қажеттіліктерін негізгі тамақ өнімі ретінде қанағаттандыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. E. Hong, G. Kim. Anticancer and Antimicrobial Activities of β -Phenylethyl Isothiocyanate in Brassica rapa L./Accepted. March 26, 2008.
2. R.R. Hafidh, A.S. Abdulamir, L.S.Vern, F.A. Bakar, F. Abas, F. Jahanshiri and Z. Sekawi. Inhibition of Growth of Highly Resistant Bacterial and Fungal Pathogens by a Natural Product /Poster July 2018.
3. J. Johnson, T. Wallace. Whole Grains and their Bioactives/ 03.2019/ASIN: B07Q1DYY31504p/ 19-45 p
4. S. Marco, D. Chiara, G. Gianni. Food Safety Management of Whole Grains. (2019). 10.1201/9781351104760.
5. Белокурова, Е.В. Прогнозирование и варьирование показателей качества мучных кулинарных изделий с внесением цельнозерновой пшеничной муки [Текст] / Е.В. Белокурова, В.А. Маслова // Качество и безопасность продуктов. – 2017. - №6. – С.26-27.
6. Introduction to Whole Grains and Human Health 15:46,07.10.2019 https://www.researchgate.net/publication/331993026_

7. K. Hassan, M.D. Shakouri, D. Ali. Effects of non-starch polysaccharides in semi-purified diets on performance, serum metabolites, gastrointestinal morphology, and microbial population of male broiler chickens. *Livestock Science*. 214. 10.1016/j.livsci.2018.04.012.

Материал редакцияға 11.05.20 түсті.

Л.Ж. Алашбаева¹, Д.А. Шаншарова¹, А.Б. Мынбаева²,
Г.Е. Баймуратова², М.Ш. Гаражаев²

¹Алматынський технологічний університет, г. Алматы, Казахстан

²Таразський державний університет ім. М.Х.Дулати, г. Тараз, Казахстан

ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ЦЕЛЬНОЗЕРНОВОГО ХЛЕБА, ИЗГОТОВЛЕННОГО С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КАПУСТНОГО СОКА (*BRÁSSICA OLERÁCEA*)

В исследовании приведены результаты опыта по изучению цельнозернового хлеба с использованием капустного сока в различных процентных соотношениях. Для определения качественных показателей, были проведены физические и физико-химические анализы произведенного таким образом цельнозернового хлеба. Используемый материал растительного происхождения положительно влияет на качественные показатели цельнозернового хлеба. При сравнении физического и физико-химического состава хлебобулочных изделий по всем параметрам вариант В4 показала лучшие показатели. Таким образом, результаты опыта показали, что качество цельнозернового хлеба можно улучшить, добавив различные комбинации сока полученной от белокочанной капусты.

Ключевые слова: экстракт капусты, цельнозерновой пшеничный хлеб, физико-химические показатели.

L.Zh. Alashbayeva¹, D.A. Shansharova¹, A.B. Mynbayeva²,
G.E. Baymuratova², M.Sh. Garazhaev²

¹Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

²Taraz State University named after M.Kh.Dulati, Taraz, Kazakhstan

PHYSICO-CHEMICAL PROPERTIES OF WHOLE GRAIN BREAD MADE USING CABBAGE JUICE (*BRÁSSICA OLERÁCEA*)

The study presents the results of an experiment on the study of whole grain bread using cabbage juice in various percentages. To determine the quality indicators, physical and physicochemical analyzes of whole grain bread produced in this way were carried out. The material of plant origin used has a positive effect on the quality of whole grain bread. When comparing the physical and physico-chemical composition of bakery products in all respects, option B4 showed the best results. Thus, the results of the experiment showed that the quality of whole grain bread can be improved by adding various combinations of juice obtained from white cabbage.

Keywords: cabbage extract, whole grain wheat bread, physicochemical parameters.

ӨОЖ 663.12:664.6

**А.С. Умирбекова¹, А.С. Боранкулова², А.Б. Саршаева³,
Л.Н. Есмаханова⁴, Л.Ж. Алашбаева⁵***¹Магистр, аға оқытушы, ²PhD доктор, доцент м.а., ³Магистр оқытушы,
⁴PhD доктор, ⁵Докторант**^{1,2,3,4}М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., Қазақстан
⁵Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Электрондық пошта: ¹ali_asel@mail.ru, ²aselboor@mail.ru,
³a.sarshaeva@mail.ru, ⁵orken-lilia@mail.ru***БАСТАПҚЫ ДАҚЫЛ «БЭКНАТУР» ҚҰРҒАҚ АШЫМАЛЫ
НЕГІЗІНДЕ АШЫТҚЫСЫЗ БАГЕТ НАНЫН ДАЙЫНДАУ**

Багет нанын өндіру үшін «БэкНатур» құрғақ қоспасынан сұйық қара бидай ашымалын дайындаудың рецептурасы, багет нанына арналған опараның биотехнологиялық қасиетін арттыру үшін құрамына сәбіз езбесін қосудың ерекшеліктері қарастырылған. Багет нанының қамырын автолиз әдісімен дайындау технологиясы сипатталған және дайын өнімнің органолептикалық, физикалық-химиялық көрсеткіштері анықталған.

Тірек сөздер: «БэкНатур» құрғақ қоспасы, сұйық қара бидай ашымалы, сәбіз езбесі, багет наны.

Еліміздің тамақ өнеркәсібінің негізгі жетекші салаларының бірі нан және нан-тоқаш өнімдерін өндіру саласы болып табылады. Нан өнімдері – адамның негізгі тамақ өнімдерінің бірі. Адамның және жалпы халықтың денсаулығы көп жағдайда күнделікті қолданып жатқан тағамы арқылы анықталады. Оңтайлы тамақтану – белсенді жұмыс қабілеттілігін, өмір сүру ұзақтығын және ұлттың гендік қорын сақтауды анықтайтын негізгі фактор екені белгілі [1].

Қазіргі заманғы нан пісіру өнеркәсібін агроөнеркәсіп кешенінің жоғары тиімді, серпінді дамып келе жатқан салаларына жатқызуға болады. Қазір нан пісіру өндірісі үшін көптеген жаңа жетістіктер бар. Өндірістік циклды қысқарту үшін түрлі қышқылдатқыш қоспалар жасалады, бірақ нанның дәстүрлі дәмі сақталады. Ұн өнімдерінің сапасы мен тағамдық құндылығын арттыру үшін дәстүрлі емес шикізатты пайдаланады. Нан-тоқаш өнімдерін өндіру кезінде осы шикізат түрлерін қолдану тағам туралы ғылымның қазіргі талаптарына сәйкес өнімдердің химиялық құрамын реттеуге мүмкіндік береді. Соңғы уақытта нан пісіру өнеркәсібі адам ағзасында жетіспейтін элементтерді толықтыру үшін нанды әртүрлі дәруменді-минералды кешендермен байытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Нан және нан-тоқаш өнімдері – адамдардың негізгі азық-түлік өнімдері, олар тамақтану және қалыпты өмірге қажетті дәрумендердің негізгі бөлігін қамтиды. Нан және нан-тоқаш өнімдерін тұтынатын адам өз энергиясын 40-50%, ақуызға қойылатын талаптар 30-40%, В дәрумендері 50-60% және Е дәрумені 80% дейін қанағаттандырады. Нанның тағамдық құндылығы сіңімділік коэффициентін ескере отырып, жекелеген компоненттердің мөлшері мен қуат мәнімен анықталады [2].

Нанның энергетикалық құндылығы ылғалдың мөлшеріне (ылғалдың неғұрлым төмен болуына, соғұрлым төменгі деңгейге) және құрғақ заттың жеке компоненттеріне байланысты болады. Нан өнімдері жоғары энергияға ие және дәнді дақылдармен бірге ағзаның күнделікті энергиясының 40% -нан астамын толтырады.

Осылайша, нан адам ағзасына қажетті көптеген аминқышқылдардың көзі: ол лизинді 19-21%-ға, метионинге 20-22%, триптофанға 36-40%-ға қанағаттандырады. Нанның тағамдық құндылығын арттыру дәстүрлі өнімнің химиялық құрамын реттеу арқылы жүзеге асырылады, оның өндірісіндегі басты шикізат - ұн, су және ашытқы. Сонымен қатар наубайханалар мен нан зауыттарында жасанды өсірілетін бактериялардың микрофлорасы болып табылатын термофилді ашытқыларды пайдаланады [3].

Нан пісіру кезінде ашытқы жойылмайды, бірақ желімтек капсулаларында сақталады деп есептеледі. Денеге бір рет түскеннен кейін, олар жойқын әрекеттерін бастайды. Ашытқылар көбейген сайын асқазан-ішек жолдарында пайда болатын, сосын қанға кіріп, клеткалық мембраналарды жойып, онкологиялық ауруларға ықпал ететіндігі мамандарға белгілі.

Ашытқылар адам ағзасының жағдайында көбейтіледі және патогендік микрофлораны белсенді түрде өмір сүруге және көбейтуге мүмкіндік береді, қалыпты микрофлораны ингибирлеу, соның арқасында ішекте дұрыс тамақтану және В дәрумендері мен маңызды аминқышқылдары өндіріледі. Ашытқы өнімдерін азық-түлікте қолдану тек канцерогенезге, яғни ісіктердің қалыптасуына ғана емес, сонымен қатар канцерогенді жағдайды күшейтетін, өт қабығы тастарының, бауырдың, ұйқы безінің, майлы органның инфильтрациясының қалыптасуына және керісінше - дистрофиялық құбылыстарға әкеліп соғады, негізгі органдардағы патологиялық өзгерістерге алып келеді [4].

Қазіргі кезде нан өнімінің құрамын, дәмін және құнарлығын арттыру мақсатында ашымалды қолдану көптеген наубайханашылардың қызығушылығын арттыруда. Сондай-ақ азық-түлік өнімдері мен ингредиенттердің денсаулыққа әсер етуі мен қоректік сапасын жақсартуда және құруда дақылды ферменттеу айтарлықтай көрсеткіштерге ие. Биологиялық белсенді қосылыстардың деңгейі мен биожетімділігін өзгертіп және минералдардың биожетімділігін жақсарту арқылы, ашымал талшықтарға бай өнімдердің органолептикалық сипаттамаларын жақсартудан басқа крахмалдың сіңірілуін белсенді түрде бақылау, гипогликемиялық индекстің төмендеуіне әкелді. Ішек микрофлорасы үшін жетімді астық талшықтары, астықты ферментациялау сіңірілмейтін полисахаридтер түзуімен бірге оны өзгертуі мүмкін. Сонымен қатар, глютен тозуы целиакиямен ауыратын науқастар үшін нан өнімдерін тиімді ету мүмкіндігі айтарлықтай жоғары әсер етеді деген пікір айтылған.

Бастапқы дақылдар – бұл нан пісіруге арналған ашымалды дайындауға болатын таза бактериалды концентрат болып табылады. Мұндай бастапқы дақылдардың артықшылықтары: ингредиенттердің ұзақ сақтау мерзімдері; сүт қышқылы мен спиртті ферменттеу қамырын жүргізу мүмкіндігі; хош иісті нан түрінде немесе өсірудің функционалдығына байланысты «картоп ауруларының» болмауының қажетті тұрақты нәтижесін алу [5].

Ғылыми-зерттеу жұмысы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Тамақ өнімдерін қайта өңдеу және биотехнология» кафедрасының зертханаларында жүргізілді. Зерттеу жұмысын орындауда бірінші сұрыпты бидай ұны, қара бидай ұны, «БэкНатур» бастапқы дақылдың құрғақ қоспасы, ас суы, маргарин, ас тұзы, сұйық қара бидай ашымалы, сәбіз езбесі, қамыр және дайын өнім – багет наны зерттеу нысандары болып табылады.

Ашытқысыз багет нанын алу үшін бірінші кезекте бастапқы дақыл «БэкНатур» қосылған сұйық қара бидай ашымалын дайындау, яғни ашымалды ашытқысыз тек ұн, су және құрғақ «БэкНатур» қоспасынан алу. Зерттеу барысында ылғалдылығы 74,5%-дық ашымалды 100 г ұнға су мөлшерін есептеу арқылы дайындалды.

Бастапқы дақылдарды ашымалға есептегенде басты назарды алатын нан өніміне және де оны дайындауға жұмсалатын уақыт аралығына қоямыз. Рецепттура бойынша қолданылатын ұн мен су мөлшерін естен шығармаған жөн. Ашымал дайындау рецептурасы мен технологиясы 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Сұйық қара бидай ашымалының рецептурасы мен технологиялық бөлімі

Көрсеткіштер атауы	Мөлшерлеме көрсеткіштері
Рецептурасы	
Қара бидай ұны, г	100
Бастапқы дақыл БэкНатур, г	10
Су, мл	120
Технологиялық бөлім	
Ашымалдың жалпы салмағы, г	230
Температурасы, °С	26
Ылғалдылығы, %	74,5
Қышқылдылығы, град	12
Ашу ұзақтығы, сағ.	24

Дайын ашымалдың қышқылдылығы 9-11 град. келтіру мақсатында 12 сағатқа тоңазытқышқа орналастырылады. Салқын ортада ашымалды сүтқышқылды бактериялары қарқынды түрде дамиды. Осыдан кейін ғана ашымалды пайдалануға болады. Дайын ашымалды тоңазытқышта сақтаудың ұзақ мерзімі 30 тәулікке дейін ғана. Ашымалды одан әрі сақтау үшін оны міндетті түрде қоректендіріп отыру керек. Қоректік қоспасы ретінде ашымал салмағына тең ұн мен су қоспасы қосылады. Ашымалды қоректендірер алдында міндетті түрде оны жылыту керек [6].

Қоректік қоспаны қосқаннан кейін оны 24-26°С температурада, 2,5-3 сағат ашытып, қайтадан тоңазытқышқа салып, сақтай беруге болатындығы анықталды.

Бастапқы дақыл БэкНатур қосылған сұйық қара бидай ашымалының негізінде дайындалған багет нанына арналған опараның биотехнологиялық қасиетін арттыруда, опараның құрамына сәбіз езбесі қосылды.

Сәбіз езбесі термиялық өңдеуден кейін өзінің тағамдық құндылығын жоғалтпайтындығы, сондай-ақ құрамындағы лютеин 11% - ға көп болатыны дәлелденген. Бұл зат көз торында болады және көру үшін қажет. Оның

аркасында көру өткірлігі артады, сондай-ақ көздерді ультракүлгін сәуледен жақсы қорғайды. Бұл көкөніс термиялық өңдеуден кейін көптеген аурулардың, оның ішінде қатерлі ісіктің пайда болуын болдырмау үшін, оның құрамында бізге қажет антиоксиданттар көптеп кездеседі.

Дайын сәбіз езбесінің органолептикалық және физикалық-химиялық сапа көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Сәбіз езбесінің органолептикалық және физикалық-химиялық сапа көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Сәбіз езбесі
Органолептикалық көрсеткіштері	
Түрі	Біртекті мөлдір емес
Түсі	Қызғылт-сары
Иісі	Иісі сәбіз езбесінің иісіне тән, бөтен иіссіз
Дәмі	Сәбіз езбесінің дәміне тән, жағымды, тәтті, бөтен дәм жоқ
Физикалық-химиялық көрсеткіштері	
Ылғалдылығы, %	90,1
pH,	4,2–ден кем емес

Нан және нан-тоқаш өнімдері өндірісінде қамыр дайындау барысы екі түрлі, опаралық және опарасыз әдістерімен жүзеге асырылады: багет нанын дайындау барысында опаралық әдіс қолданылады. Бұл әдісті қолдану дайындалатын багет нан өнімі үшін өте қолайлы болып табылады. Опараға сәбіз езбесінің сапа көрсеткішіне әсерін анықтау үшін оны қоректік қоспасына ұн салмағының 10%, 20% және 30% мөлшерде қосылады. Сәбіз езбесі қосылған опаралардың рецептурасы мен технологиялық бөлімі 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3

Сәбіз езбесі қосылған опаралардың рецептурасы мен технологиялық бөлімі

Көрсеткіштері	Сәбіз езбесінің пайыздық мөлшерлемесі		
Рецептура	10%	20%	30%
1	2	3	4
Ашымал, г	200	200	200
Бидай ұны (I-ші сұрып), г	200	200	200
Сәбіз езбесі, г	40	80	120
Су, мл	200	200	200
Технологиялық бөлімі			
Температурасы, °С	35	35	35
Ылғалдылығы, %	62,6	65	75
Қышқылдылығы, град	7	6	5
Көтерілу күші	35	30	25
Ашу ұзақтығы, сағ	12	12	12

Зерттеу барысында опараның ылғалдылығы 75% дейін жоғарылады және тұтқырлығын төмендетіп, өндірістерде тура дәлдікпен мөлшерленуін жақсартатын опара алынды. Нәтижесінде сәбіз езбесі опараның қышқылдылығын төмендетіп және оның көтерілу күшін жылдамдатты. Органикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша жақсы көрсеткішті 20-30% мөлшерде сәбіз езбесі қосылған опарасы көрсетті. Осыған байланысты сәбіз езбесі қосылған опараны сынақ үлгісімен салыстырғанда қышқыл түзу қабілеті төмендетіп, газ түзу қабілетін және көтерілу күші жақсарды. Нәтижесінде сәбіз езбесінің бастапқы дақыл БэкНатур қосылған сұйық қара бидай ашымалы негізінде дайындалған опараға кері әсері болмайтындығы байқалады.

Көміртегі бар қоспаның дозасын көбейтіп қосқанда ашытатын микроағзалардың мөлшерін көбейтіп және сүт қышқылын баса бастайды. Опараның хош иісі өзгеше болып, жемістің хош иісі шығады. Осы көрсеткіштерге байланысты ашымалға қосылған қоректік қоспа опараның микроағзаларының симбиотикалық өміртіршілігін қарқындататын жағдай жасайтыны айқындайды. Қоректік қоспаның құрамына қосымша сәбіз езбесін қосып, оның құрамын бірінші кезекте көмірсулармен және басқада дәрумендермен байытады.

Багет нанына арналған қамыр дайындау автолиз әдісімен жүргізілді. Бұл әдіс Францияда француз наубайшысы сарапшы және «Нан дәмі» (Le Gout du Pain) кітабының авторы Раймон Калвельмен жасалған. Оның мәні, егер тек суды ұнмен араластырып, қоспаны 20 минуттан 1 сағатқа дейін ұстап, қалған ингредиенттерді (оның ішінде ашымал мен тұз) қосар алдында берсе, онда қамыр «өздігінен араласады» және онымен жұмыс істеу оңайырақ болады [7].

Бұл әдіс қамырды қолмен немесе араластырғыштың шағын жылдамдығымен илеуге арналған. Автолиз әдісі арқылы қамырды дайындауға арналған уақытыңыз әдеттегіге қарағанда аз жұмсалады. Бұл техника қамыр илеу жылдамдығына әсер етіп қана қоймай, оның сапасына да оң әсер етеді: автолиз әдісін қолдана отырып пісірілген нанның көлемі үлкен, жақсы дәмі мен хош иісі анық, жағымды нан жұмсағының саңылаулары айқын пішінге ие болатындығын байқауға болады.

Ылғалдылығы әртүрлі сәбіз езбесі қосылған сұйық бидай опараның қамыр илеуге 400 г I-ші сұрып бидай ұнына су мөлшерін есептей отырып рецептура құрастырылды. Зерттеу барысында 0,8 кг қамырды сұйық бидай опарасында дайындау рецептурасы және технологиясы 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4

Қамырды сұйық бидай опарада дайындау рецептурасы
және физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Шикізат мөлшері			
	Дәстүрлі опара	Сәбіз езбесі қосылған ашымалда		
Рецептура		10%	20%	30%
Бидай ұны (I-сұрып), г	400	400	400	400
Сұйық опара, г	300	300	300	300
Маргарин	15	15	15	15
Тұз, г	10	10	10	10
Су, г	200	200	200	200

Физикалық-химиялық көрсеткіштері				
Температурасы, °С	38	38	38	38
Ашу ұзақтығы, мин	180	180	150	150
Ылғалдылығы, %	43	43	44	45
Қышқылдылығы, град	6	6	5	5

Сәбіз езбесі қосылған қамырдың сапа көрсеткіштері сынақ опарада дайындалған қамырға қарағанда өте жақсы болды. Ол қамырдың ашу ұзақтығына, ылғалдылығына және де қышқылдылығына әсер етті.

20% және 30% сәбіз езбесі қосылған опараларда иленген қамырдың ашу ұзақтығын 180 минуттан 150 минутқа қысқартты. Ал 10% сәбіз езбесі қосылған ашымалда дайындалған қамырдың ашу ұзақтығы, ылғалдылығы және қышқылдылығы өзгеріске ұшыраған жоқ.

Багетке арналған қамыр автолиз әдісімен дайындалады. Ол үшін рецептура бойынша берілген ұнды су мөлшері мен илеу арқылы дайын болған қамырды 20-60 минут аралығында бөлме температурасында қалдырылады. Уақыт келген кезде қалған басқа ингредиенттерді қосып дежада 5-10 минут аралығында араластырылады. Дайын болған қамырды 26°С температурада жетілдіруге термостатқа орналастырылады. Әр бір сағат өткен сайын қамыр қайтарылады. Дайын болған қамырды қалыпқа келтіру мақсатында үстелге ұн сеуіп жалпы көлемдегі қамырды 3 бөлікке бөліп, қалыпқа келтіріліп 40 минут аралығында 26 °С термостатта жетілдіріледі. Багетті қалыптау келесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Багет нанын қалыптау

Қалыпқа келтірілген нанды жетілдіру пешіне ылғалдылығы қамыр ылғалдылығына байланысты, 35°С градууста, 50-60 минутқа қойылады. Жетілдіруден келесі қарастыратын багет наның бетін әсемдеп кесу. Қалыпқа келтірілген, жетілген багет нанның 260°С температурада қыздырылған пешке 20-25 минут аралығында пісіреді. Дайын пісірілген нан суытылады. Піскен наннан 3-8 сағат аралығынды сапалық-сандық зертханалық сынақтар алынады. Багет нанының органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5

Нанның органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Шикізат мөлшері		
	Сынақ опара	Сәбіз езбесі қосылған опарада	
		20%	30%
Органолептикалық көрсеткіштері			
Түсі	Ақшыл қоңыр	Ақшыл сарғыш	Ақшыл қызғылт-сарғыш
Дәмі	Өзіне тән қышқылтым дәмді, бөтен дәм жоқ	Өзіне тән жағымды дәмді, бөтен дәм жоқ	Өзіне тән жағымды дәмді, бөтен дәм жоқ
Иісі	Өзіне тән хош иісті, бөтен иіссіз	Өзіне тән хош иісті, бөтен иіссіз	Өзіне тән хош иісті, бөтен иіссіз
Физикалық-химиялық көрсеткіштері			
Ылғалдылығы, %	40	42,5	43,2
Қышқылдылығы, град	12	11	10

Бастапқы дақыл «БэкНатур» қосылған сұйық қара бидай ашымалы негізінде, сәбіз езбесі қосылған опарада дайындалған багет наны сапасының көрсеткіштері бойынша келесі нәтижелерге қол жеткізілді: сақтау кезінде ылғалдылығы және қышқылдылығы талаптарға сай, әрі кеуектілігі және көлемі бойынша жақсы көрсеткіштер көрсетті. Багет нанының салыстырмалы бейнелері 2-суретте берілген.



Сынақ наны



20% с.е қосылған



30% с.е қосылған

Сурет 2. Багет нанының салыстырмалы үлгілері

Багет нанының түсі анағұрлым айқын, қанық, дәмді, хош иісті, биологиялық құндылығы жоғары және функционалды қасиеттерге ие болды.

Зерттеу нәтижесіне сүйіне отырып «БэкНатур» құрғақ ашымалы негізінде дайындалған багет наны барлық талаптарға сай екені анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уразова, Р.С. Эффективность пищевой промышленности [Текст] / Р.С. Уразова // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2005. – №3. – С.4-5.
2. Андреев, А.Н. Использование реологических методов для оценки качества зернопродуктов [Текст] / А.Н.Андреев // Международный конгресс. Зерно и хлеб России. - СПб., 2006. – С.104-105.
3. Бездрожжевой хлеб [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://yarthleb.org/polezno-znat/polezno-znat/bezdrozhzhevoy-khleb>
4. Андреев, А.Н. Использование стартовых культур для приготовления ржаных заквасок [Текст] / А.Н. Андреев, Ю.А. Виноградов, П.А. Китиссу // ПАРТНЕР. Кондитер. Хлебопек. – 2008. – №17. – С. 92-99.
5. Белокурова, В.Е. Разработка технологии мучных изделий повышенной пищевой ценности для предприятий общественного питания [Текст] / В.Е. Белокурова, П.Я. Коломникова, А.С. Солохин, В.Е. Литвинова // Хлебопродукты. – 2015. - №6. – С.10-11.
6. Пашенко, Л.П. «Биотехнологические основы производства хлебобулочных изделий» [Текст] / Л.П. Пашенко. – М.: «КОЛОС», 2002. - 368 с.
7. Матвеева, И.В. Биотехнологические основы приготовления хлеба [Текст]: учеб. пособие для вузов / И.В. Матвеева, И.Г. Белявская. -М: ДеЛипринт, 2001.

Материал редакцияға 15.05.20 түсті.

**А.С. Умирбекова¹, А.С. Боранкулова¹, А.Б. Саршаева¹,
Л.Н. Есмаханова¹, Л.Ж. Алашбаева²**

¹Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

²Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

ПРИГОТОВЛЕНИЕ БЕЗ ДРОЖЖЕВОГО БАГЕТА НА ОСНОВЕ СУХОЙ ЗАКВАСКИ СТАРТОВЫХ КУЛЬТУР «БЭКНАТУР»

Рассмотрена рецептура приготовления жидкой ржаной закваски с добавлением сухой смеси «БэкНатур» и установлено количество внесимого морковного пюре для повышения биотехнологических свойств опары. Представлены технологии приготовления теста багета методом автолиза и определены органолептические, физико-химические показатели готовой продукции.

Ключевые слова: сухие смеси «БэкНатур», жидкие ржаные закваски, морковное пюре, багет.

**A.S. Umirbekova¹, A.S. Borankulova¹, A.B. Sarshaeva¹,
L.N. Yesmakhanova¹, L.Zh. Alashbayeva²**

¹Taraz State University named after M. Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

²Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

PREPARE BAGUETTE WITHOUT YEAST BASED ON DRY SOURDOUGH STARTER CULTURE OF «BEKNATUR»

The recipe for preparing a liquid rye sourdough with the addition of a dry mixture of «Backnature» and the amount of non-edible carrot puree to increase the biotechnological properties of the sourdough are considered. Technologies for preparing baguette dough with the autolysis method and organoleptic, physical and chemical indicators of the finished product are presented.

Keywords: dry mixtures of «Backnature», liquid rye sourdough, carrot puree, baguette.

REFERENCES

1. Urazova, R.S. Efficiency of the food industry / R.S. Urazova // Food and processing industry of Kazakhstan. - 2005. - №3. - P. 4-5 [in Russian].
2. Andreev A.N. Use of rheological methods for evaluating the quality of grain products / A.N. Andreev // international Congress. Grain and bread of Russia, St. Petersburg, 2006, pp. 104-105 [in Russian].
3. Bread without Yeast [Electronic resource]. – Mode of access: <https://yarthleb.org/polezno-znat/polezno-znat/bezdrozhzhevoy-khleb>
4. Andreev A.N., Vinogradov, Y.A., Kitissou P.A. The use of starter cultures for the preparation of rye sourdough / A.N. Andreev, Yu.A. Vinogradov, A.P. Kitissou // PARTNER. Confectioner. Breadmaker, 2008, No. 17, Pp. 92-99 [in Russian].
5. Belokurova V.E, P. Kolomnikova, Solohin A., Litvinova E.V. Development of technology of bakery products increased nutritional value for public catering enterprises / E.V. Belokurova, P.Y. Kolomnikov, A.S. Solokhin, V.E. Litvinova // Bakery, № 6, 2015, p.10-11 [in Russian].
6. Pashchenko L.P. "Biotechnological basis for the production of baked goods" / L.P. Pashchenko // Moscow KOLOS, 2002.- p.368 [in Russian].
7. Matveeva I.V., Belyavskaya I.G. Biotechnology basics of making bread [Text] / I.V. Matveev, I.G. Belyavskaya // proc. Manual for higher education institutions-M: Deliprint, 2001 [in Russian].

UDC 664.69

B. Amanzhol¹, A.M. Saidov²¹Master student, ²Senior Lecturer

Kostanay State University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

E-mail: ¹bota-1996-96@mail.ru, ²muslim727@bk.ru**DEVELOPMENT OF A RECIPE FOR A UNIVERSAL HANDLESS BREAD WITH OMEGA 3 FATTY ACIDS**

The article reflects the results of a study on the development of a formulation of a universal yeast-free bread of increased nutritional value. The main disadvantages and harmful effects of yeast bread on the human body are listed. It is proposed to produce bread on natural sourdough. A method is also proposed for increasing the nutritional value of bread by introducing wheat bran and fish oil powder into the recipe. It is indicated that fiber serves as a “sponge” that cleans the digestive organs from slags. It is noted that a person is experiencing an acute deficiency in omega-3 polyunsaturated fatty acids. A recipe for unleavened bread of enhanced nutritional value enriched with Omega 3 polyunsaturated fatty acids is proposed.

Keywords: yeast, sourdough, wheat bran, dietary fiber, fish oil powder.

It is difficult to overestimate the value of bread, but we never think about how much bread is healthy or harmful. Today, the main type of bread consumed by the population contains yeast. However, the use of yeast products in food promotes the formation of tumors, clots of sand, stones in the gall bladder, liver, pancreas; fatty infiltration of organs or vice versa - degenerative phenomena and ultimately leads to pathological changes in the most important organs [1].

Based on the foregoing, the goal was to develop a universal yeast-free bread formulation of increased nutritional value, which, firstly, would cause minimum harm to the body, and secondly, would contain all the nutrients necessary for the body contained in grain, such as proteins, vitamins, trace elements, food fiber, and thirdly, would serve as a functional food product.

For this purpose, bread is offered on a natural sourdough. Unlike a product prepared using unicellular fungi, leavened bread contains many useful elements, does not harm the beneficial intestinal microflora, and is recommended as one of the means for the prevention and treatment of cancer. Such bread is perfectly absorbed by the body, thereby improving the digestion process. A dense crumb stimulates the intestines, so the product helps keep the body in good shape. Ferments not only increase the energy value of bread, but also enrich it with useful and necessary elements [2].

Technologists are also faced with the task of increasing the nutritional value of flour and reducing the calorie content of bread. One of the promising areas in this area is the enrichment of bakery products with wheat bran. The usefulness of dietary fiber has long been a recognized factor. Fiber is an important component of the waste of the milling process, it is vital for the intestine to maintain high-quality microflora, it plays the role of a "sponge" that cleans the digestive organs from toxins. Vitamins contained in bran normalize the nervous system, help to cope with stress and mood swings. Fortification of wheat bread with bran will favorably affect the work of all body systems and the general condition of a person [3].

Also, relevant today is the development of a functional product designed to solve any physiological problem in the human body. One of these problems is an acute deficiency of Omega-3 polyunsaturated fatty acids (PUFAs). These substances are not synthesized by our body. The only source of income is food. Studies have shown that daily consumption of enough foods containing omega-3 acids is an excellent prevention of cardiovascular disease, joint inflammation, improves vision, skin and hair condition. Also, these compounds are very strong antioxidants that can reduce bad cholesterol and remove free radicals, that is why they are shown to prevent premature aging.

Polyunsaturated fatty acids regulate the level of calcium in the body, accordingly, the risk of bone fractures due to osteoporosis, one of the most common diseases that cause old age, is reduced. Even omega-3s regulate blood pressure, reduce the risk of blood clots, accelerate wound healing, and prevent cancer. Polyunsaturated fatty acids slow down the production of stress hormones and increase the amount of serotonin (the hormone of happiness) [4].

To maintain normal health, each person needs to receive about 2 g of fatty acids daily. Providing such a daily requirement for omega-3 fatty acids is difficult without supplementing the diet.

Among food products, the main sources of omega-3 polyunsaturated fats are: germinated wheat, soybeans, vegetable oils, walnuts, and flaxseeds. One of the most preferred and balanced sources of PUFA is fish oil powder.

Object and methodology. At the Department of Processing and Standardization Technologies, KSU named after A. Baitursynov conducted research on the development of yeast-free bread with the replacement of part of the flour with bran and fish oil powder.

Research results. Bread without yeast with the addition of bran and fish oil powder was prepared with sourdough. The standard recipe for the preparation of leavened dough is presented in table 1.

Table 1

Recipe for yeast-free bread

Name of raw materials and semi-finished products	Raw material consumption	
	Опара (sourdough)	Dough
Baking wheat flour 1 grade, g	200	800
Sourdough starter, g	10	-
Sourdough (dough), g	-	400
Cooking salt, g	-	15
Water, g	190	400

The studies used small wheat bran, characterized by a particle size distribution from 100 to 500 microns. According to the research data presented in [5], it was revealed that the fraction of bran with finer grinding has a more effective effect on the quality of bread. The fish oil powder was added in an amount of 0.2% by weight of flour.

When designing a balanced recipe, the choice of the ratio of the components of the flour mixture is of paramount importance. Wheat bran was introduced at intervals of 5%, replacing part of the flour in the formulation in various dosages: 10.15.20.25%. The bread production process consists of the following steps:

Stage 1 - Launching starter starter;

Stage 2 - Preparation of sourdough (dough);

Stage 3 - Preparation of the test.

Breeding starter: To remove the starter we need only wheat flour 1 grade and water. Mix flour and water at room temperature. Cover with a cloth and leave for 24 hours in a warm place, without exposure to sunlight.

Fermentation Scheme:

Day 1: 25 grams of water, 25 grams of flour;

Day 2: 50 grams of starter culture, 25 grams of water, 25 grams of flour;

Day 3: 100 grams of starter culture, 50 grams of water, 50 grams of flour;

Day 4: 200 grams of starter culture, 100 grams of water, 100 grams of flour;

Day 5: 400 grams of starter culture, 400 grams of water, 400 grams of flour.

According to the results of studies presented in Figure 1, it was found that the water-absorbing ability of a mixture of flour with bran significantly increases with an increase in the dosage of bran. So, with an increase in the dosage of bran from 10% to 25%, the water absorption capacity of the mixture increased from 56% to 63%.




Figure 1. The effect of bran on the water absorption capacity of the mixture

It is known that bran particles bind moisture adsorption, due to the presence of a large number of capillaries in them. Obviously, the smaller the particle size of the bran, the greater their specific contact surface with water and, accordingly, the more moisture they can absorb.

The titrated acidity of a mixture of flour with small bran increases with increasing dosage of bran (Figure 2).




Figure 2. The effect of bran on the acidity of the mixture

The acidity of bran, as well as wheat flour, is due to the presence of proteins having an acid reaction, the presence of free fatty acids and various phosphoric acid compounds. Hydrolytic processes occurring with high molecular weight bran compounds are very active.

Analysis of the results showed that when wheat bran is added to the flour mixture, the water absorption capacity and titratable acidity undergo significant changes. As you know, the taste and aroma of bread is largely due to the accumulation in the test of organic acids produced by lactic acid bacteria, as well as products of their redox interaction.

The most significant quality characteristic that determines the effectiveness of using one or another method of dough preparation is the porosity of bread.

Figure 3 shows the effect of wheat bran on the porosity of bread.




Figure 3. The effect of wheat bran on the porosity of bread

The addition of wheat bran makes the dough heavier, and the presence of a crushed germ in the bran makes the dough weaker and reduces the gas-holding ability, which leads to a decrease in porosity. However, two-stage fermentation and repeated kneading helped to soften the structure of gluten in the dough, thereby creating a finer and more uniform porosity.

Bread with a dosage of bran - 15%, has a well-developed porosity and decent organoleptic characteristics. Based on this, table 2 presents the developed recipe for sourdough bread enriched with wheat bran and fish oil powder.

Table 2

The recipe for universal bread enriched with Omega 3 fatty acids

Name of raw materials and semi-finished products	Raw material consumption	
	Opara	Dough
Baking wheat flour 1 grade, g	200	640
Sourdough starter, g	10	-
Bran, g		150
Fish oil powder, g	-	20
Sourdough, g	-	400
Cooking salt, g	-	15
Water, g	190	400

Conclusion. The formulation of an exclusive dietary variety of bread based on natural sourdough is added, with the addition of bran and fish oil powder to varietal flour. Unlike a product prepared using single-celled fungi, sourdough bread contains many useful elements, does not harm the beneficial intestinal microflora, and is recommended as one of the means for the prevention and treatment of cancer. The enrichment of wheat yeast-free bran and omega-3 fatty acids will favorably affect the work of all body systems and the general condition of a person.

REFERENCES

1. Yeast - a dangerous biological weapon [Electronic resource]. - Access mode: <http://ruslekar.info/Drozhzhi-opasnoe-biologicheskoe-oruzhie-1331.html> (Accessed 20 December 2019)
2. What is the harm of yeast to the body? [Electronic resource]. - Access mode: 1. <http://fb.ru/article/296194/v-chem-zaklyuchaetsya-vred-drojzey-dlya-organizma> (Accessed 20 December 2019)
3. The study of the influence of wheat bran on the quality of bread of high nutritional value [Electronic resource]. - Access mode: http://elib.altstu.ru/elib/books/Files/pv2011_03_02/pdf/141koneva.pdf (Accessed 20 December 2019)
4. Omega-3, omega-6, omega-9: what are fatty acids and why are they needed [Electronic resource]. - Access mode: <https://med.vesti.ru/articles/pitanie-i-zozh/omega-3-omega-6-omega-9-hto-takoe-zhirnye-kisloty-i-zachem-oni-nuzhny> (Accessed 20 December 2019)
5. Swaminathan V., Lepkoswka-White E., Rao B.P. Browsers or buyers in cyberspace? An investigation of electronic factors influencing electronic exchange. Journal of Computer-Mediated Communication, 1999, vol. 5, no. 2. Available at: <http://www.ascusc.org/jcmc/vol5/issue2/>

Material received 29.05.20.

Б. Аманжол, А.М. Саидов

*Костанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова,
г. Костанай, Казахстан*

РАЗРАБОТКА РЕЦЕПТУРЫ УНИВЕРСАЛЬНОГО БЕЗДРОЖЖЕВОГО ХЛЕБА, ОБОГАЩЕННОГО ОМЕГА-3 ЖИРНЫМИ КИСЛОТАМИ

В статье отражены результаты исследования по разработке рецептуры универсального бездрожжевого хлеба повышенной пищевой ценности. Перечислены основные недостатки и вредное воздействие на организм человека дрожжевого хлеба. Предложен хлеб на натуральной закваске, рекомендуемый как одно из средств профилактики и лечения онкозаболеваний. Также предложен способ повышения пищевой ценности хлеба путем введения в рецептуру пшеничных отрубей и порошка рыбного жира. Обозначено, что клетчатка, жизненно необходима кишечнику для поддержания качественной микрофлоры и служит «губкой», очищающей органы пищеварения от шлаков. Отмечено, что человек испытывает острый дефицит в Омега-3 полиненасыщенных жирных кислотах, которые служат великолепной профилактикой сердечно-сосудистых заболеваний. Предложена рецептура бездрожжевого хлеба повышенной пищевой ценности, обогащенного Омега 3 полиненасыщенными жирными кислотами.

Ключевые слова: дрожжи, закваска, пшеничные отруби, пищевые волокна, порошок рыбного жира.

Б. Аманжол, А.М. Саидов

*А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Қостанай қ., Қазақстан*

ОМЕГА-3 МАЙ ҚЫШҚЫЛДАРЫМЕН БАЙЫТЫЛҒАН АШЫТҚЫСЫЗ ӘМБЕБАП НАН РЕЦЕПТУРАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Мақалада тағамдық құндылығы жоғары ашытқысыз әмбебап нанның рецептурасын әзірлеу бойынша зерттеу нәтижелері көрсетілген. Ашытқы нанының негізгі кемшіліктері мен адам ағзасына зиянды әсерлері көрсетілген. Онкологиялық аурулардың алдын алу және емдеу құралдарының бірі ретінде табиғи ашытқы арқылы жасалған нан ұсынылған. Сондай-ақ, рецептураға бидай кебегі мен балық майы ұнтағын енгізу арқылы нанның тағамдық құндылығын арттыру тәсілі ұсынылды. Клетчатка сапалы микрофлораны қолдау үшін ішекке қажет және асқорыту органдарын шлактан тазалайтын "сорғыш" ретінде қызмет ететіні ескерілген. Омега-3 полиқанықпаған май қышқылдары жүрек-қантамыр ауруларының алдын алатыны айтылған. Омега 3 полиқанықпаған май қышқылдарымен байытылған тағамдық құндылығы жоғары ашытқысыз нанның рецептурасы ұсынылған.

Тірек сөздер: ашытқы, ашыту, бидай кебегі, тағамдық талшықтар, балық майы ұнтағы.

UDC 664.69

A.M. Saidov¹, L.A. Pavlova², K.E. Iskakov²

¹Senior Lecturer, ²Teacher of special disciplines

¹Kostanay State University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

²Kostanay High Polytechnic Colledge, Kostanay, Kazakhstan

E-mail: ¹muslim727@bk.ru, ²pavlovalub777@mail.ru, ³iskakov61@mail.ru

IMPROVING THE QUALITY OF PASTA PRODUCTS BY ADDING ASCORBIC ACID TO THE DOUGH

